

МОЛОДОЙ

ISSN 2072-0297

УЧЁНЫЙ

ежемесячный научный журнал



Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенатының депутаты
(1999-2005), (2005-2011)



Қызылорда қаласының әкімі
(1996-1999)



«Болашақ» университетінің
негізін қалаушы



«Болашақ» медицина колледжінің
негізін қалаушы



19.2
2015

ISSN 2072-0297

Молодой учёный

Научный журнал

Выходит два раза в месяц

№ 19.2 (99.2) / 2015

Спецвыпуск

«Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі, Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бақберген Сәрсенұлы Досманбетовтың 70 жылдық мерейтойына арналған нөмір

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор: Ахметова Галия Дуфаровна, доктор филологических наук

Члены редакционной коллегии:

Ахметова Мария Николаевна, доктор педагогических наук

Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук

Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук

Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук

Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук

Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук

Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук

Айдаров Оразхан Турсункожаевич, кандидат географических наук

Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук

Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук

Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук

Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук

Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук

Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук

Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук

Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук

Жураев Хусниддин Олтинбоевич, кандидат педагогических наук

Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения

Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук

Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук

Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук

Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук

Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук

Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук

Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук

Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук

Матусевич Марина Степановна, кандидат педагогических наук

Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук

Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук

Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук

Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук

Сенцов Аркадий Эдуардович, кандидат политических наук

Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук

Титова Елена Ивановна, кандидат педагогических наук

Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук

Фозилов Садриддин Файзуллаевич, кандидат химических наук

Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук

Ячинова Светлана Николаевна, кандидат педагогических наук

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231. E-mail: info@moluch.ru; <http://www.moluch.ru/>.

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый»

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 25

Журнал зарегистрирован Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций.

Свидетельство о регистрации средства массовой информации ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г.

Журнал входит в систему РИНЦ (Российский индекс научного цитирования) на платформе elibrary.ru.

Журнал включен в международный каталог периодических изданий «Ulrich's Periodicals Directory».

Ответственные редакторы:

Кайнова Галина Анатольевна

Осянина Екатерина Игоревна

Международный редакционный совет:

Айрян Заруи Геворковна, *кандидат филологических наук, доцент (Армения)*

Арошидзе Паата Леонидович, *доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)*

Атаев Загир Вагитович, *кандидат географических наук, профессор (Россия)*

Бидова Бэла Бертовна, *доктор юридических наук, доцент (Россия)*

Борисов Вячеслав Викторович, *доктор педагогических наук, профессор (Украина)*

Велковска Гена Цветкова, *доктор экономических наук, доцент (Болгария)*

Гайич Тамара, *доктор экономических наук (Сербия)*

Данатаров Агахан, *кандидат технических наук (Туркменистан)*

Данилов Александр Максимович, *доктор технических наук, профессор (Россия)*

Демидов Алексей Александрович, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Досманбетова Зейнегуль Рамазановна, *доктор философии (PhD) по филологическим наукам (Казахстан)*

Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, *доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)*

Жолдошев Сапарбай Тезекбаевич, *доктор медицинских наук, профессор (Кыргызстан)*

Игисинов Нурбек Сагинбекович, *доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)*

Кадыров Кутлуг-Бек Бекмурадович, *кандидат педагогических наук, заместитель директора (Узбекистан)*

Кайгородов Иван Борисович, *кандидат физико-математических наук (Бразилия)*

Каленский Александр Васильевич, *доктор физико-математических наук, профессор (Россия)*

Козырева Ольга Анатольевна, *кандидат педагогических наук, доцент (Россия)*

Колпак Евгений Петрович, *доктор физико-математических наук, профессор (Россия)*

Куташов Вячеслав Анатольевич, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Лю Цзюань, *доктор филологических наук, профессор (Китай)*

Малес Людмила Владимировна, *доктор социологических наук, доцент (Украина)*

Нагервадзе Марина Алиевна, *доктор биологических наук, профессор (Грузия)*

Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, *кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)*

Прокопьев Николай Яковлевич, *доктор медицинских наук, профессор (Россия)*

Прокофьева Марина Анатольевна, *кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)*

Рахматуллин Рафаэль Юсупович, *доктор философских наук, профессор (Россия)*

Ребезов Максим Борисович, *доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)*

Сорока Юлия Георгиевна, *доктор социологических наук, доцент (Украина)*

Узаков Гулом Норбоевич, *кандидат технических наук, доцент (Узбекистан)*

Хоналиев Назарали Хоналиевич, *доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)*

Хоссейни Амир, *доктор филологических наук (Иран)*

Шарипов Аскар Калиевич, *доктор экономических наук, доцент (Казахстан)*

Художник: Шишков Евгений Анатольевич

Верстка: Голубцов Максим Владимирович

На обложке изображен Бакберген Сарсенович Досманбетов — научный руководитель университета «Болашак», член-корреспондент Национальной академии наук Республики Казахстан, доктор экономических наук, профессор.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются. За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы. Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов. При перепечатке ссылка на журнал обязательна. Материалы публикуются в авторской редакции.

СОДЕРЖАНИЕ

Досманбетов Б. С. Түркі халықтарының қалыптасуы.....	1
Қыпшақбаев Қ. З. Аға туралы толғау.....	6

ХИМИЯ

Еспенбетова Ш. О., Алмаханова Ж. М. Химияның білім мазмұны, оның оқулықтағы көрінісі.....	9
---	---

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

Тохетова Л. А., Бекова М. К., Демесинова А. А., Ержанова Э. А. Комплексная оценка сортообразцов ячменя на устойчивость к стрессовым факторам Приаралья.....	11
---	----

ЭКОНОМИКА

Тажикова Ж. Ж., Календарова К. А. Сақтандырудың экономикалық және әлеуметтік негіздері.....	14
Ташмұхамедова Ж. Ш. Ортағасырлық ойшылдардың экономикалық көзқарастары	16

ГОСУДАРСТВО И ПРАВО

Серкебаев Д. Ж. Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату	18
--	----

ИСТОРИЯ

Ибраев Г. М. Возрождение современной России и Запад: различие взглядов и проблематика взаимоотношений.....	21
--	----

Қыпшақбаев Қ. З., Бакиева Л. Б. М. Шоқайдың шығармашылығы жөніндегі ізденістер	24
--	----

ПОЛИТОЛОГИЯ

Насимов М. О., Паридинова Б. Ж. 2015 жылғы кезектен тыс Президенттік сайлауында қолданылған саяси жарнама	27
---	----

ПЕДАГОГИКА

Абдраманова Г. Б., Ажмолдаева К. Б. Жарыс ойын түрлерін биология сабақтарында пайдалану	30
Әбенова Г. А. Сындарлы тарих сабағындағы интерактивті оқыту әдістері	32
Беркімбаева Г. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудағы бастауыш білім беру сатысындағы ұтымды оқыту	35
Боранбаев А. С. Экологизация как важная составляющая педагогики	37
Булебаева А. Б. Бастауыш сыныптың құзырлы мұғалімі — табысты оқытудағы түйінді тұлға	39
Жаксылыкова Г. Т. Формирование экономико-математической культуры как важного элемента модели компетентного ученика	42
Қалиев Ұ. К. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы диалогтық оқытудың жаңалығы.....	44
Мәрсәлі Р. Ө. Болашақ мамандарды даярлаудағы сындарлы сабақты жоспарлаудың түйінді мәселелері	46

Медеубаева Э. Ж.

Балалардың рухани үйлесімді дамуындағы мектеп пен ата-ана байланысын жақсарту жолдары49

Мыханова О. Ж.

Сындарлы оқыту теориясындағы диалогтік оқытудың орны50

Сарсембай А. Т.

Физика пәнін оқытудағы сындарлы оқыту теориясының басымдықтары52

Сматуллаева Б. З.

Ағылшын тілін оқыту мен оқуда талантты және дарынды балаларды анықтау тәсілдері.....54

Удербаета М. А.

Математика пәнін оқытуда сындарлы оқытуды қолдану арқылы дарындыбалаларды анықтау.... 57

Ф И Л О С О Ф И Я

Қалдыбай Қ. Қ., Абдрасилов Т. Қ.

Адам болмысының руханилық бастаулары: адами рух пен діннің арақатынасы.....60

П Р О Ч Е Е

Насимов М. О.

«Болашақ» университетіндегі халықаралық байланыстардың даму барысы63

Түркі халықтарының қалыптасуы

Досманбетов Бақберген Сәрсенұлы,

«Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,
экономика ғылымдарының докторы, профессор

Түркі халықтары — түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар. Түрік атауы — ежелгі атау. Алғаш рет біздің дәуіріміздің VI ғасырынан бастап белгілі бір тайпа тобына қатысты қытай жылнамаларында айтылады. Алайда, түріктер олардың этнонимі тарихта тіркелмеген заманға дейін де өмір сүрген.

Орта ғасырлық қытай жылнамалары бойынша, шығу тегі «варварлық» Солтүстік Вэй әулеті — Солтүстік Қытайда қоныстанған көшпелілердің арасынан шыққан. Осы көшпелі тайпалардың ішінде түріктер де болған. «Түркі» этнонимін бұдан да бұрынғы қытай дереккөздері хабарламаларымен де байланыстыруға болады. Б.д. 287 ж. «Цзинь әулетінің тарихында», бірқатар тайпалар тізбектеліп келтірілген, оның ішінде «аса қадірлі және күшті» деген ту-гэ тайпасы аталған. А. Н. Кононовтың айтуынша «түрік» сөзі «күшті», «мықты» дегенді білдіреді^{1,4}.

Тайпалық одақ этникалық біркелкі болмады: оған түріктер, монғолдар, угрлар (яғни мадьярлардың арғы аталары), хантылар және мансилер, сондай-ақ, палеоазиаттар кірді. Осы халықтардың тілдерінде түрік, монғол, сондай-ақ тунгус-маньчжур тілдерінің ұқсас қасиеттері бар, сондықтан оларды гипотезалық түрде алтайлық семья тобына біріктереді. Тілдердің ұқсастығы қандай да бір жағдайда халықтардың тағдырларының тарихи ұқсастығын бейнелейді.

Б.д. I мыңжылдығында түркілер Орта Азиядағы (орта азиялық түріктер) иран-тілдес халықтармен бірге араласа отырып, орта Азияға қоныстанды. Түріктердің алғашқы әйгілі мемлекеттік бірлестігі (V ғасырдан бастап Еуропада ғұн атауымен белгілі) Хунну ордасы болды. Олар хунн, угра, сармат және германдықтармен біріге отырып, қазіргі Францияның аумағына дейін жетті, бірақ оларды франктер жойып жіберді.

VI ғасырдан бастап Сырдарияның орта ағысындағы және Шу өзенінің бойындағы облыс Түркістан немесе Тұран деп атала бастады. Бұл топонимдердің негізінде Орталық Азиядағы ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі иран-тілдес халықтардың жалпы тайпалық атауы болып табылатын «түр» этнонимі жатыр. Мемлекеттің көшпелі түрі көптеген ғасырлар бойы азиялық жазықтарда билікті ұйымдастырудың басым нысаны болып табылды. Түріктерден басқа, монғолдарға да таралды. Көшпелі мемлекет бір-бірін алмастыра отырып, Еуразияда б.д. I мыңж. ортасынан XVII ғасырға дейін өмір сүрді.

552–745 жылдары Орта және Орталық Азияда ұйғырлар жойған Түрік қағанаты өмір сүрді. Түрік қағанаты

603 жылы екіге бөлінді: Батыс және Шығыс қағанаттары болып. Батыс қағанаттың құрамына (603–658) орта Азияның аумағы, қазіргі Қазақстанның жазық далалары және Шығыс Түркістан кірді. Шығыс қағанаты өзінің құрамына Монғолия аумағын, солтүстік Қытайды және оңтүстік Сібірді қосты. 658 жылы Батыс қағанат шығыс түріктерінің соққыларынан құлады. 698 ж. Солтүстік Кавказ, Еділ және солтүстік-шығыс Қара теңізі аумақтарында төргештердің тайпалық одағының көсемі Учәлик жаңа түрік мемлекетін — Төргеш қағанатын құрды (698–760). 972 жылы Киев князі Святославтың соңғы соққысының нәтижесінде Хазар қағанаты өмір сүруін тоқтатты.

V–VIII ғасырларда Еуропаға келген көшпелі түрік тайпалары — болгарлар бірқатар мемлекеттер құрды. VII ғасырда Балқанның шығысында Ұлы Болгарияны құрды. Болгарлардың өзге бөлігі Еділ, Кама өзендерінің бойында көшіп-қона жүріп, монғолдар бағындырған Еділ Болгариясын (X — XIII) құрды. IX ғасырдың екінші жартысында хазарлар ығыстырған печенегтер солтүстік Қара теңіз аймағына қоныстанып, Византия мен Ежелгі орыс мемлекетіне қауіп-қатер тудырды. 1019 жылы печенегтер ұлы князь Ярославтан жеңілді. XI ғасырда хазарлар оңтүстік орыс далаларында XIII ғасырда монғол-татарлар бағындырған және жойған қыпшақтарды алмастырды. Ғұндар да, хазарлар да, печенегтер де, өзге де тайпалық бірлестіктер де тек түрік болып қана қойған жоқ, олар өздеріне әр түрлі этникалық топтарды қосып алып отырды. Тамерлан XIV ғасырдың соңында Орта Азияда өз империясын құрды, бірақ ол империя ол қайтыс болған соң (1405 ж.) құлдыраған болатын.

Сонымен қатар б.д. I жарты мыңжылдығында жекелеген түрік топтары Кавказдың оңтүстік бөлігіне ене бастады, алайда бұл үдеріс өңірдің этникалық құрамын өзгертуге әкеп соқпады. Түріктер б.д. XI ғасырының ортасында ғана (салжұқтар) Алдыңғы Азия (Кавказдың оңтүстігі, Иран, Армения, Анатолия) аумағына жаппай қоныстана бастады.

Дала көшпелілері адамзат тарихы мен мәдениетінде парсылар мен гректерден немесе римдіктерден кем рөл атқарған жоқ. Олардың дүниежүзі тарихындағы рөлі әрбір халық секілді ерекше болды. Бұлар — өздерінің әлемдегі ең керемет жылқыларымен біртұтас болып келетін керемет салт аттылар мәдениетін құрды. Кейде олар аттың үстінде туылғандай және жерге ешқашан түспегендей көрінетін. Олар бірінші болып атқа міну мен аттан түсуді үйренді, олар ер-тоқымды және ат-әбзелдерін ойлап

шығарды, олар — озат садақшылар болды. Осылайша, олар ғасырлар бойы аттың үстінде, толығымен қаруланған жеңімпаздар атанды. Түркілер — бұл түркі-тілдес халықтар дегеннен де маңыздырақ.

Түркілер өздерінің дамуында әлемге өркениеттің жаңа деңгейін («темір») әкелді. Сонымен қатар, жауынгерлік бірлік деңгейіне дейін үйретілген жылқыны; иілген қылышты (тік қылышқа қарағанда жақыннан ұрысудың аса тиімді қаруы); ірі бірақ жеңіл (үшпа) атты жасақты және оның қолдану стратегиясы мен жаңа әдісін; жаяу және атты ұрысты жүргізуге бейімделген киімдерді әкелді. Бұлар сол заманның ең озық ғылыми-техникалық өрлеу деңгейінің айқын белгісі болатын.

1220—40 жылдардағы шығыс Еуропаға бағытталған монғол-татар шапқыншылығы көшпелілердің жаппай қозғалысына әкеп соқтырды. Еуразиялық жазық далаларда (Алтайдан Карпатқа дейін созылған монғол кезеңіне дейінгі Дешті-Қыпшақ атауымен белгілі болған қыпшақ даласы) қыпшақтар талқандалды; 1236 жылы Еділ Болгариясы жаулап алынды. 1240-шы жылдардың басында Алтын Орда құрылды, оның құрамына Хорезм, Солтүстік Кавказ, Қырым, Еділ Болгариясы, Орал, Батыс Сібір енді. Халықтың басым бөлігін тілі мемлекеттік тіл болған қыпшақтар құрады. Сол заманда кейінгі-алтынордалықтар бірлестігі қалыптасты — Астрахандық, Қазандық, Қырымдық, Сібір хандығы, Ноғай Ордасы; 15 ғасырдың соңында және 16 ғасырдың басында Қазақ хандығы (қазақтардың құрамында тарихи түрде қалыптасқан Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) және Өзбек хандығы құрылды. Олардың халқы әр түрлі түркі-тілдес тайпалардан (ноғайлар, қыпшақтар, башқұрлар, қазақтар) және халықтардан (қазан татарлары, чуваштар), сондай-ақ фин-угрлардан (мордва, марийліктер, үдмұрттар, ханты, манси) құралды. Хандықтар өмір сүрген кезеңдерде түркі халықтарының өзге жұртқа кірігулері де қоса орын алды. Мәселен, 16 ғасырдың ортасында Еділ мен Оралдың бойындағы түркі халықтары Орыс мемлекетінің құрамына кірсе, Сібірдің түркі халықтары — 17 ғасырда, Кавказ, Қазақстан және Орта Азия халықтары — 18 және 19 ғасырларда қосылды.

Түркі халқының шығу тегі мен салт-дәстүрлері ғылымда аз зерттелген мәселе. Сосын бұл тақырыптың толық зерттелмегендігі сол кездегі ғылыми базаның әлсіздігінен ғана болған жоқ. Бұл, сонымен қатар, оған көптеген ғалымдардың біржақты қарауымен де тікелей байланысты болды. Тек екі мысал келтірейік²: 1960 ж. археолог С.С. Черников Мәскеуде «Қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан» атты қызықты кітабын шығарды, ол табылған археологиялық материалға сүйене отырып, «басқаларға жақпайтын» пікірлер айтты. Мысалы, иран-тілдес деп саналатын андронов мәдениетінің иелерін ол түркі халқының арғы аталары деп әділ атады. Сол-ақ мұң екен, иран-тілдес андроновтар туралы пікірді жақтаушы кейбір археологтар С.С. Черниковты бірден қатаң сынға ала бастады. Көпшіліктің құрметіне ие болған және әйгілі ғалым О.О. Сулейменовтың «Аз и Я» (Алма-Ата,

1975) атты кітабы да қатты соққыға тап болды. Себебі әлгі шығармада дүниежүзілік мәдениеттің дамуында түркі халқының прогрессивті рөлі объективті түрде көрсетілген болатын. Ал КСРО ғылым Академиясының басшылығы болса, жазықсыз шығарманы әділетсіз және зиянды деп танып, оны да айналымнан алып тастаған болатын. Алайда мұндай шаралардың жоғарыдан келген бұйрық бойынша орындалатыны ешкімге де құпия емес еді.

Халықтың өткен тарихын білместен, әсіресе, олардың этногенезін білместен, олардың бүгінгі тарихын ұғыну мүмкін емес. Ендігі әңгіменің арқауы да сол туралы болмақ.

Түркі тайпалары мен халықтары туралы көптеген ежелгі және орта ғасыр тарихшылары көп мұра жазып қалдырған. Олардың ішінен, әсіресе, Гекатей, Гесиод, Геродот, Страбон, Плиний, Помпоний Мела, Птолемей, Мовеев Хоренаци, VIII ғасырдағы «Армян географиясының» авторы Ананий Ширакаци, Ибн ал-Асир, Рашид ад-Дин, Хордадбех, Абу-л-Фида Ибн Хаукаль сынды ғалымдарды атауға болады. Алайда түркі халықтарының тарихы бойынша алғашқы ғылыми зерттеме болып, 1713—1722 жж. Сібірде қызмет еткен швед офицері Ф.И. Табберт-Страленберттің ғылыми еңбектері саналады. Ол түркі халықтарының шығу тегіне қатысты Алтай теориясын құрушылардың бірі болды (Кляшторный, 1964, с.5)². Страленберг былай деп жазады: «Геродот уақытында өмір сүрген Азиядан Еуропаға қоныс аударғандарды алғашқы сақтардың арғы аталары деп ойлауымыз мүмкін бе» Страленберг, 1888, с. 3—4)³.

XVIII ғ. түркі халқының этнографиясы мен тарихын зерттеуде көптеген түркі халқының салт-тұрмысы, діні, тілі және әдет-ғұрыпы туралы құнды мәліметтер қалдырған атақты шығыстанушы саяхатшылар И.А. Гюльденштедт, П.С. Паллас, Г.Ю. Клапрот өз үлестерін қосты.

Венгрлердің ежелгі тарихы мен этногенезін зерттеумен айналысқан атақты венгр ғалымы Жан-Шарль де Бесс (Беш) қарашай-балқарлар және венгрлер ортақ бір ұрпақтан таралған деп санады. Француз тілінде Парижде жарық көрген өзінің «1829—1830 жж. Қырымға, Кавказға, Грузияға, Арменияға, Кіші Азияға және Константинопольға саяхат»⁴ атты кітабында ол былай деп жазды: «Ешбір өзге ұлт қарашай және диғорлар секілді венгрлерге ұқсамайды».

Әлемге әйгілі түркітанушы ғалымдардың және бір тобы осы жердегі өңірлерімен жалғасып жатқан Еділ-Орал өзенаралығын түркі тайпаларының атажұрты деп санайды. Алтай, оңтүстік Сібір және Байқал өзенінің бойы олардың екінші атажұрты болуы мүмкін, олар ол жерден қайтадан Еуропаға және Батыс Азияға қарай бет алған — деп санайды.

Академик Э.И. Эйхвальд⁵ біздің дәуірімізге дейін түркі тайпалары Еуропада өмір сүрді деген тұжырымды алғаш рет ғылыми тұрғыдан негіздеді. Ол былай деп жазды: «Сақтарға әр түрлі түрік ұрпақтарын қоса есептеу сирек емес ... Сақтар деп түрік тайпаларын пайымдаудың да сансыз дәлелдері бар... Геродот Тюррагеттер мен Түрік-

терді атап өтеді. (кн. IV, 21) ... Днестрдің жоғарғы сағасына Геродот аң аулаумен өмір сүретін түріктерді орналастырады... Тирас немесе Тюрас (Днестр) түріктерде әлі күнге дейін Тур... деп аталады. Барлық басылымдарды түріктер деп жазудың орнына иурки-юрки атауы жазылады... Түрік тайпалары туралы Страбон, Плиний және Помпоний Мела да айтып өткен».

Осы пікірлерді орыс академигі А.Н. Аристов⁶ та ұстанды, ол былай деп атап көрсетті: «Көптеген жаңа зерттеушілердің пайымдауынша, өзге де авторлардың және Геродот сақтарының бір бөлігі түрік тайпасына жатуы әбден мүмкін» (Аристов, 1896, с. 400). XIX ғ. Сақтардың тілі мен мәдениетінің түрік сипаты туралы Эйхвальдтің, Аристов пен өзге де авторлардың пікірлері К. Лайпанов және И. Мизиев⁷, Лаппо-Данилевский, 1887, с. 361; Мищенко, 1884, с. 50 және келесі; Ямпольский, 1966, с. 62–64; 1970, с.10,13; 1971, с. 35–36; Мизиев, 1990, с. 55; 1991, с. 41–49 «Түрік халқының шығу тегі туралы» кітабының жаңа фактілерімен ортақтасып дәлелденеді. Сақтардың арасында түркі-тілдес тайпалардың болғаны туралы VI ғасырдың екінші жартысында «Тарих» бірінші орыс Геродот аудармашысы А. Лызлов⁸ жазды (Чистякова, 1961, с. 117 және келесі).

Бұл көзқарас төмендегіге негізделеді, барлық ежелгі грек және рим жазушылары — оның арасында Гомер, Гекатей, Эсхил, Пиндар, Геродот, Гиппократ, Страбон, Помпоний Мела, Плиний, Птолемей — бір ауыздан сақтар мен сарматтарды «қымыз ішетін бие сауушылар», «қымыздан ірімшік жасаушылар» және т.б. деп атады (Латышев, 1890, 1896, 1904, 1906). Бұл оларға ежелгі грек және латын дәстүрімен олармен алғаш танысуы кезінде берілген өзіндік этномәдени төлқұжаты болып саналды.

Бұл жайында атақты венгр түркітанушысы Юлиус Немет⁹ былай деп жазды: «Бізге мәлім болғандай түріктер өмір сүрген ежелгі аумақтар әдетте Орталық және Шығыс Азияға жатқызылады. Бұған қарсы пікір ретінде мен басқа өз болжамымды ұсынамын, тіл деректері бойынша, түріктердің қоныстанған ежелгі аумақтарын Батыс Азиядан іздеуіміз керек. Түрік тайпаларын оралдықтардан қашықтатудың қажеті жоқ және Орал тайпаларының алғашқы аумақтарын Орта немесе шығыс Азия аумақтарына жатқызуға еш негіз жоқ» (Немет, 1963, с. 127–428).

Осы тұжырымдаманы академик Немет 1912–1914 жылдары ежелгі уақыттан бері Шығыс Еуропаға қоныстанған венгрлердің, балқар, қарашайлардың, құмықтардың, татарлардың және өзге де бірқатар халықтардың тіл тарихын зерттегеннен кейін барып ұсынды (Немет, 1912).

Неметтің тұжырымдамасын: атақты поляк түркітанушысы А. Зайончковский, ресей ғалымы — тарихшы және лингвист — М. Ямпольский және антрополог В. П. Алексеев, әзірбайжан лингвист ғалымы М. Ш. Ширалиев, қазақ жазушысы әрі ғалым О. О. Сулейменов, археолог Э. Б. Вадецкая, ғалымдар И. Мизиев, К. Лайпанов та қолдайды. «Көп уақыттан бері түркі тілінің тарихы ор-

хон-енисей ескерткіштерінен басталады деп саналып келді, — деп жазады М. Ширалиев және С. Асадуллаев, себебі олар түрік тілінің ең ежелгі ескерткіштері болып саналды. Сондай-ақ, біздің дәуірімізге дейін және біздің дәуіріміздің басында ежелгі түрік тайпаларының Орал тауларымен Еуропаның батыс бөлігі аумақтарында қоныстанғаны мәлім»¹⁰. Сонымен қатар орхон жазбаларына дейін, б.д. I ғ. ғұндардың да өз руна жазуы болғанын ұмытпауымыз керек¹¹.

Соңғы уақыттарда антропологиялық және өзге де процестерді, тілдік, этникалық, тарихи құбылыстарды және фактілерді зерттеуге қатысты дәл ғылыми кадамдардан және ескі стереотиптерден кері шегіну үрдісі байқалады.

Ежелгі түріктердің Қара теңіз, Алдыңғы Азия және Кавказ аумақтарына қоныстану уақыты туралы маңызды ғылыми мәселені дарынды лингвист және тарихшы З.И. Ямпольский зерттеді. Ол өз зерттеулерінің қорытындысын 50–70—ші жылдары жариялады. Геродоттың, Помпония Мела, Плиний және Страбонның еңбектеріне арқа сүйей отырып, ол б.д. дейінгі V ғасырда, мүмкін одан да ертерек заманда аталған өңірлерде түркілердің өмір сүргенін дәлелдеді. Ғалым былай атап көрсетеді: түркілер және «түркі тектес тілдер» ежелгі уақыттан бері өмір сүрді. Сонымен қатар, ол И. М. Сеченовтың айтқан тұжырымына арқа сүйеді, яғни Азияның көптеген түркілеріне тән болып келетін қос еселенген жоғарғы қабақ «ана құрсағында өмір сүрген барлық адамзатта бар және осындай қабағы бар антропологиялық тұрпат алғашқы түр-сипат болды деп болжады». Әзірбайжан халқының және барлық батыс түріктердің этногенезін зерттеуде ғалымдар С.С. Али-яров (1984), Г.А. Гейбуллаев (1986, 1951), Ю.Р. Джафаров (1985) және басқалар салмақты үлес қосты, олар Батыс Азияда және Шығыс Еуропада түркілердің біздің дәуірімізге дейін өмір сүргенін және осы өңірлердің дамуына белсене қатысқанын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Қазіргі таңда көптеген түркітанушылар түріктердің атажұртын Алтай, оңтүстік Сібір және Байкал маңы деп санауға бейім. Атақты түркітанушы ғалымдар Лайпанов К., Мизиев И. олардың алғашқы отаны Еділ-Орал өңірі, әрі Азия мен Еуропа өңірлеріне түрік тайпалары б.д. дейінгі IV ғ. III мыңжылдығында қоныстанды деп санайды.

Еділ-Орал өңірі, әсіресе, оның жазық және орманды жазық жерлері ол жерге қоныстанған халықтар үшін қолайлы болды. Бұл жерде мал жаю үшін керемет жайылымдар, жабайы аңдар мен құстарға толы ормандар, балығы мол өзендер мен көлдері, пайдалы қазба кендері жеткілікті болды. Дәл осы Орал Алтай, Оңтүстік Сібір және Кавказбен теңдесе отырып, (Қарашайдағы Кубань сағасындағы металлургия ошағы), металлургияның алғашқы орталығына айналды, Орал өңірі онымен көршілес жатқан аудандардың шаруашылығының дамуы үшін өте қолайлы жағдай туғызды.

Бұл өңір адамдар б.д. дейінгі XIII мыңжылдықтан бастап жабайы жануарларды қолға үйрете бастаған өңірлердің бірі болатын. Әсіресе, Оралдың, Еділдің, Солтүстік Каспийдің, Солтүстік Қара теңіздің, Солтүстік Кавказдың

жазық және орманды жазық аймақтарында, сондай-ақ Қазақстан мен Түрікменстан жазықтарында б.д. дейінгі IV мыңжылдықта жабайы жылқыларды қолға үйрету аса маңызды болды. Ол мәдениеттің әлемнің өзге аймақтарына дәл осы жерден тарағанын ғалымдар анықтады. Әлемнің ең озық егіншілік өңірінде — Алдыңғы Азияда жылқы шамамен б.д. дейінгі II мыңжылдықта пайда болды. Салт атпен жолаушылауға және жегулі аттармен үлкен қашықтықтарды басып өтуге мүмкіндік туды. Бұл мал өсіруші көшпелілер мен сарбаздар үшін аса маңызды болды. Ежелгі түріктер осылайша өмір сүрді¹².

Еділ-Орал өңірінің жылдам дамуына төмендегі географиялық факторлар да ықпал етті: бұл өңір Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан, ол арқылы мыңдаған жылдар бойы батыстан шығысқа қарай, солтүстіктен оңтүстікке қарай және өзге де бағыттарда көптеген тайпалар жүріп өткен. Бұл жерде түріктердің арғы аталарымен қатар фин-угор және олардан да қашық өзге халықтар бір-бірімен араласқан. Онда әр түрлі салт-дәстүрлер тоғысып, бұл өңір әр түрлі мәдени орталарды байланыстырған аймаққа айналған. Археологтардың пікірінше, бұл жерде Қара теңізден, Днепрден, солтүстік Кавказдан, Каспийден, Аралдан, Қазақстаннан және батыс Сібірден келген халықтар қоныстанған. Осы өңірден тайпалардың кері қоныс аударуы да аса маңызды рөл атқарған¹³. Қоныстанған елді мекендердің кіші-гірім ғана ауқымына қарай, адамдар жылжымалы, көшпелі өмір сүрген деп болжауға болады. Олар үңгірлерде, күркелерде, жылытылған жеркепелерде және кейінірек киіз үйлерге ұқсас жартылай жеркепелерде мекендеген¹⁴. Оңтүстік Орал мәдениетінің шекарасы оңтүстікте қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан аумағында бауырлас мәдениеттің таралу аумағымен тоғысты, шығысында оның шекарасы Батыс Сібірдегі Тобыл өзенінің бойымен өтті¹⁴. Археолог Г. Н. Матюшинның¹⁵ пікірінше, мезолит дәуірінде Орал жотасының екі тарапы бойынша шығу тегі әр түрлі, көптеген ғасырлар бойы дамудың ұзақ жолын бірге жүріп өткен халықтардың екі тобы дамыды.

Археолог Г. Ф. Коробова өзінің «Орта Азия және Қазақстан мезолиті» атты қорытынды мақаласында мынадай тұжырымға келді: Шығыс Еуропаның, Батыс Сібірдің және Орта Азияның мезолиттік мәдениеттері бір-біріне ұқсас, тек әр түрлі нұсқаларды қамтиды. Оның пікірінше, осы бір жоғарғы мәдениет аталмыш өңірлерге Алдыңғы Азиядан келді деп қорытынды жасаушы ғалымдар қателеседі.

Түріктердің және фин-угрлардың алыс арғы — аталарының Еділ-Оралда бірнеше ғасырлар бойы біріге өмір сүргенін мойындай отырып, осы өңірдің жазық және орманды жазық аймағында алғаш мекендеген халықтардың басым көпшілігі түркілер болған деп болжаймыз. Бұл болжамды осылай қоюмызға бізге төмендегі даусыз фактілер мүмкіндік береді. Еділ-Оралдың этномәдени элементтерінің «Ежелгі ям» кешені ХҮІ—ХҮІІІ ғғ. дейін Еуразияның барлық түркі-тілдес халықтарының тұр-

мысында және мәдениетінде еш өзгеріссіз сақталған. Осы бір айрықша қасиеттердің ішінен мыналарды да атап өтуге болады: 1) қорған үйіндісі; 2) денені (мәйітті) серіппесіз арбаларға, ағаш астауларға, қималарға салып көму; 3) мазардағы киізден жасалған немесе қамыстан жасалған төсеніштер; 4) марқұмды құрбандыққа шалған жылқылармен немесе қойлармен қоса шығарып салу; 5) жылжымалы мал шаруашылығына негізделген тұрмыс; 6) тағамға жылқы еті мен қымызды пайдалану; 7) киізден жасалған уақытша үйлер — тұрақтар. Сипатталған этномәдени құндылықтардың талдауы еуразиялық тайпалар мен халықтардың тарихы мен мәдениетіне кең көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, Тарихи-археологиялық зерттеулер мынаны көрсетеді: б.д. дейінгі IV ғасырдың басындағы III мыңжылдықта мал шаруашылығымен айналысқан тайпалардың қоныстанған аумағы олардың малдарының көбеюімен және мал жаюға арналған жайылымдарының ұлғаюымен бірге кеңейіп отырған. Шығыстағы Ембіден, батыстағы Днестрге дейінгі ірі кеңістікте ежелгі-ям атауына ие болған мәдени-тарихи орта қалыптасты. Кең алқапты қамтыған бұл тарихи-мәдени ортаның шеңбері ұлғая келе, егіншілікпен айналысатын үш іргелі орталықтармен (Еуропа, Алдыңғы Азия және Орта Азия) тоғысты. Осы сәттен бастап аталмыш алпауыт кеңістіктер онда қоныстанған тайпаларды ажыратушы фактордан гөрі біріктіруші факторға айналды.

Бұл кеңістіктер өз кезегінде мал шаруашылығымен айналысатын ірі құрылымдардың қалыптасуына және кәсіптердің алмасуына маңызды ықпал етті. Сөйтіп, ежелгі тайпалардың араласу және қоныстану процесін жеңілдетті. Сондай-ақ, мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың өзара және өзге жерлердегі егін шаруашылығын кәсіп еткен басқа тайпалармен тоғысуы ежелгі көшпелі және отырықшы тайпалардың экономикалық және мәдени жетістіктерінің жылдам таралуына зор мүмкіндіктер ашты. Демек, жаңа және ежелгі мәдени-тарихи ошақтар мен билік форматтарының тоғысуы жазық кеңістіктерді кеңінен игерудің алғашқы қадамдарын қалыптастырып қана қоймай, ондағы экономиканың өндіруші нысандарының жылдам таралуына да үлкен жол ашып, мал шаруашылығымен айналысу және ол шаруашылықты жүргізудің жылжымалы немесе көшпелі нысандарын дамытты.

Осындай ірі кеңістіктерде ежелгі көшпелілердің мәдениеті біркелкі болып қала алмады. Үнемі жылжып отыруларына байланысты, басқа көшпелілермен араласып, өзге тайпалардың экономикалық және мәдени жетістіктерімен бөлісе отырып дамуға бет алды.

Еділ-Оралдың ежелгі көшпелі тайпалары, негізінен, еуропатектес болды, бірақ олардың арасында монғолтектес, дәлірек айтқанда, лапанойдтектес сипаты барлар да кездесті (Герасимов, 1955). Ежелгі-ям мәдениетін тасымалдаушылар, яғни ежелгі қой шаруашылығымен айналысатын көшпелілер IV ғ. соңында — б.д.дейінгі III мыңжылдықтың басында — Еділ-Орал ошағынан сол-

түстікке қарай угр-фин тайпаларының ортасына таралды. Олар бұл аймақтағы байырғы халықпен тығыз байланысқа түсті. Біз бұл үдерісі фин-угрлардың жаппай түркіленуінің басы деп білеміз.

Ежелгі қорған мәдениетінің иегерлері үйреншікті ошақтарынан батысқа қарай тарап, кейін пайда болған триполдық мәдениет ошақтарының тайпаларымен араласты. Бұл үдеріс түркіленудің және түркі мәдениеті элементтерінің солтүстік Қаратеңіз жазықтарындағы православ тайпаларының ортасына енуімен сипатталады.

Оңтүстік-батысқа қарай көшкен көшпелілер Кавказдың ежелгі тайпаларымен тығыз байланысқа түсті. Олар осы жерден қазіргі Әзірбайжан, Армения, Алдыңғы және Кіші Азия аумақтарына еніп, егіншілікпен айналысатын ежелгі отырықшы тайпалармен тығыз байланысқа түсті. Олардың кейбірі енді егіншілікпен айналыса бастады, кейбірі көшпелілермен бірге отарлап мал өсірумен айналысты.

Шығысқа қарай көшкен кезінде ежелгі ямдықтар сары нәсілді тайпаларымен араласты, олардың басым бөлігі монғолтекес сипаттарға ие бола бастады. Саян-Алтайдың таулы жазықтарында, Орта Азия мен Қазақстанда олар түркі халқының негізгі компоненттерін — қазақтар, қырғыздар, хакастар, алтайлықтар, тувалықтар, ұйғырлар, якуттар, өзбектер, түрікмендер және басқаларды топтастырды. Түрікменстанның оңтүстігі, Арал алқаптары арқылы ежелгі көшпелілер Солтүстік Иранға және Ауғанстанға еніп, ол аймақтарда да егіншілікпен айналысатын ежелгі тайпалармен араласты. Батыс және оңтүстік-батыс бағыттарға қоныстанған ежелгі ямдықтар өздерінің еуропатекес болмыстарын сақтай отырып, ежелгі екавказ болгарлары, қарашайлықтар, балқарлар, құмықтар, әзербайжандар, түрік османдары және басқалардың этногенезін қалыптастырған үдерістің негізгі құрамдас элементі болды. Ежелгі ямдықтардың басым бөлігі ежелгі атажұртта қалғаны сөзсіз. Олар еділдік түркі-тілдес халықтардың — татарлар, башқұрлар және чуваштардың — қалыптасуына ықпал етті.

Батыста шығыс тайпаларының қарама-қарсы қозғалысымен соқтығысқан ежелгі ататүрік тайпалары Орта Азияға, Алтайдың таулы бөктеріне, Саянға, Байкалға қайтадан, кері қарай Шығыс Еуропа алқаптарына жылжуға мәжбүр болды. Ежелгі ескерткіштер мен ежелгі атажұртына деген ұмтылыс ежелгі болгарлар мен хазарларды Еділ мен Оралдың алқаптарына бірнеше мәрте кері қайтуға мәжбүрледі. Біздің зерттемелерімізше, Алтай, оңтүстік Сібір, Байкал — ежелгі түрік тайпаларының екінші атажұрты. Осы жерден олар біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырынан бастап Еуропаға толқын толқынымен ағылып отырған.

Еділ-Оралдың ежелгі ямдарының мәдениетінің көршілес тайпалардың мәдениетіне ықпал ету іздерін М.П. Грязнова, О.А. Кривцовой-Граковой, С.В. Киселева, Н.Я. Мерперта, А.Х. Халикова, Н.Л. Членовой, К.А. Акишева, И.И. Артеменко және өзге де археологтардың зерттемелері анықтады. Сонымен, Н.Л. Члено-

ваның¹³ пікірінше, алғашқы отаны Еділ-Орал өңірі болған археологиялық мәдениеттің белсенді байланыстары көптеген ғасырлар бойы ірі аумақта өмір сүрді.

Зерттеушілердің басым бөлігі түріктердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейін төмендетіп көрсетеді, дүниежүзілік өркениетке олардың қосқан үлестерін теріске шығарады. Олар түріктерді өрлеудің құрушылары емес, керісінше, оның бұзушылары деп көрсетуге тырысады. Қазақстанның, Орта Азияның және Алтайдың, Сібірдің түркітілдес тайпаларының барлық мәдениетін жақтаушылар осы көзқарас тұрғысынан, барлығын да иран тайпаларының мәдениеті ретінде ұсынады. Тіптен, «Қазақстан мен Орта Азияның тарихи этнографиясы» атты оқу әдістемесінде¹⁶ қазақ халқы мен Орта Азия халықтарының тарихы бұрмаланған. Бұл әдістемеде автор С. Поляков Қазақстан мен Орта Азияның ежелгі тұрғындарының иран-тілдес екендігі туралы шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тұжырымдамасын көлденең тартады. Оның пікірінше, түріктер бұл жерге Шығыстан жақында ғана келген-міс. Кейбір ғалымдардың б.д. дейінгі I мыңжылдықта Қазақстанда және Орта Азияда өмір сүрген сақтар түріктер болды деген тұжырымына С.П. Поляков сыни көзбен қарайды.

Түркі-тілдес халықтардың ежелгі дәстүрлі мәдениеті, ең алдымен, көшпелі мал шаруашылығымен байланысты болды. «Халықтардың ұлы көші» дәуірінде батысқа қарай өз қозғалысын бастай отырып, түркітілдес халықтар (хазарлар, печенегтер, қыпшақтар және басқалар) Қазақстанның жазық кеңістіктеріне және үндіеуропалық семьядағы халықтар секілді солтүстік Индиядан Скандинавияға дейін қатар қоныстанған. Алайда кейінгі ғасырларда көптеген түркі-тілдес халықтар тарих сахнасынан жойылып кеткен немесе егінші-славяндардың отарлау ағынының салдарынан кері шегінген. Сондықтан XIX ғ. соңында түркітілдес халықтар үлкен кеңістіктерде өмір сүрсе де, (батыста Қара теңізден Орта Еділге дейін, оңтүстік-шығысында Алтайға дейін, шығысында Чукоткаға дейін), Қазақстан мен Орта Азияны қоспағанда, аталған кеңістіктің жекелеген немесе шағын аймақтарын ғана мекендеген.

Біздің заманымызда жаһандану мен өзге халықтармен кірігу процесі бүгінгі Түркия түріктерін ата қоныстарынан тыс жерлерге ауысып, кеңінен таралуына мүмкіндік ашты. Олар қазіргі кезде әр түрлі құрлықтарда — Еуразияда, Солтүстік Америкада, Австралияда — өмір сүреді.

Антропологиялық тұрғыдан, замануи түркітекес халықтар екі ірі нәсілге бөлінеді. Олар — монғолтекес және еуропатекес нәсілдер. Алайда аралық өтпелі түрлері де кең таралған. Мәселен, монғолтекестерге якуттар, хакастар, тувалықтар, том татарлары, алтайлықтар және басқалар жатса, еуропатекестерге әзірбайжандар, балқарлар, гагауздар, қарашайлар, құмықтар, түріктер және басқалар жатады. Сонымен қатар, аралас туранойд текес түс-әлпет (мұнда монғолтекес белгілер еуропатекес белгілерден шамамен 60%-40% басымырақ келеді), қазақтарға, ноғайларға және қарақалпақтарға тән.

Әдебиет:

1. Кононов, А. Н. Опыт анализа термина турк // Советская этнография. — 1949. — № 1.
2. Кляшторный, С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. 1964, с. 5.
3. Филипп Иоганн фон Страленберг. Историческое и географическое описание северной и восточной частей Европы и Азии. 1988, с 3–4.
4. Жан-Шарль де Бесс (Беш) Путешествие в Крым, на Кавказ, в Грузию, Армению, Малую Азию и в Константинополь в 1829–1830 гг, Париж, с. 333.
5. Эйхвольд, Э. И. Палеонтология России. Древний период. Изд-во Р. Голике, 1961.
6. Аристов, А. Н. 1896, с. 400.
7. Лайпанов, К. Т., Мизиев И. М. О происхождении тюркских народов. М. 1993, с.6.
8. Лызлов, А. И. Скифская история, Отв. ред. Е. В. Чистякова, М.: Наука, 1990. — с. 520.
9. Немет Юмус 1963, с. 127, 428.
10. Ширалиев, Асадуллаев 1970, с. 8.
11. Сарткожаулы Каржаубай 1991, с. 440–441.
12. Кыдырнязов, М. Ш. Материальная культура в XIII–XIV вв. 1989.
13. Членова, Н. Л. О культуре бронзовой эпохи. М., 1955, — с. 38–57.
14. Рыбакова, Б. А. Мезолит 1989, с. 91–92 (144, 146, 147).
15. Матюшин, Г. Н. Мезолит Западного Зауралья. 1989, с. 144, 146–147.
16. Поляков, С. П. Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. М., 1980.

Аға туралы толғау

Қыпшақбаев Қанат Зейноллаұлы, педагогика ғылымдарының магистрі
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Бақберген Сәрсенұлы Досманбетов 1945 жылдың 21 қыркүйегінде Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Диірментөбе темір жол бекетінде туған.

Мәскеу инженер-экономикалық институтының (қазіргі аты — басқару университеті) құрылыс және қала шаруашылығының экономикасы, оны басқаруды ұйымдастыру факультетін, оның аспирантурасын бітірген. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Еліміздің экономика ғылымының теориясы мен халық шаруашылығы практикасына ғылыми зерттеулерді енгізуге елеулі үлес қосқан экономист-ғалым. Зерттеулерінің негізгі бағыттары — құрылыстың экономикасы, демографиясы, статистика, еңбек, әлеуметтік проблемалар. 100-ден аса ғылыми жарияланымның, оның ішінде 10 монографиялық еңбектің авторы.

Ғылыми, педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен тікелей байланысты. Аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, проректор, ректор қызметтерін атқарған. Он бес кандидаттық, үш докторлық диссертация қорғаушыларға ғылыми жетекшілік етті.

1996–1999 жылдары Қызылорда қаласының әкімі — арнайы экономикалық аймақ Әкімшілік кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының (ЕҚЫҰ) Парламентаралық Ассамблеясының 12 жылдан бері тұрақты мүшесі. 2010 жылы Аста-

нада өткен ЕҚЫҰ VII Саммитіне Қазақстан делегациясы құрамында қатысты.

Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының, Қазақстан инженерлік ғылымдар академиясының, Халықаралық жоғары мектеп ғылымдары академиясының, әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі. Сеул (Оңтүстік Корея) университетінің құрметті профессоры. Қызылорда облысының құрметті азаматы.

Экономика және білім беру саласында, мемлекеттік, қоғамдық қызметтерде сіңірген нәтижелі еңбектері үшін «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

2005 жылы «Сүйем сені, Сыр елі» ғұмырнамалық дилогиясының бірінші кітабы жарық көрді. 2011 жылы «Ұстаным» атты кітабы жарық көрді.

Бақберген Сәрсенұлы — жас кезінде Қызылорда педагогикалық институтының комсомол ұйымының жетекшісі, кейін ректоры, Қызылорда қаласының әкімі қызметтерін атқарған. 1999–2011 жылдары Сенат депутаты болды.

Сенатта Бақберген Сәрсенұлы экономикалық реформа және қаржы комитетінің хатшысы қызметін атқарады. Республикамыз тәуелсіздік алған алғашқы жылдан бастап он жылға жуық мерзімде мейлінше жайлаған экономикалық дағдарысты басынан өткізгені мәлім. Әсіресе, еліміздің әлеуметтік салалары көп зардап шекті. 90-жылдардың соны 2000-шы жылдардың басында ғана жаңа экономикалық реформалардың алғашқы нәтижелері бой

көрсете бастады. Жаңа технологиялар іске қосылып, өнім өндіру тұрақталуға бет алды. Үкімет қазынасы түсімдермен толығып, қаржылық тиянақтылық қалыптасып, экономиканың жүрісі түзеліп, тіршілік тынысы кеңі түсті. Дағдарыс басталғалы доғарылып қалған әлеуметтік нысандарды қайта жаңғыртып жандандыруға бет түзелді. Мемлекетімізде мектептер, ауруханалар, тағы басқа әлеуметтік, халық тұрмысының мұқтаждарын қамту шаралары, жаңа құрылыс салу қолға алына бастады. Ауылдардың әлеуметтік тұрмысын жақсарту бағытында «Ауыз су» бағдарламасы жүзеге асырылды.

Сенатор Бақберген Досманбетов сол жылдары Сенаттың өкілетті жиындарында өзі сайланған Қызылорда облысының әлеуметтік мәселелерін үздіксіз әрі орынды түрде біліктілікпен көтере отырып, оның әділ шешілуіне барынша, атсалысып, мемлекеттің заң шығарушы құзырлы жоғары органының ең белсенді мүшелерінің бірі болып танылды. Ол республикалық бюджеттің ұтымды жоспарланып, тиімді орындалуына білікті маман, білгір ұйымдастырушы дәрежесінде білек сыбана араласты.

Сондай-ақ, ол сол жылдары Сенаттан Еуропадағы Қауіпсіздікпен ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Қазақстан делегациясының мүшесі болып сайланып, халықаралық парламенттік мінберден талай толымды ой, келелі пікір айта білді. Байқоңырдағы ғарыш алағының қызметіне байланысты қала тұрғындарының әлеуметтік тұрмысы мен мектеп оқушыларының құқықтық мәселелерінің әділдікпен шешілу мәселелерінде Бәкең аянып қалған жоқ.

Бақберген Сәрсенұлының бөліп айтар бір қасиеті — ешнарсеге бей-жай қарай алмайтындығы. Сөзінде тұратындығы, айтқан уәдесін орындауға жанын салатындығы. Бұл тұрғыда Үкіметке де орынды, дәлелді сын айтудан тартынбауымен бірге, ол кемшілітерді жою жолдарын да ортаға салатын.

Сондай ұстанымының дәлелі ретінде оның 2000 жылы Сенаттың бір отырысында сөйлеген мына сөзіне назар аударсақ та жеткілікті «... Біздің көбіміз қан базардай қиналған елдің ортасынан, әлеуметтік, экономикалық реформалардың күрделі де қиын тұстарын игеруге ұмтылған ат үстінен су ішкен кезеңмен бетпе-бет жүздескен халықтың арасынан олардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін зерттеп-саралап, екшеп келіп отырмыз...

Еліміздің әл-ауқатын жақсарту үшін зиялы заңдар керек екенін, шала туған заңдарға терапевтік емдеу қажеттігін Үкімет ұмытып кеткен сияқты. Соның салдарынан Парламенттік талқылауға нақты жобалар ұсынылмай отыр. Үкімет Құлтөбенің басында күнде кеңес құрып, Цицеронның шеңберінен шеберліктерін шыңдаудан ары аса алар емес...

... Үкімет тарапынан аса қажетті заңдар жобасының дер кезінде ұсынылмауы, Елбасымыздың ел экономикасын реформалауға негізгі стратегиялық бағыттарына кедергі келтіруі емес пе?—дей келіп, Парламент жұмысының сапасын көтеруге қатысты нақты ұсыныстарын ортаға салған (Досманбетов Б. Сүйем сені, Сыр елі. — Астана, 2005. — 146—147 бб.).

Жоғарыда аталған өмірбаяндық кітабында Бақберген Сәрсенұлы өзінің балалық, бозбалалық, жігіттік шақтарын дәл сол кезеңдердегі сезім, әсермен, дүниетаным ой байламдарын қаз қалпында өте нанымды, тартымды баяндаған. Ұтқырлығы сол — баяндаулар өмірдің шынайы оқиға, суреттерімен, адамдардың мінез, құлықтары, іс-әрекеттері арқылы өте ширақ әрі табиғи суреттелген. Бастап оқыған адам, әсіресе замандастары, әрқайсысы өз әлеміне кіріп кеткендей бас алмай, қызыға оқып, ризалығымен тәмамдайды.

Балалық шақтағы кішкентай «Диірментөбе» ауылы, Теміржол бекеті. Құм. Шексіз дала. Алғашқы мұғалім. Класстас достар. Ержету, оқу бітіріп, еңбекке араласу жолындағы тамаша адамдар, ізгілікті істер. Ат жалын тартып, азамат болып, ел жүгін арқалап, ел алдына шыққан лауазымды қызметтер. Адамдар арасындағы әрқилы қатынастар. Бір-біріне ұқсамайтын образдар. Барлығы да өте бір жинақылықпен әрі сезімтал көркем шығармаға бейім шеберлікпен, шұрайлы тілмен жазылған. Кітап авторының әңгімелері жалықтырмайды, қайта қызықтырады. «Мен кереметпін» дегеннен аулақ, кәдімгі адамдардың өмірі шынайылықпен кітаптің дәрежесін көтеріп тұр.

Әсіресе, есейген шағында Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Ғасырдан да ұзақ күн» («Боранды бекет») шығармасынан өзінің «Диірментөбесін» көруі, ұлы суреткермен арнайы іздеп барып, әңгімелесуі — адам жанына шуақ түсірер сана мәдениетінің көрінісі. Сондай-ақ, Бәкең өзі де осы өмірбаяндық шығармасында халық қазынасынан бала кезінде естіген талай әдемі, әсерлі аңыздар мен оқиғаларды орынды, ұтымды пайдалана білген. Ол да болса Бәкенің интеллектуалдық, білімділік мүмкіндігі мен білгіштік қорын көрсетері анық.

Бақберген Сәрсенұлы экономика, демография әлеуметтік қатынастар саласында он шақты монографиялық, жүзден астам зерттеу мақалаларын жариялады. Оның еңбектері жоғары оқу орындары студенттерінің, сарапшыларының, саясаткерлердың, жас ғалымдардың сұранысына әрқашан ие.

Ғалымның зерттеушілік, шығармашылық қабілеттері оның ұйымдастырушылық, қайраткерлік таланттарымен мейлінше ұштасып жатады. Ол Қызылорда облысының «Болашақ» университетін ұйымдастырып, оны заман талабына сай жаңа технологиямен жабдықтау негізінде дамытып, еліміздің әлеуеті жоғары оқу орнына айналдыра алды. Университет студенттеріне, оқытушы-профессорлардың оқу, тұрмыстық жағдайлары толық қамтамасыз етілген. Әсіресе, университетін оқу кешендері жаңа үлгіде, сапалы құрылыс материалдарымен, сәулет өнерінің сән-салтанатымен салынған. Бәкең суреткер-дизайнерлік өнерімен оқу ғимараттарының іші-сыртын әшекейлеуден шығармашылық ләззат алып еңбектенетінімен орынды мақтана алады.

Бақберген Сәрсенұлы — ізденімпаз адам. Бір шаруаны тындырдым деп тыным тауып отыра алмайды. Әр кезде жолыққан сайын өз тіршілігінде бір жаңалық айтып отырады. Оқу корпусының құрылысы аяқталса-не соның

фойесін немесе ауласын әшекейлеп, жаңа істі бастап жатқаны.

Соңғы ретте жас ұрпақ, студенттер тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа тарихын қалтқысыз оқып, білсін деген мақсатпен Астанадағы Ұлттық музеймен әріптесіп, оның қорынан құнды жәдігерлердің көшірмелерін жинақтап, «Болашақ» университетінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының жаңа аудиториясын ашты.

Бәкең тек университет Құрылысымен шектеліп жүрген жоқ. Өз өмірінде де, өңір өмірінде де, жүрген жерінде де жаңалық ашумен, жаңалыққа деген іңкәр құштарлығымен келеді. Осыдан бірнеше жыл бұрын Қызылордадан қырық шақырым жерде қамыс, қоға қаулап өсіп, суы тартылып бара жатқан көлге қамқорлық жасап, тінін тазартып, суын жаңартып, балық өсіріп, жағасын жайқалтты. Күм, сор, түз-ешнарсе өспейді деген он гектардан астам жерге Сыр өзенінен насоспен су шығарып, қияр, қызанақ, асқабақ, қауын, қарбыз, пияз, сәбіз басқа да көкөніс өнімдерін жайқалтты. Алты мың түп алма ағашының, үш мың түп жүзімнің жас көшеттерін отырғызды. Шаруаға жұмылдырылған жігіттерге жағдай жасап, оларды жерді пайдалануға, игеруге үйретті. Шөлейт жатқан алқапты алма баққа, бау-бақшаға айналдырып, сазарып, шаң қауып жатқан даланы өзгертті, құлпыртты. Сыр дариясының жағасындағы қалың жыңғылға омарта орналастырып, жыңғыл гүлінен бал өндіре бастады. Бір кісінің басына осылардың өзі де ғажап істер емес пе? Әсіресе, табиғатты қатаң, жері сортаң, желі аңызак, жазы ыстық, қысы кара суық Сыр өңіріндегі әлгіндей тіршіліктің әрқайсысына тағзым етіп, құрмет көрсетуге болар еді-ау. Мен Бәкеннің, абзал тіршіліктерін көріп, көңілім толып, көргенімді өнеге етіп, таяқ шаншыса саялы бақ өсетін жайқалған Жетісудың жігіттеріне де әлденеше рет айттым... Жердің жұмағындай көкорай шалғын, атты кісінің бойымен таласып өсетін мың түрлі қалың шөпке оранған Шалкөде, Белжайлау, Асы алқаптарында бірде-бір бал омартасы жоқ қой...

Бәкең «бұл жер сортаң, күм, жел, ыстық-бау-бақша өспейді, омарта ұстайтын Алтайдың, Алатаудың гүл шөптері жоқ» деп қалыптасқан ұғымды, сананы түбірімен өзгертіп отыр. Бәкеңмен бірге сол өзгерістерге еңбек етіп жүрген Сырдың азаматтарының өздерінің көзі жетіп, санасы, көзқарастарының өрісі кеңіп, тұрмыстары, әлеуеті жаңа сапаға көтерілумен келеді.

Бақберген осы үлгіні Елбасының Астананың айналдырылуына 70 мың гектар орман өсіріп, аң, құс жібергенінен алды. Нұрсұлтан Әбішұлы Арқаның кең даласын орманмен орап, көмкеру туралы айтып, орындата бастағаннан-ақ Бәкеннің «Қызылорданың төңірегіне де бау-бақша, орман отырғызып, өсіруге кірісуім керек» деп өзіне өзі тапсырма беріп, міндеттеме алып, мақсат қойып жүргеніне ғалым Әділ Ахметов пен Қуаныш Сұлтанов куә

болғанымыз да шындық. Осы бағытта Бәкеннің әлі де ойына алған арманы, айтылмаған сыры баршылық. Оның ойы, істеген жұмысы, ізденімпаздығы мен жасампаздығы қандай да құрметке лайық.

Бақберген Сәрсенұлының таланты сан қырлы, қабілеті қайран қаларлық. Оның саятшылдығы, аңшылығы, мергендігі туралы бөлек хикая жазу керек. Аңшылық дегенде тоқтауы да, тағаты да жоқ. Көпшілігіміздің түсінігімізде аңшылық сапарға алдын ала жабдықталып, сайланып, киімінді ыңғайлап, мылтығыңды баптап, бірнеше күн бұрын жоспарлап шығу қажет сияқты. Бәкеннің жолы ашық, аяғы жеңіл. Қазір ғана жағасына галстук тағып, қалада жүрсе, бірер сағатта далада, тауда жүргенінен хабар аласың. Әуежайға кетіп барам, Оңтүстік Африкаға. Аңшылыққа...» дегені саятшылыққа деген күдіреті. Өз елімізде оның кезбеген даласы, араламаған орманы, шықпаған тауы, кешпеген суы кемде-кем деуге болады. Табиғатқұмар. Табиғатпен үндес. Ыстыққа да, суыққа да көнбіс, көнтері. Төзімді. Желге төсін, жауынға басын тосады.

Тыным таппайды. Бір жолы Мәскеуден хабарласып, «Болашақ» университеті мен Мәскеу университеттері арасында әріптестік байланыс орнатып жатырмын», — десе, келесі кезекте Қытайдан Пекин қаласынан соғады, «Қызылордада Конфуций институтын ашайын деп жүрмін», — деп. Іздегені ізгілік.

Бақберген Сәрсенұлының дәл осылай шарықтап жүруі — отбасының берекесі-зайыбы Зейнегүл Рамазанқызының ақылы мен сабырлығы, ұлдарының өмірден өз орындарын тауып азамат, келіндерінің құт, немерелерінің нұр болуының арқасы десек те артық болмас. Туысқандарына қолынан келгенін аямай, қамқор бола білді. Бәкеңдей қазақтың берекелі, іскер азаматы іргесі берік үлкен әулетімен ұзақ, бақытты өмір сүргей.

Жоғарыда айтылған қыр-сырларынан басқа бойында ақындық таланты да жеткілікті. Жетпіс деген аға жасына Бәкең шаршамай, шалдықпай, қалғымай, мүлгімей тынымсыз еңбек, талмай ізденіс үстінде жетіп отырғаны тек оның қайраттылығын ғана көрсетіп отырған жоқ, Бәкең сияқты азаматтардың мүмкүндігін, біздің жас мемлекетіміздің азаматтық қоғамының келбеті мен қуатын да көрсетсе керек. Бәкең өзінің жас кезіндегідей оқуға, білуге, көруге, солардан жинақтаған жаңа жобаларын жариялап, жарқыратып сән-салтанат жасап қоюға жаны құштар. Сондықтан да оның «болдым, толдым» деп тоқмейілсуге ыңғайы да, бейімі де, ойы да жоқ. Ол-бюрократиялық марғаулықтан аулақ, ішкі, сыртқы мәдениеті бай, жаңалыққа жаны құштар тұлға. Ондай адамдар тек өздері ғана жарылқанбайды, төңірегіне нұр шашып, өмірдің жарығы мен жақсылығын көбейтіп жүреді. 70-ке толып отырған мақтан тұтар әулет мақтаншы 100 жасап ортамызда жүре беруін Алладан тілейміз.

ХИМИЯ

Химияның білім мазмұны, оның оқулықтағы көрінісі

Еспенбетова Шолпан Омарқызы, техника ғылымдарының кандидаты;

Алмаханова Жанна Мейрамбекқызы, студент

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

(Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мектепте химиядан берілетін білім — қазіргі дүниенің ғылыми бейнесін түсінуге үлкен үлес қосады. Ол бүкіл әлемді құрайтын заттарды, олардың құрамы мен құрылысын, бірбіріне айналу жолдарын, адамзат қажетіне пайдалану мен күнделікті тұрмыста қолдану тәсілдерін көрсетіп береді. Мұндай түбегейлі мәселелерді жүйелі түрде оқыту шәкірттердің дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Соның ішінде табиғатта кездесетін заттардың материалдық тұтастығы; химиялық байланыстар табиғатының бірлігі; заттар қасиеттерінің, оның құрамы мен құрылысына тәуелділігі және оларды бір-біріне айналдыру кезіндегі химиялық тәсілдердің бірлігі туралы идеяны терең түсінуге жетелейді.

Химияда іске асатын айналулардың мәні мен мағынасын қазіргі уақыттағы ғылыми — әдістемелік жолдармен толық түсіндіріп, оны оқушыларға жете танытуға болатындығын дәлелдейді. Оның мазмұнын анықтағанда, ең алдымен білімнің тұтастығы ескеріледі. Тек белгілі бір логикалық жүйеге келтіріліп берілетін тиянақты химиялық білім ғана шәкірттердің ақыл-ойының дамуына, көзқарасының қалыптасуына әсер етеді, оның жалпы дүниетанымдық тұрақтануына әкеледі.

Қазіргі заман талабына сай химиялық білім беру үшін оның бастапқы ұғымдарын, анықтамасын мейлінше түсінікті етіп ұғындыру қажет.

Негізгі мектептегі химия пәні жалпы химиялық білімнің міндетті деңгейін қамтуға тиіс. Өз кезегінде ол стандартты базалық білім деігейін ескеріп берілетіндіктен, оқулықта бұрыннан оқытылып келе жатқан жалпы химияның теориялық бөлімі де, элементтер химиясы да, органикалық химия мен полимерлер химиясы да сөз етілуге міндетті. Басқа сөзбен айтқанда, бұрынғы дәстүрлі бейорганикалық химия мен органикалық химияның тақырыптары, оның мазмұны негізгі мектептегі химия пәнінің өзекті мәселесі болып есептеледі.

Химия оқулықтарында ізгілендіру принципі мен экологиялық жағдайлар үнемі ескеріліп отырады. Теориялық білімді өмірмен тығыз байланыстыру үшін практикалық жұмыстарды көбірек беруге талаптану соның

дәлелі. Барлық оқу процесінің 20—30%-і көрнекі тәжірибелер мен практикалық жұмыстар атқаруға жұмсалатын болады. Әрбір оқушы экологиялық проблеманы сөз еткенде өз аулының, қаласының өнеркәсібі мен өндірісінің, табиғаты мен ауа райының ерекшеліктерінен туындайтын мысалдарды келтіруге міндетті.

8—9-сыныптарға арналған химия оқулықтарының басты ереншелігі — дамыта оқыту принциптерінің қатаң сақталуы. Оны әрбір тақырыптан соң берілетін сұрақтар, жаттығулар, есептерден айқын көруге болады. Өз бетінше орындалатын бұл тапсырмалар 4 деңгейлі етіп берілген жөн. Мәтінмен берілетін теориялық материалдар, әдетте мазмұны бойынша алғанда міндетті стандартты жіне одан кейінгі алгоритмдік деңгейді қамтиды. Сұрақтар мен жаттығулардың көбі осы алғашқы екі деңгейдің шеңберінде жатады. Олар арнайы белгімен бөлініп көрсетілген. Жаттығулар мен есептердің ішінде эврикалық деңгейге сай келетіндері де бар.

Әрбір таңдаудың соңында берілген ең жоғары шығармашылық деңгейге сәйкес оқушының қабілетін сипаттайтын тапсырмалардың өзіндік ерекшелігі бар. Олар әдетте нақты жаттығу немесе есеп түрінде тұжырымдалып берілмейді. Шығармашылық деңгейге жетуге талаптанатын шәкірттің өзі жалпы тапсырмадан туындайтын мәселелерді қамтитын нақты тапсырманың шартын немесе моделін ұсынады. сол модельдің шешу алгоритмін тауып, толық жауабын дайындап, мұғалімнің және оқушылардың алдында толығымен түсіндіріп өзі еңбегін қорғайды.

Саралап оқыту принципін іс жүзіне асыру мүмкіндігі осыдан барып шығады. Әрбір шәкірт өз қалауы бойынша 4 деңгейлі білім алады. Оның алғашқысы, яғни стандартты білім мазмұнына сай келетін репродуктивті деңгейді игеру үшін оқушы оқулықтағы ең мәнді мәліметті өз сөзімен қайталап айтып беруге міндетті. Одан кейін келетін деңгейлердің біріншісі — алгоритмдік деп аталады, себебі оқулықтағы жаңа тақырыптың мазмұнын толық түсіндіріп айтып берумен қатар, игерген материалды қолдана білетіндігін байқатады. Тапқырлық (эврикалық) деңгейге жету үшін оқушы алған білімі мен білігін, қалыпта-

сқан дағдысын бірге қолданып, өз бетінше қажетті жаңа білімді игеруге немесе бұрынғыларын толықтыруға ат салыса отырып, берілген тапсырманың жаңаша шешімін табатындай, болмаса бірнеше шешімдерін ұсына алатындай болуы керек. Ең жоғары шығармашылық деңгейге көтерілу үшін шәкірт тек алғырлық танытып қоймайды, ал өзінің білімі, білігі, дағдысы, қабілеті өзі ұсынған жаңа проблеманы шешуге жететіндігін дәлелдейді. Мысалы бір типті қосылыстар қасиеттерінің периодты өзгеруін сипаттайтын жаттығу құру тапсырылған болсын. Мұндай күр-

делі тапсырманы орындау үшін шәкірт химиялық қосылыстардың кластарын, олардың генетикалық байланысын, периодты өзгертетін қасиеттерін терең біле отырып, бір класқа жататын типі бірдей заттардың белгілі бір тобын таңдап алады. Сол топқа кіретін заттар қасиеттерінің периодты өзгертіндігін нақты деректермен дәлелдеп шығады.

Мақала авторы химияны оқытудың мәселелерін терең зерттей отырып, зерттеу жұмыстарын «Молодой ученый» [1] журналына және бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда [2] жариялады.

Әдебиет:

1. Еспенбетова, Ш. О., Орақбаева Г. Ә., Тимурқызы А. Мектепте химиялық өндірістерді оқыту барысындағы экологиялық білім берудің ерекшеліктері // Молодой ученый. — 2015. — № 7.2. — с. 46–48.
2. Еспенбетова, Ш. О., Наренова С. М., Арынова К. Ш. Химиядан сындарлы білім беру — сапалы оқыту негіздері «Жасыл экономиканы дамыту: өзекті мәселелері, құқықтық қамтамасыз ету» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. 14–15 қараша 2014 жыл.

СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО

Комплексная оценка сортообразцов ячменя на устойчивость к стрессовым факторам Приаралья

Тохетова Лаура Ануаровна¹, доктор сельскохозяйственных наук;
Бекова Майра Карасайкызы², магистрант,
Демесинова Айнур Айтжанкызы², докторант,
Ержанова Эльмира Алтайкызы², магистр сельскохозяйственных наук

¹Казахский научно-исследовательский институт рисоводства им. И. Жахаева

²Кызылординский Государственный Университет им. Коркыт Ата

В рамках программы диверсификации растениеводства Кызылординской области, где лимитирующими факторами являются экстремальные температурные условия, воздействие засухи и суховеев, возврат холодов, засоление, обеднение пахотного слоя почвы, дефицит водных ресурсов, расширение площадей посевов маловодопотребляемых культур является одним из главных направлений повышения устойчивости сельского хозяйства региона. Также, в регионе идет интенсивное развитие животноводческой отрасли региона, благодаря существенной поддержке государства в рамках программ «Сыбага», «Байсерке», это доступная система кредитования крестьян, получение субсидий, отсрочка по выплате кредита и т.д. Развитие животноводства невозможно без создания солидной кормовой базы. В связи с этим, на современном этапе развитие рисоводческой отрасли Кызылординской области должно базироваться на расширении посевов диверсификационных культур, а первостепенной задачей института — создание новых адаптивных сортов, подбор существующих на основе экологического сортоиспытания с разработкой научно-обоснованных технологий их возделывания, способствующие формированию высокопродуктивных и экономически эффективных агроценозов в стрессовых условиях Приаралья. Диверсификация растениеводческой отрасли в специфических природно-климатических условиях Казахстанского Приаралья показала высокую приспособленность в эколого-экономическом отношении ячменя, что позволяет создавать экологически пластичные, соле-, засухоустойчивые сорта данной культуры. Ячмень продолжает оставаться наиболее экономичной и продуктивной зернофуражной культурой в Казахстане, и занимает значительный удельный вес в посевах зерновых культур — до 26%. Ячмень обширно используют в качестве концентрированного корма. Его вводят в качестве основного компонента в большинство

комбикормов. Зеленую массу в смеси с бобовыми культурами (вика, горох, чина) используют на зеленый корм как: сенаж, силос, сено. Зерно ячменя намного питательнее других концентрированных кормов. По кормовому достоинству 1 кг зерна ячменя приравнивается к 1,27 кормовой единице, что больше чем в зерне овса и ржи, 1 кг ячменной соломы — к 0,35 кормовой единице. Ячмень — растение с широким спектром достоинств. Несмотря на то, что современное сельское хозяйство в своем арсенале имеет широкий набор эффективных культур, таких, как например, кукуруза, пшеница, овес, просо, использующихся на зерно и зеленую массу, ячмень, тем не менее, в странах с развитым животноводством, отнюдь, не теряет своего важного значения как кормовая, продовольственная и техническая культура с высокими агротехническими достоинствами [1].

При создании адаптивных сортов селекционеры прямыми, непосредственными методами могут контролировать в большей степени урожайность, качество зерна и поражение растений болезнями, в меньшей — стабильность урожая во времени и пространстве. Для определения последней необходимо широкое экологическое испытание или применение соответствующих анализирующих фонов на заключительных этапах селекции, хотя в селекционных исследованиях оценка характера адаптивности селекционного материала одинаково важна как на ранних этапах селекции, так и на выходе новых сортов в производство [2–4]. Негативные последствия Аральского экокризиса в сельском хозяйстве Кызылординской области обуславливают постоянный поиск сортов с высокой экологической пластичностью, а проведение сортоиспытания линий ячменя американской селекции открывает возможность выявления наиболее адаптивных для данной зоны генотипов с использованием их в практической селекции в качестве источников полезных генов. На сегодняшнем

этапе одной из наиболее дешевых, эффективных и экологически безопасных мер, снижающих вредное воздействие абиотических и биотических факторов, является селекционное улучшение сортов, т.е. проблема стабильного роста производства зерна может быть решена за счет создания и внедрения в производство новых сортов с повышенными адаптивными свойствами.

Работа выполнена в рамках проекта по БП МСХ РК 212 «Молекулярно-генетический анализ ячменя для создания новых линий и сортов, устойчивых к стрессовым факторам, с высоким качеством зерна».

Место проведения исследований — научно-производственный участок ТОО «Казахский НИИ рисоводства им. И. Жахаева». Климат Кызылординской области резкоконтинентальный, жаркое сухое лето и холодная, с неустойчивым снежным покровом зима. Средняя годовая температура воздуха $9,8^{\circ}\text{C}$. Климат области очень засушливый. Средняя годовая сумма осадков — 129 мм. В отдельные сухие годы их может выпасть всего 40–70 мм. Почва опытного участка — лугово-болотная, типичная для рисовых севооборотов области. Отличается низким содержанием гумуса до 1%, пониженной порозностью и довольно высоким значением плотного остатка 0,61–0,71%. Засоление хлоридно-сульфатное.

Исследуемый материал 96 линий ячменя из США, полученный из Института Биологии и Биотехнологии растений (г. Алматы) состоял из различных ботанических разновидностей: двурядные формы (нутанс, медикум, инерме) и многорядные (паллидум, рикотензе, целесте, параллелум). Изучение продолжительности вегетационного периода 96 линий ячменя показало перераспределение образцов по группам спелости, в зависимости от климатических условий года. Особый интерес представляют скороспелые и среднеспелые генотипы, которые, оптимально используя запасы естественной влаги почвы после риса, успевают нормально завершить налив зерна до наступления летней засухи. К их числу отнесено более 50 образцов из изучаемого материала. Однако в условиях засоленных почв Приаралья, помимо скороспелости, в формировании потенциала общей адаптации сорта решающая роль принадлежит начальным этапам онтогенеза, где наиболее информативными признаками являются высокая полевая всхожесть и интенсивность начального роста. Генотипы, обладающие этим признаком в начальной фазе вегетации, очень быстро и интенсивно отрастают, затеняя поверхность почвы от прямого попадания солнечных лучей, тем самым, препятствуя поднятию солей на поверхность почвы из нижележащих слоев вследствие высокого испарения. Среди скороспелых и среднеспелых генотипов с высокой полевой всхожестью (более 70%) отличились образцы: 2147, 2217, 2263, 2289, 2549, 2568, 2600, 2604, 2606, 2627, 2667, 2700, 2701, 2766, 2767, 2775, 2778, выделенные и по ряду других положительных признаков. Следует отметить короткий вегетационный период многорядных форм по сравнению с двурядными, так нами в 2014 году

выделено около 20 скороспелых шестирядных форм разновидности паллидум, из них образцы 2227, 2263, 2373, 2385, 2415, 2638, 2650, 2638, 2650, 2778 выделены с периодом вегетации — 73 дня.

Согласно модели сорта ячменя с учетом специфики региона особое внимание уделяется высоте растений, которая должна быть не меньше 60 см в сочетании с ранним созреванием. Значения признака за три года изучения колебались в пределах 35,9–83,0 см, при среднем значении $60,3 \pm 3,0$ см. Основная часть образцов изучаемой коллекции формировала высоту стебля более 72 см, из них большой интерес представляют скороспелые, устойчивые к полеганию образцы со стабильными показателями по годам: 2122, 2138, 2148, 2189, 2192, 2701, 2766, 2767, 2775, 2776, 2778, при значении стандарта Асем — 61,4 см.

Длина подколосового (последнего) междоузлия — важный морфологический признак при определении засухоустойчивости. Известно, что незасухоустойчивые сорта не выбрасывают колос из листовой обертки, а устойчивые в той или иной степени. В 2012 и 2014 годы засухоустойчивые, начавшиеся с момента посева, продолжающиеся вплоть до начальной стадии трубкования и высокая температура воздуха стали причиной повышенной атмосферной засухи. Значения изучаемого признака за годы исследований были следующими: max — 29,0 см; min — 6,7 см; x — $18,0 \pm 1,77$. По данному признаку со значениями выше 20 см были выделены линии 2014, 2083, 2122, 2134, 2200, 2260, 2263, 2417, 2519, 2549, 2568, 2604, 2606, 2778, при значении стандарта — 18,5 см.

Многолетние исследования показали, что селекция на урожайность в регионе Приаралья должна базироваться на повышении озерненности колоса, увеличении длины колоса, которые относятся к категории низковарьируемых и высоконаследуемых признаков. Неблагоприятные условия 2014 года, в частности, высокая температура воздуха и отсутствие осадков в период кушение — трубкование, отрицательно отразилось на формировании генеративных органов. Озерненность колоса в 2014 году колебалась от 17,3 до 23,3, тогда как в 2013 году встречались образцы с числом зерен в колосе от 28 и более. В таких стрессовых условиях нами выделены образцы превосходящие стандарт по данному признаку, характеризующиеся как устойчивые к атмосферной засухе генотипы: 2775, 2094, 2744, 2600, 2686, 2412, 2272, 2186, 2246, 2091, также способные формировать длину колоса более 8,5 см. Аналогичная картина наблюдалась и у многорядных форм, максимальное значение 51,3 зерен в колосе имел лишь один образец № 2263, со значениями 48–48,7 зерен в колосе: 2014, 2606, 2627, 2667, 2778. По массе 1000 зерен, превышающие стандарт выделено 25 образцов, из них с показателями свыше 45 г. выделены следующие образцы, отличающиеся стабильностью данного признака по годам: 2083, 2101, 2117, 2272, 2507, 2775. Урожай зерна с 1 м^2 изучаемых линий в разрезе трех лет исследований находилась в пределах у двурядных форм от 89 г/м^2 до 560 г/м^2 , при среднем значении $351 \pm 94,0 \text{ г/м}^2$,

у многорядных от 173 г/м² до 1273 г/м², при среднем показателе 706±120,6 г/м². Выделены линии двурядного и многорядного типа, достоверно превышающие стандарт по продуктивности.

Таким образом, на основе трехлетнего экологического сортоиспытания 96 линий американской селекции на засоленных почвах Приаралья выделен ряд образцов, как по отдельным признакам, так и по их комплексу. По итогам 2012–2014 лет исследований, особо отличились следующие сортообразцы ячменя: двурядные формы — 2138, 2148, 2200, 2246, 2272, 2438, 2464, 2507, 2524, 2600, 2766, 2775, достоверно превысившие стандарт на 40–130 г/м², при значении стандарта Асем — 437 г/м² (НСР05–32,4 г/м²). В разрезе многорядных форм — 2083, 2147, 2192, 2197, 2263, 2289, 2363, 2417, 2549, 2568, 2604, 2606, 2667, 2701, 2778 с урожайностью более 800 г/м² с коротким периодом вегетации до 79 дней, высотой растений выше 65 см, достоверная прибавка урожая которых определялась в основном густотой стеблестоя перед уборкой, вследствие высокой полевой всхожести, устойчивости к поздним весенним заморозкам, болезням (фузариозная корневая гниль) на ранних этапах онтогенеза, массой зерна с колоса, обеспечиваемая лучшей озернен-

ностью колоса, в целом, обладающие агрономической устойчивостью к стрессовым факторам среды Приаралья.

Логическим завершением проведенных исследований явилось создание нового сорта ярового ячменя Шахристан (№ 2775), полученный методом индивидуального отбора из гибридной популяции Harrington x MT960225 (Stark x Baronesse). Сорт относится к среднеспелой группе, вегетационный период составляет 79 дней. Высота растений 70,5–72,5 см., масса 1000 зерен 41,6 гр. Сорт обладает высокой устойчивостью к засолению, к поздним весенним заморозкам, способен выдерживать длительное отсутствие осадков и высокие температуры в период кущения, устойчив к пыльной и твердой головне, поражаемость фузариозной корневой гнилью во влажные годы не превышает 1 балла. Удлиненность периода «кущение — трубкование» в среднем 22–24 дней, что положительно влияет на формирование генеративных органов, озерненность колоса в благоприятные годы достигает 24 шт. на колос. Средняя урожайность зерна сорта Шахристан за 3 года конкурсного сортоиспытания — 19,8 ц/га, при урожайности стандарта Асем — 14,3 ц/га. Отличается высоким содержанием белка более 16,6% и рекомендуется в качестве сорта кормового направления.

Литература:

1. Тохетова, Л. А. Принципы экологической селекции ярового ячменя в связи с проблемами адаптации // Издентер, нэтижелер, КазНАУ. — № 1. — 2009. — с. 11–21
2. Грязнов, А. А. Ячмень Карабалыкский. 1996. — 323 с.
3. Асеева, Т. А. Влияние агроклиматических ресурсов Среднего Приамурья на потенциальную продуктивность и экологическую устойчивость сельскохозяйственных культур (сортов) // Достижения науки и техники АПК. — 2010. — № 6. — с. 14–16
4. Сапега, В. А. Урожайность и экологическая устойчивость сортов зерновых культур // Аграрная наука, № 10, 2009. — с. 14–17

ЭКОНОМИКА

Сақтандырудың экономикалық және әлеуметтік негіздері

Тажикова Жанат Жумановна;
Календарова Күнсұлу Алтынбекқызы;
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Сақтандыру — қоғамның экономикалық қатынастарының айырықша сферасы адам өмірінің, өндірістік және әлеуметтік-экономикалық қызметін барлық жағын қамтиды. Сақтандыруға түрткі болатын басты себеп — бұл өндіріс пен адам өмірінің қауіп-қатерлі сипаты. Сондықтан өндіріс процестерін жалғастыру, азаматтардың жекелеген санаттарының өмір тіршілігі мен әл-ауқатын қолдап оытру мақсатында оларды топтарының (салалық және аумақтық аспектілерде) натуралдық заттай босалқы қорларын да немесе резервтерін де, сонда-ақ ақша ресурстарын да кірістіретін қажетті болуы тиіс. Мұндай ақша қаражаттары әдетте резерв және сақтық қорлары түрінде қалыптасады.

Қатынастардың екінші бөлігінің біршама тар арналымдағы қорларды әлеуметтік қорлар мен әлеуметтік қамсыздандыру қорын қорғауға бағыттылығы болады. Бұл қатынастардың іс әркеті халықты әлеуметтік қорғаудың қажеттілігімен байланысты.

Үшінші бөлік қатынастардың тұйық аясын пайдалана отырып және олардың осы жиынтығы шегінде бұл қатынастардың баламалығына жете отырып, адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын, олардың мүлкін, сонымен бірге шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүлкін сақтық қорғау жөніндегі қатынастар болып табылады. Бұл — жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыру және шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін мүлкті сақтандыру.

Сақтандырудың жалпы жүйесінің салыстырмалы дербес бөлігі медициналық сақтандыру болып табылады.

Сақтандыру кезінде сақтық резервтері мен қорларын қалыптартырудың екі негізгі әдісі қолданылады, олар: бюджеттік және сақтық әдістері.

Қаржыларды қалыптастырудың бюджеттік әдісі бюджеттердің қаражаттарын, яғни бүкіл қоғамның қаражаттарын пайдалануды болжайды.

Сақтық әдісі қорларды шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың жарналары есебінен жасауды алдын ала қарастырады: жарналардың мөлшері және оларды төлеудің тәртібі сақтандырудың түріне қарай не-

месе замен не сақтық қатынастарының қатысшылары арасындағы арнайы келісімшартпен анықталады.

Сақтық қатынастарының бірінші бөлігінде — қоғамдық қорғауда бюджеттік әдіс пайдаланылады, екінші бөлікте — әлеуметтік сақтандыруда — қос әдіс, үшінші бөлікте — жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыруда тек сақтық әдіс пайдаланылады.

Ірі аппараттар мен нәубеттердің зардаптарын жою жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін қайырымдылық қайыр көрсету алымы немесе белгілі бір уақиға шалмаған құтысушылар арасында қаражаттарды бөлу сияқты көмекші әдістер қолданылуы мүмкін. Сонымен бірге, өзін-өзі сақтандыру негізінде ақша қаражаттарын немесе материалдық босалқы қалыптастыру әдісі де болуы мүмкін. Мұндай әдіс ауыл шаруашылығында (босалқы қорлар — жемшөп, тұқым, отын және т.б. қорлар), материалдық өндіріс сферасының кәсіпорындарында (шикізаттың, шала фабрикаттардың, басқа материалдардың босалқы қорлары) қолданылады: азаматтардың жекеше жинақ ақшалары олардың сақтық босалқы қорлары ретінде қаралуы мүмкін.

Сақтандыру экономикалық категориясының материалдық-ақшалай иелері сақтық қорлары бола алады, олар қоғамдық ұдайы өндірістің элементтері, сияқты қатынастары қатысушыларының жарналары, мемлекеттік бюджет қаражаттары, қаражаттардың ерікті аударымдары, қайыр көрсету және сақтық қатынастары қатысушылардың тарапынан болатын бірқатар бақа айырықшалықты төлемдер есебенен қалыптаатын ақшалай немесе материалдық қаражаттардың резервтері болып табылады.

Сақтық қорлары — қоғамның ұлттық шаруашылығындағы сан алуан, алдын ала болжануы мүмкін емес жайттардан сақтандыруға арналған қоғамның резерв қорлары жүйесінің қажетті құрамды бөлігі.

Мүлктік мүдделерді қорғауды, материалдық зияннан сақтандыруды және оның орнын толтыруды сақтандыруды жүзеге асыратын сақтық қоры материалдық немесе ақша қорлары нынысанында жасалды. Сақтық қорла-

рында қоғам мүшелерінің ұжымдық және жеке мүдделері қорғалады, олардың тіршілік әрекетінің сан қырлы экономикалық және әлеуметтік аспектілері көрінеді.

Сақтық қорларының басқа қорлардан ерекшелігі: олар алдын ала тұтыну қорларына да, жинақтау қорларына да жатпайды. Ол — табыс ретінде тұтынылмайтын және қорлануға міндетті қызмет етпейтін табыстардың бірден бір бөлігі.

Нарықтық экономикада сақтық қатынастарының едәуір бөлігі коммерциялық қатынастар болып табылады. Ең алдымен бұл жалпы сақтандыру мен өмірді сақтандыру категориясына қатысты, бұлардың қызметтер көрсету өзгеше сақтық қызметтерін көрсетуге түрленеді және мұндай қызметтер көрсетуді еркін рыногында ұсынылады. Бұл қызметтер көрсетудің бағасы сақтық тарифтері мен жарналары түрінде болады. Сақтық қызметтерін көрсетуге сұраным олардың сапасымен және бағаның деңгейімен анықталады.

Клиенттерді тарту үшін сақтық ұйымдары клиентураға қызмет көрсетуді жақсартады, қызметтер көрсетудің асортиментін кеңейтеді, ысыраптар мен зияндарды өтеу жөніндегі кепілдіктерді арттырады.

Сақтандырушылардың жарналары есебінен жасалынатын сақтық қорлары белгілі бір уақытта тікелей арналымында — сатық төлемдерін төлеу үшін сақтық жағдайының болу немесе ықтималдық сипатына қарай оның пайда болмау мезетіне дейін) пайдаланылмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда сақтық қорларын қаражаттары қосымша табыс алу үшін коммерциялық айналымға жіберілуі мүмкін. Өз кезегінде, бұл табыстарды бір бөлігін тапсырыскерлерді тарту үшін сақтық қызметтерін көрсетудің бағасын төмендетуге бағыттаған орынды. Сақтық ұйымдардың осыған ұқсас операциясы сақтық рыногында пайдалырақ шарттарда қолайсыз түрлі жағдайлардың салдарлары кезіндегі ысыраптар мен залалдардан қашқысы келетін тапсырыскерлерді тарту жөніндегі бәсекенің пайда болуына жәрдемдеседі.

Экономиканың нарықтық қатынастарға көшуі, кәсіпкерлік қызметтің дамуы, таур мен айырбас шеңберінің, шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара келісімшарт міндеттемелерінің кеңеюі сақтандыру арқылы болатын кепілдіктердің берік жүйесін талап етеді. Тек сақтандыру негізінде ғана материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау, және тұтыну процесінде пайда болатын қоғамдық және жеке мүдделерді қорғау мүмкін болады.

Өтпелі экономика жағдайындағы сақтандыру институтының ерекше маңыздылығы бірқатар факторлармен айқындалады.

Біріншіден, мемлекет тарапынан көзделген шаралардың сипаты мен көлеміне қарамастан, сақтандыру халық пен ұйымдастырудың түрлі мүдделерін қосымша қорғауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі шығыстардың негізгі ауырпалығы мүмкіндігі объективті түрде шектеулі болып табылатын мемлекеттік бюджетке түседі.

Екіншіден, сақтандыру механизмін қазіргі жағдайда пайдалану елдегі кәсіпкерлік қызметті жедел дамытуды, Қазақстан экономикасының негізгі саласының еркшеліктерін, оның климаты мен географиялық орналасуы, экологиясының деңгейін ескере отырып, өндіріс технологиясын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Сақтық жүйесі республика экономикасының сенімді әрі орнықты дамуына, халықты әлеуметтік қорғауды арттыру үшін қосымша негіз жасауға, азаматтар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мүлкін сақтандыруға ықпал етуге тиіс. Сақтандыру мәселесі, медициналық сақтандыру қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандырудың проблемаларына тікелей қатысты.

Сақтандыру, табыс (пайда) түсіру мақсатымен коммерцияның шектес сфераларына қаражаттарды инвестициялау жөніндегі сақтық ұйымдарының қызмет сақтық ісі ретінде болып көрінеді.

Сақтандыру — сақтық ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтық төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтық жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңи тұлғалардың заңды мүдделерін мүліктің жағынан қорғауға байланысты қатынастар кешені.

Сақтандыру процесі сақтандыру шарты негізінде не өзара сақтандыру қоғамына мүшелік негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтық сыйақыларын төлеуге міндеттенеді, ал екінгі тарап (сақтандырушы) сақтық жағдайы пайдал болған кезде сақтанушыға немесе оның пайдасына шарт жасалған өзге де тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген соманың (сақтық сомасының) шегінде сақтық өтемі төлеуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша мыналар сақтандырудың ныандары болып табылады:

Міндеттілік дәрежесі бойынша — ерікті және міндетті:

Сақтандыру объектісі бойынша — жеке және мүліктік:

Сақтық өтемі жүзеге асыру негіздері бойынша — жинақтаушы және жинақтаушы емес.

Міндетті сақтандыру — заңнамалық актілер талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ол сақтанушының есебінен жүзеге асырылатын. Міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жеке (бөлек) сыныбы болып табылады. Міндетті сақтандыру нысаны бойынша әрбір сыныптың мазмұны және оны жүргізу жағдайлары бойынша қосымша талаптар сақтандырудың осы сыныбын реттейтін заңнамалық актілермен белгіленеді.

Ерікті сақтандыру — тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Сақтық қызметі — сақтық (қайта сақтандыру) ұйымының сақтық (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызмет.

Сақтық қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға, сынып тарға және түрлерге бөлінеді. Сақтық ұйымның сақтық қызметі «өмірді сақтандыру» саласы және (жалпы сақтандыру) саласы бойынша жүзеге асырылады.

Сақтандыру түрі сақтық ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартын жасау арқылы сақтандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шеңберінде әзірлейтін және бертін сақтық өнімі болып табылады.

Жалпы сақтандыру және өмірді сақтандыруға тән экономикалық қатынастар қоғамдық өндіріс процесіндегі зиянның орнын: егер бұл процесс дүлей апат басқатөтенше немесе күтпеген оқиғалардың нәтижесінде бұзылса, толтырумен байланысты. Зиянның орнын ынтақтастық негізінде сақтық қатынастарына қатысушылардың төлейтін сақтық жарналары есебінен толтырылады, бұл жарналардың жиынтығы, жоғарыда айтылғандай сақтық қорларын құрайды.

Әдебиет:

1. Яковлева, Т. А., Шевченко О. Ю. Страхование (элементарный курс). — М., 2004.
2. Страховая деятельность. — Алматы, 2005.
3. Гвозденко, А. А. Основы страхования. — М., 1999.
4. Скамай, Л. Г., Мазурина Т. Ю. Страхование дело. — М.: ИНФРА-М, 2004.
5. Худяков, А. И. Страхование право Республики Казахстан. — Алматы, 1997.
6. Шахов, В. В. Введение в страхование. — М., 1999.

Ортағасырлық ойшылдардың экономикалық көзқарастары

Ташмұхамедова Жазира Шаменқызы, оқытушы
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Жалпы ортағасырлық экономикалық ойлардың дамуы діни-теологиялық шеңбер ішінде өрбуімен сипатталады. Бұл дәуірдегі нақты көзқарастар көрсеткішін арабтық Шығыс ойшылы ибн-Халдун дамытты. Ол өз концепциясында сауданы Жаратушы теріс көрмейтінін, еңбек қатынастарының жоғарылығы, пайдақұмарлық, сараңдық және бекер шығындар қолдау таппайды. Ойшылдың негізгі жетістігі ретінде қоғам эволюциясының сипаты «қарабайырлықтан» «өркениетке» өту болып саналады. Ибн-Халдун пікірінше, экономиканың барлық салаларының сәтті дамуы халық байлығын жоғарылатады және әрбір адам өмір-салтын жақсартуға әсерін тигізеді. Салық көлемі неғұрлым аз белгіленген сайын, кез келген қаланың, қоғамның гүлденуі нақты құбылыс.

Ибн-Халдун қолданыстағы ақшаның шаруашылық өміріндегі маңызды элемент екенін мойындай келе, оның маңызды рөлін алтын мен күміс тиындар атқаратынын айтады. «Ақша — адамзат еңбегінің сандық мазмұны болып

Мүліктік және кәсіпкерлік тәуекелдер (қауіп-қатерлер) азаматтық-құқықтық жауатылықты қоса алғанда, оларға байланысты мүдделерді сақтандыру жалпы (мүліктік) сақтандыруға жатады. Мұндай сақтандыру кезінде мүліктің жоғалу (жойылу) қауіпі (тәуекелі), жетіспеуі немесе бұлінуі және өзге де мүліктік игіліктер мен құқықтар сақтандырылады.

Сақтанушының немес пайдаланушының мүліктері сақтандыруға мүддесі болмаған жағдайда жасалған мүліктік сақтандыру шарты жарамсыз болады.

Жазатайым жағдайдан және аурудан сақтандыру сақтандырушылары жазатайым жағдайдың немесе аурудың салдарынан қайтыс болған, еңбек ету (жалпы немесе кәсіби жағынан) Қабілетін (толық немесе ішінара) жоғалтқан немес оның денсаулығына өзге де зиян келтірген жағдайда оның қосымша шығыстарын тіркелоген сомада не ішінара немесе толық өтемі мөлшерінде сақтық төлемін жүзеге асыру көзделетін басты сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

табылады, әрбір мүліктің құндылығы жинақтаушылық қасиет пен байлықтың негізі» [1], — санайды ойшыл.

Ойшыл пікірімен әрине келісеміз. Экономикалық қатынастардың дамуы қоғамның ілгерілеуіне жол ашатыны анық. Әрбір саяси жүйенің орнықтылығы мен жоғарғы көрсеткіші сол қоғамның айнасы болып табылады.

Ортағасырлардағы батысеуропалық ойлардың дамуына өзінің оң ықпалын итальяндық монах Фома Аквинский тигізді. Оның негізгі еңбектерінің бірі саналатын «Сумма теологии» атты еңбегінде экономикалық категорияның моральды-этикалық сипаты берілді. Экономикалық мәселелердің діни-этикалық әдістерін қалыптастырған еңбектерінде догматтық принциптер орын алды. Сонымен қатар, бұл еңбекті әлі күнге дейін Ватикан кеңінен пайдаланып жатқан католицизмнің энциклопедиясы саналады.

Ол өз дәуірінің мүмкіндіктерін ескере отырып, қоғамның сословиелік бөлінісі кезіндегі әлеуметтік теңсіздік мүмкіндіктерін салыстырмалы түрде талдайды.

Ежелгі канонистерге қарағанда, Ф. Аквинский қалалық қолөнер өндірісі, алғашқы сауда операцияларын күнә ретінде қарастырмайды. Әдістемелік позициядан қарағанда, философ көзқарасы бұрынғы канонистер пікірлерімен бірдей. Дегенмен, ежелгі канонистер қасиетті жазбалар мен шіркеу мәтіндерін қатаң түрде қабылдап, экономикалық категориялар мен құбылыстарды моральды-этикалық әдістеріне негіздейді.

Аталмыш еңбегінде ол еңбекті қоғамдық бөлу, жеке меншік, сауда, «ақиқат баға», табыс, жер рентасы, процент секілді экономикалық мәселелерді қарастырады. Оның пікірінше, еңбекті қоғамдық бөлу табиғи жаратылыстық құбылыс болып табылады. Жеке меншікке Ф. Аквинский жеке шаруашылықты жатқызып, адам табиғатынан байлық иеленуіне құқығы бар. Сондықтан өз қажеттілігінді қанағаттандыруға қажет меншік адамзат өміріндегі қажетті институт болып табылады. Ол жер рентасы мәселесін толық қолдап, табыс пен процентке қатысты екі жақты пікір ұстанады. Бір жағынан ол екеуінің жағымсыз жақтарын айтып, екінші жағынан табысты еңбек үшін төленген ақы ретінде қарастырады [2, 19 б.].

Ақшаның пайда болуына байланысты пайымдауларында, ол ақшаның адамдар арасындағы келісім барысында орын алды. Оның негізгі міндеті — әділ айырбас

жолын жеңілдету болып табылады. Аквинский ақшаның «ішкі құндылығы» мен «номиналды құндылығын» ажыратып бөледі. Оның пікірінше, ең соңғы құндылықты мемлекет өзі анықтайды.

Ақша мәселесіне қатысты пікірін француз ғалымы Ш. Оресм өзінің «Ақшаның пайда болуы, табиғаты, құқықтық негізі мен ауысуы туралы трактат» атты еңбегінде жазады. Оның пікірінше, ақша адамдар арасындағы тауар айналымын жеңілдетудің құралы болып табылады. Алтын мен күміс өзінің табиғи ерекшеліктеріне байланысты өз дәрежесін көтерді.

«Күн қаласы» еңбегінің авторы саналатын Томмазо Кампанелла да утопиялық социализм идеяларын жалғастырды. Кампанелла идеалды утопиялық мемлекет идеясын қалыптастырып мүлік пен шаруашылықтың натуралды түрі жиынтығын дамытты [2, 21 б.]. Жалпы Томас Мор мен Томмазо Кампанелланың пікірлері ғылыми тұрғыдағы теория саналмайды. Бұл тек жарқын болашақ туралы арман болатын.

Экономикалық ойлардың дамуына ортағасырлық философия өкілдерінің үлесін бағалай келе, дәуірді адамзат дамуындағы «тоқырау» кезеңі деп есептеу қате пікір. Ортағасырлардағы ой-пікірлер экономикалық ойлардың дамуына өзінің оң ықпалын тигізгенін осы мақала арқылы айқындауға болатынына толық сенімдіміз.

Әдебиет:

1. Фролова, Т. А. История экономических учений: конспект лекции. — Таганрог: ТРТУ, 2006. — с. 15.
2. Гукасян, Г. М., Нинциева Г. В. История экономической мысли. — М., 2003. — с. 9.

ГОСУДАРСТВО И ПРАВО

Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату

Серкебаев Дәуренбек Жұбайұлы, заңтану магистрі, оқытушы
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мемлекет өз азаматтарынан конституцияда көрсетілген белгілі бір әлеуметтік талаптарды қатаң орындауды талап етеді, оны орындамаған ретте азаматтарға заңда көрсетілген негізде моральдық немесе құқылық жауапкершілік жүктеледі. Құқылық жауапкершіліктің ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып саналады. Қылмыстық жауаптылық мемлекеттің заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді. Адам қылмыстық жауаптылыққа істеген іс-әрекеттерінде қылмыстық заңда көрсетілген нақтылы бір қылмыстың құрамы болған жағдайда ғана тартылады. Мысалы: тонау, ұрып-соғу, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, бұзақылық тағы басқа. Мұның өзінде қылмыстық жауаптылық оның іс-әрекеті нақты қылмыс құрамын түзейтін қылмыстық құқылық нормаларды кінәлі түрде ғана бұзғанда жүзеге асырылады.

Қылмыстық жауаптылық бұл қылмыстық құқылық норманы бұзудың нәтижесі, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің көрінісі болып табылады. Қылмыс істелмесе қылмыстық жауаптылық та болмайды. Қылмыстық заң бойынша жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық тек қана қылмыс істеу арқылы келтірілген зиянның көлеміне, қылмыстың жасау тәсіліне, кінәнің нысанына, қылмыскердің тұлғасының ерекшеліктерін еске ала отырып жүзеге асырылады.

Қылмыстық жауаптылық өзіне тән ерекшелігімен оқшауланған құқылық жауапкершіліктің бір түрі болып табылады. Қылмыстық жауаптылық — өзінің нысаны, мазмұны жағынан мемлекеттік күштеу мәні бар жауаптылықтың түрі. Өйткені мемлекет кез келген қылмысқа тиісінше баға бере отырып, оны істеген адамға мемлекет тарапынан заңда көрсетілген күшпен орындалуға тиісті шараларды қолдануды жүзеге асырады. Яғни, қылмыстық жауаптылықтың әлеуметтік мазмұнының өзі сол субъектіге қылмыстық жауаптылық жүктей отырып, мемлекет оның істеген қылмысын мінеп, оған заңдылық баға береді.

Қылмыстық жауаптылықтың мазмұны (теріс қылыққа моральдық саяси баға беріп мінеу және мемлекет, қоғам

тарапынан қылмысын бетіне басу) және заңдылық (қылмыс істеген адамға қолданылатын мемлекеттік күштеу шаралары). Бұлар қылмыстық жауаптылықтың маңызды, мәнді екі бөлігі болып табылады. Сонымен, **қылмыстық жауаптылық** деп қылмыс заңы бойынша қылмыс деп белгіленген нақты іс-әрекетті істеген адамды мемлекет атынан оның тиісті органдары арқылы мінеушілігін (айыптаушылығын) айтамыз.

Шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер ол қылмыс жасағаннан кейін айыбын мойындап өз еркімен келсе немесе қылмысты ашуға жәрдемдесе немесе қылмыс келтірген зиянды өзгеше түрде қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағанда, қылмыс жасаған адам болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ немесе қылмысты сыбайластық (қылмысты ұйым) жасаған қылмысқа басқада қатысушыларды анықтауға белсенді түрде жәрдемдесе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату

Қоғамдық қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен асқан адамның сот үстін мән-жайын ескере отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Ауыр емес қылмыс жасаған немесе адамның қайтыс болуымен немесе оның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес орташа ауыр қылмысты бірнеше рет жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және

келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады.

Орташа ауыр қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен татуласса және жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса, қылмыстық жауаптылықтан босатылу мүмкін.

Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату

Қылмыс белгілері бар әрекет жасаған адамды, егер істі сот қараған кезде жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған әрекет қоғамға қауіпті емес танылса, сот қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін.

Бірінші рет кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамды, егер ол адамның содан кейінгі мүлтіксіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта ол қоғамға қауіпті деп есептеле алмайтындығы белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату

Егер сот түзеу жұмыстарын, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстау немесе бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам өзінің түзелуі үшін сот тағайындаған жазаны толық өтуді қажет етпейді деп танылса, ол мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін. Бұл орайда адам қосымша жаза түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Жазадан шартты түрде — мерзімінен бұрын босату сотталған адам:

— кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

— ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын;

— аса ауыр қылмысы үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ бұрын жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босату тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін нақты өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

— Бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

— Сот тағайындаған өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот ол бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы мүмкін.

— Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқына бақылау жасауды оған босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша — әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиясы жүзеге асырады.

— Мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

- өзіне әкімшілік жазасы салынған қоғамдық тәртіпті бұзса немесе оған мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды қолдану кезінде сот жүктеген міндеттерді орындаудан әдейі жалтарса, сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою және жазаның өтелмей қалған бөлігін орындау туралы қаулы ете алады;

- қылмыс абайсызда жасалса, жаңа қылмысқа жаза тағайындау кезінде мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені сот шешеді;

- қылмыс қасақана жасалса, сот оған Қылмыстық кодексте көзделген ережелер бойынша жаза тағайындайды. Егер сот мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жойса, абайсызда қылмыс жасаған жағдайда да жаза осы ережелер бойынша тағайындалады.

Өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібі бойынша бас бостандығынан айырумен ауыстырылған адамға мерзімінен бұрын-шартты түрде босату қолданылмайды.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру

Кішігірім, орташа ауыр және ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адамға сот оның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқын ескере отырып жазаның өтелмей қалған бөлігін оның жеңіл түрімен ауыстыра алады. Бұл орайда адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам ауыр емес және орташа ауыр қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кем дегенде үштен бір бөлігін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен ерте босатылған және жазаның өтелмей қалған бөлігі кезеңінде жаңа қылмыс жасаған адам жаза мерзімінің жартысын нақты өтегеннен кейін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру

Жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмысы үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдерді қоспағанда, сотталған жүкті әйелдерді және он төрт жасқа толмаған баласы бар әйелдерді сот тиісінше бір жылға дейінгі немесе бала он төрт жасқа толғанға дейінгі мерзімге жазасын өтеуден босатуы мүмкін.

Бала он төрт жасқа толғаннан кейін немесе ол шетінеген жағдайда не жүктілігі үзілген жағдайда сот сотталған әйелдің мінез-құлқына қарай оны жазаны өтеуден босатуы немесе оны неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыруы, немесе сотталған әйелді жазаны өтеу үшін тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату

Қылмыс жасағаннан кейін оның өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғадық қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасы бұзылу пайда болған адамды сот жазадан босатады, ал жазасын өтеп жүрген адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот Қылмыстық Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін.

Жазаны өтеуден кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатуы мүмкін немесе бұл жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін. Бұл орайда жасалған қылмыстың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы, науқасының сипаты және басқа мән-жайлар ескеріледі.

Камауға не тәртіптік әскери бөлімде ұстауға сотталған әскери қызметшілер өздерін әскери қызметте жарамсыз ететін жағдайында жазадан немесе жазасын одан әрі өтеуден босатылады. Оларға жазаның өтелмеген бөлігі де неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру

Кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмысы үшін сотталған адамды, егер жазаны өтеу өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазасын өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Қорыта келгенде заңдылық қағидасын сақтау, жүзеге асыру құқық қорғау органының қызметкерлердің қасиетті борышы. Бұл азаматтардың конституциялық құқығын, бостандықтарын жүзеге асырудың негізгі кепілі болып табылады. Заңдылық талабын дұрыс жүзеге асыру қылмыс істеген адамға заңды дұрыс қолданып, оның әрекетіне заң талабына сай баға беру болып табылады. Қылмыстық заңды дұрыс қолданудың маңызды шарттарының бірі қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге заңды дұрыс қолданып, әрекет не әрекеттсіздікке қылмыстық заң нормасының талабына сай баға беріп саралау болып табылады.

Әдебиет:

1. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы. «Енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен»
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі Жалпы Бөлім, Ерекше Бөлім. 2014.
3. Алауханов, Е. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім, Ерекше бөлім. — Алматы, «Жеті жарғы», 2001.

ИСТОРИЯ

Возрождение современной России и Запад: различие взглядов и проблематика взаимоотношений...

Ибраев Галимбек Мадиебекович, магистр педагогических наук
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
(г. Кызылорда, Казахстан)

Правовым наследником бывшего СССР в международных отношениях стала новая демократическая Россия, заявившая миру о том, что теперь Россия не угрожает миру и начала поиски улучшений взаимоотношений в новых исторических условиях с Западом. Тем более в свое время Запад давал в свое время давал твердые гарантии, о том, что в постсоветский период учитывать стратегические интересы новой России в Европе при выводе войск из Восточной Европы при ее согласии на объединение Германии. Позднее Запад в лице НАТО, понимая значение важности России в сохранении европейской стабильности и ее возможности при решении многих проблем международной безопасности, создала специальный орган взаимоотношения НАТО с Россией — консультативный совет Россия — НАТО с правом совещательного голоса. Казалось бы, найдено для всех сторон оптимальное решение — сняты стены недоверия сформировавшая за долгие десятилетия между Западом и Россией и наконец-то наступит эра конструктивных взаимоотношений с обеих сторон. Однако политические реалии в 90-е годы прошлого века со всей очевидностью показали, что диалог, на который рассчитывала Россия с Западом был существенно затруднен из-за его неконструктивной политики, направленной своими действиями против нее, а именно сознательное нарушение данных своих же гарантии не расширения НАТО, а наоборот усиления ее военной мощи за счет включения новых членов за счет стран Восточной Европы, бывших союзников СССР. А это означает, то что, Запад пошел на сознательное игнорирование интересов России, с одновременным нарушением норм международного права как это было с ситуацией в Косово и т. д.

Естественно возникает вопрос о том, что какую внешнюю политику собиралась современная Россия проводить по отношению к Западу в этих сложившихся реалиях развития самой России и Запада. Во внешней политике России существовали для взгляда по отношению к Западу. В 1990-е гг., в бытность президентом Бориса

Ельцина, два российских министра иностранных дел — Андрей Козырев и Евгений Примаков — воплощали собой два традиционных течения российской внешней политики. Первый (возглавлявший российский МИД с октября 1990 по январь 1996 гг.) выступал за интеграцию России в евроатлантические структуры, с тем чтобы присоединиться к «цивилизованному миру». Второй (январь 1996 — сентябрь 1998 гг.) считал, что Россия не просто одна из европейских стран, стремящихся к тесным партнерским отношениям с Западом; это держава, которая включает в себя, помимо европейской территории, также часть мусульманского Востока и Азии. Исходя из того факта, что у России «смешанная» идентичность, Евгений Примаков настаивал на многовекторности российской внешней политики и выступал за создание триады Москва-Дели-Пекин. Отношения с Китаем становятся приоритетным направлением политики. Запад до поры до времени взирал на эти попытки с вежливым интересом, считая, что страна, которая находится в глубоком кризисе, не способна осуществить столь амбициозный проект. Чувствуя себя хозяином положения, Запад не прислушался к советам Москвы по стабилизации ситуации на Балканах. В то же время Евгений Примаков прилагал все силы, чтобы вывести Россию на ближневосточную политическую сцену. Арабист, входящий в самые влиятельные круги, он возобновил контакты с арабскими странами, унаследованные от советского периода (Египет, Сирия, Ирак). Одновременно он установил тесные связи с Турцией и Израилем, образовав «хрупкий союз Москва-Анкара-Иерусалим», который основывается на неприятии радикальных исламских движений и на выборочном экономическом сотрудничестве. Владимир Путин, президент России, видя пренебрежительное отношение Запада к России, взял курс на защиту ее национальных интересов. Проводя при этом активную внешнюю многовекторную политику, направленную на усиление сотрудничества со своими ближайшими союзниками, выраженную в создании Евразийского экономического союза (Россия, Белоруссия и Казахстан),

вступившем в силу 1 января 2015 года и выражающей своеобразную форму протеста против действий Запада, который, по мнению России, на протяжении всей истории отношений стремится всячески ее унижить. Другим не менее важным направлением во внешней политике является усиление сотрудничества с Китаем. Отношения с Китаем становятся приоритетным направлением политики. Москва понимает то, что если она подчинится Западу, то потеряет свою идентичность, а значит потеряет и свои стратегические национальные интересы. Вот поэтому Россия в 2003 году поддержала и приняла активное участие в создании БРИК.

Современная Россия позиционирует себя как особая цивилизация, поддерживающая тесные связи одновременно и с Западом, и с мусульманским миром. В свете этого она ведет непрекращающийся диалог с обоими мирами с целью не допустить роста радикальных настроений ни в том, ни в другом. Эти два мира должны научиться слушать друг друга, вместо того чтобы навязывать один другому свою систему ценностей: ни шариат, ни демократия западного типа не будут способствовать прочному миру, если он будет основан на насилии. Когда нужно, Россия борется против исламизма и против западного влияния, защищая свою «особость». Россия во внешней политике проводит четкую границу между исламскими «фундаментализмом» и «экстремизмом», ставя акцент на том, что в России мусульмане и русские издавна мирно уживаются вместе. Москва резко критикует Запад за применение силы и военные интервенции, подчеркивая их дестабилизирующее действие: например, последствием вторжения в Ирак было нарушения хрупкого баланса сил в регионе и возрождение извечного антагонизма между суннитами и шиитами. Больше всего Москва опасается «назревания глобального конфликта между исламским миром и Западом, в который окажется втянутой и Россия». С началом войны в Сирии эта угроза становится реальностью. Вот почему Россия оказывает безоговорочную поддержку Дамаску и в сентябре 2013 года совершает дипломатические шаги для предотвращения ударов по Сирии.

Едва придя к власти, президент России Владимир Путин занялся восстановлением российской армии. Его действия можно охарактеризовать следующим образом: стремление повысить международный престиж с помощью создания боеспособных вооруженных сил, которое осуществляется за счет национализации энергетического сектора. Основой российской системы остается военная машина. Аналитики отмечают размер сумм, выделяемых на стратегическое и тактическое ядерное вооружение, но они, вероятно, недооценивают развитие конвенциональных вооруженных сил России. Их боеспособность заметно улучшилась со времени российско-грузинской войны, благодаря которой Россия окончательно вернула статус военной державы, доминирующей на Кавказе. Действия России на Украине относятся к числу операций ограниченной войны в ее классическом, межгосударственном варианте; они не вписываются в западные

модели, предусматривающие проведение военных операций за пределами Европы.

Следуя традиционной российской стратегии, Владимир Путин сочетает усилия по укреплению обороны с наступательными действиями — спецоперациями, сбором разведанных и дезинформационными действиями. Гарант же всей этой системы выступает тактическое и стратегическое ядерное оружие, которое остается альфой и омегой российской политики безопасности. Целью России является противостояние двойной опасности: НАТО и его система противоракетной обороны на западном фланге; исламские экстремисты суннитского толка, способные дестабилизировать ситуацию на Кавказе и в Центральной Азии, на южном. Крым усиливает оборонительный и наступательный потенциал Кремля. Территория полуострова может служить хорошим естественным аэродромом в Черном море, что дает больше возможностей ограничивать другим странам доступ к черноморскому региону и одновременно позволяет приблизиться к Ближнему Востоку. До 2020 года в Крыму может быть размещено от 7 до 10 воинских частей. С чисто военной точки зрения бескровный захват полуострова можно считать безусловно успешной операцией. Сейчас, через десять лет после иракской войны, мы наблюдаем полную смену стратегической ситуации: обсуждавшийся тогда проект «Wider Black Sea Area» предусматривал широкий доступ к ближневосточному региону, а вступление Румынии и Болгарии в НАТО позволяло усилить присутствие альянса на Черном море и ускорить сближение с НАТО Грузии и Украины. В конечном счете именно России удалось укрепить свою стратегию доступа, свое присутствие в средиземноморском регионе и свое влияние на Ближнем Востоке. С точки зрения геополитики Крым на Черном море и Калининград на Балтийском представляют собой два форпоста России, которым стоит уделять особое внимание, коль скоро им суждено стать местами размещения ядерного оружия. Эти два форпоста автоматически усиливают военное давление России на Восточную Европу.

Теперь давайте разберем вопросы более подробно о причинах различия взглядов подходов в решения проблем вокруг Украины, по вопросу Сирии — Запада в лице ее лидера США. Все усиливающее противоречия США и России по Сирийскому вопросу, разность взглядов на этот вопрос и стали одним из звеньев приведшей кризису между этими державами. Кто бы стал в марте 2011 года, когда в Сирии начиналась гражданская война, делать ставку на Башара Асада? Только Москва, у которой не было ни малейшего желания терять своего основного союзника на Ближнем Востоке. Влияние России в этом регионе обычно недооценивалось и Соединенными Штатами, и Европой. Между тем Россия отнюдь не пренебрегала продвижением здесь своих интересов, подчеркивая, что ее позиция отлична от позиции Запада. С этой целью она одновременно поддерживала отношения с Сирией, Ираном, Турцией, Израилем и арабскими странами. Ей удавалось проводить региональную политику,

не скованную проблемами в двусторонних отношениях ни с одной из этих стран. По недавнему признанию одного из высокопоставленных чиновников из Саудовской Аравии, Россия, в отличие от западных государств, четко представляет себе, «чего в нашем регионе делать нельзя».

«Арабская весна», спровоцированная Западом, создала так называемый пояс неустойчивости, которая привела в конечном счете в арабском мире к смене нынешних режимов на проамериканские, а их появление близ российских границ воспринимается как угроза ее интересам на Ближнем Востоке, т.к. говорит об укреплении своих собственных интересов. Это также подчеркивают события, связанные с сирийским химическим оружием, где Запад в лице США готовил планы вторжения в эту страну, но твердая позиция России и ее предложения по выходу из кризиса не позволили США разгромить Сирию. Затем последующие события, особенно после Крыма и связанных с ним ситуаций и начала военных операций на Донбассе, подтверждают мысль о конфронтационном характере действий Запада по отношению к России.

Россия воспринимает себя как особая цивилизация, поддерживающая тесные связи одновременно и с Западом, и с мусульманским миром. В свете этого она ведет непрекращающийся диалог с обоими мирами с целью не допустить роста радикальных настроений ни в том, ни в другом. Эти два мира должны научиться слушать друг друга, вместо того чтобы навязывать один другому свою систему ценностей: ни шариат, ни демократия западного типа не будут способствовать прочному миру, если он будет основан на насилии. Когда нужно, Россия борется против исламизма и против западного влияния, защищая свою «особость». Россия во внешней политике проводит четкую границу между исламскими «фундаментализмом» и «экстремизмом», ставя акцент на том, что в России мусульмане и русские издавна мирно уживаются вместе. Москва резко критикует Запад за применение силы и военные интервенции, подчеркивая их дестабилизирующее действие: например, последствием вторжения в Ирак стало нарушение хрупкого баланса сил в регионе и возрождение извечного антагонизма между суннитами и шиитами. Больше всего Москва опасается «назревания глобального конфликта между исламским миром и Западом, в который окажется втянутой и Россия». С началом войны в Сирии эта угроза становится реальностью. Вот почему Россия оказывает безоговорочную поддержку Дамаску и в сентябре 2013 года совершает дипломатические шаги для предотвращения ударов по Сирии.

Одной из главных тем в современных международных отношениях становится вопрос о кризисе взаимопонимания между Россией и Западом. К сожалению, говорить о понимании между Россией и Западом сегодня не приходится. Отношения между ними можно охарактеризовать как отношения, сложившиеся в свое время в годы холодной войны. Современный Запад сегодня идет по пути морально-нравственного разложения, в результате чего и возникает разрыв с российским мировоззрением. Еще

больше «цементируют» его СМИ, выступающие рупорами пропаганды.

Раскол в отношениях между Россией и Западом из-за украинского вопроса является непростительным дипломатическим провалом, к которому Евросоюз имеет прямое отношение. Из-за далеко не всегда верного понимания намерений и действий друг друга РФ и Запад оказались вовлеченными в тяжелейший со времен холодной войны кризис безопасности в Европе. В настоящее время перспективы мирного урегулирования выглядят крайне далекими.

После распада СССР европейские и американские власти вели себя в отношениях с Россией не так, как следовало бы, начиная с расширения НАТО на восток и заканчивая резолюцией ООН по Ливии, что только ухудшало отношения сторон. Теперь Москву обвиняют в поддержке ополченцев на востоке Украины, а Запад активно обсуждает возможность поставок летального оружия Киеву и собирается ужесточить экономические санкции против России.

Однако подобными действиями западные правительства только усугубляют положение дел. Решение Вашингтона оказать военную помощь Украине существенно увеличит риск прямого вооруженного противостояния между США и РФ. Кроме того, украинские военные не настолько квалифицированы, чтобы использовать западные вооружения, и в итоге оружие может оказаться не в тех руках. Наиболее верным подходом Запада, как справедливо отмечают военные аналитики из министерства обороны России, были бы не военная помощь Киеву и антироссийские санкции, а оказание более существенной финансовой поддержки Украине и активное использование дипломатии в урегулировании кризиса в Донбассе.

Украинский конфликт побуждает переосмыслить место современной России в европейской и международной системе безопасности. В целом, амбиции западных лидеров не простираются далее сохранения привычного для них миропорядка, ослабленного вследствие их собственных ошибок или внешних вызовов; Россия же стремится переконфигурировать мировое пространство. Таковы новые условия диалога, который нужно начинать, чтобы остановить углубляющийся раскол, что, к сожалению, не позволяет найти пути для совместного решения, путем поиска компромиссов по разрешению накопившихся проблем в международных отношениях, например, в сирийском и украинском вопросах. Завершая свою статью, мне хотелось бы высказать мысль о том, что попытка одной цивилизации навязать другой собственную систему духовных ценностей ведет к катастрофе и разрушению последней. В наше время столкновение цивилизаций составляет главное содержание эпохи. Основным нарушителем мирового порядка выступает цивилизация западная, объединяющая США и ее западноевропейские сателлиты, стремящиеся навязать свои ценности человечеству, называя этот разрушительный процесс глобализацией. Позиция

современной России к Западу, заключается в уважительном отношении к себе и в соблюдении ее интересов на Украине, на Ближнем Востоке. Эгоистическая политика современного Запада приводит к конфликту с этой

великой страной, сознательно и преднамеренно при этом ущемляя ее интересы в мире, требуя подчинения Западу, чего современная Россия не может себе позволить, иначе она просто исчезнет...

Әдебиет:

1. Данилевский Н. Я. «Россия и Европа». Славянский культурно-исторический тип. Антология культурологической мысли. — М., 1996.
2. <http://www.nakanune.ru/news/2015/7/15/22407782/#sthash.psXASGEB.dpuf>
3. РИА Новости <http://ria.ru/world/20150912/1247046862.html#ixzz3lci7VSPs>
4. Бжезинский З. Великая шахматная доска: Господство Америки и ее геостратегические императивы. New-York Basic books / пер. с англ. О. Ю. Уральской. — global — М.: Международные отношения, 1998.
5. Бжезинский З. Мировое господство или глобальное лидерство. The choice: global domination or global / пер. с англ. Е. А. Нарочницкой, Ю. Н. Кобякова. — М.: Международные отношения, 2004.
6. Патрушев Н: «Отрезвление» украинцев будет жестким и болезненным // Российская газета. — 2014. — 15 октября.
7. Келин А. В. Спокойно негативное отношение к расширению НАТО // Международная жизнь. — 2003. — № 12.

М. Шоқайдың шығармашылығы жөніндегі ізденістер

Қыпшақбаев Қанат Зейноллаұлы, педагогика ғылымдарының магистры
Бакиева Ләззат Бақытжанқызы, әдіскер
«Болашақ» университетінің колледжі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, оның жетекшілері мен идеологтарының халық санасын оятып, адамзаттың ұлы көшінен қалмай алға жылжыуынан сіңірген еңбегін ғылыми тұрғыдан сараптап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызы арта түсуде.

«Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз.

Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адзал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезінде болсын, олар өз ұлтының мақтанышы болып келген» [1] Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың осы сөзінде қоғамның дамуында жеке тұлғалардың феномені ерекше орын алатындығы баярынша дәл көрсетіледі.

Өткен ғасырдың 20—30жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай (1890—1941) болатын. Қазақ халқының аса күрделі «соқтыпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұны азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір

сүру кеңістігін сақтап қалу үшін, күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да М. Шоқай. Сол себепті оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу-біздің парымыз. Сонда ғана «бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзіне-өзі келіп, басымызға қона қоймағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін» [2] ұғынамыз.

Мұстафатанудың негізі Түркияда қаланды. М. Шоқайдың мұраттас жолдастары, саяси күреске бірге қатысқан серіктері, «Яш Түркістан» журналын шығарысқан Тахир Шағатай (1902—1984), Абдулуқап Оқтай (1904—1968) және олардың жұбайлары Сағадат Шағатай және Саида Оқтай ханымдар, «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының бас хатшысы, «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарының жұмысын атқарысқан Междедин Делил өз естеліктері мен еңбектерінде М. Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысын қалпына келтіру жолында көп еңбек сіңірді.

М. Делил 1942ж. «Мұстафа Шоқай альбомы» дайындап, баспадан шығарды. 1950 жылы А. Оқтай «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» атты кітабын жариялады. Өткен ғасырдың орта кезінен Т. Шағатайдың М. Шоқайдың өмірін, шығармашылық мұрасы мен саяси қызметін баяндауға да орын берілген «Түркістандағы түрікшілдік және халықшылдық» (екі кітап), «Қызыл империализм» (жеті кітап) атты еңбектері жарық көрді [3].

Стамбулда «Түркістан — Еділ-Орал» қорының құрылуы, Сағадат Шағатайдың (1907—1989) «Яш Түркістан» журналының материалдарын жеке кітап етіп басып шығару ісін ұйымдастыруы мұстафатанудың ілгерілеуіне көмегін тигізді.

Соңғы кезеңде Мұстафаға батыс елдерінде де назар аударыла бастады [4]. Алайда кеңес идеологтары мен олардың Шығыс Еуропа елдеріндегі пікірлері КСРО-ның ыдырауына дейін шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын түрлі лақаптар таратып, М. Шоқайды фашистік Германияның «тыңшысы» ретінде көрсетуге әрекеттеніп келді. 1971 жылы Варшавада жарық көрген «Голоса издалека» [5] деген поляк тіліндегі кітапта аға лейтенант Абдурахимов пен капитан Халимов деген тәжік ұшқыштарының 1942 жылы 10 қазанда немістерге тұтқынға түскені, олардан жауап алу кезінде Рейхтың қауіпсіздік басқармасы қызметкерлерімен бірге М. Шоқайдың да қатысқаны туралы айтылады.

Кеңес өкіметі тұсында М. Шоқайдың қызметі мен тарихи-публицистикалық жұмыстары да саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырайды. Тек Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ғана М. Шоқай туралы тарихи деректерге негізделген еңбектер жарық көре бастайды [6]. Солай бола тұрғанымен, өзгенің мүддесін қазақ халқының мүддесімен басым санайтын авторлар бұрынғы үрдісті әлі де жалғастыруда. Олар М. Шоқайды «өте күрделі тұлға» ретінде сипаттап, «Түркістан легионына» жетекшілік жасады немесе оның бастауында тұрды деген кеңес идеологиясының тұжырымдарын қайталаудан айнымауда. Отарлық, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдың өміршеңдігінің басты себебі ұлттық мінез-құлқынан, әдет-ғұрпынан, тілі мен мәдениетінен, болмыс-бітімнен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің қитұрқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық. «Планеталық деңгейдегі ақыл-ой апатын» [7] басынанкешірген халқымызға өзінің ұлттық құндылықтары мен мүдделерін «интернационалистік» ұғымдардан ажыратуы үшін, өзінің ұл-қыздарын танып-білуі үшін баршамыздың күш-жігеріміз, ақыл-ой парасатымыз қажет.

М. Шоқай — туған халқының ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, әзірбайжан, грузин және басқа да бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған М. Шоқайдың қайраткерлік және шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің мұрат-мақсаттарын негіздеуге берері мол. Оның қайраткерлік, қаламгерлік қарымын, отар халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы алатын орнын анықтауға бағытталған еңбектер қатары күн санап өсіп келеді. Дегенмен М. Шоқайдың өмірі мен қызметі толық зерттеліп, шығармашылық мұрасы игеріліп бітті деуге негіз жоқ, себебі оның еңбектері қазақ, өзбек, татар, башқұрт, орыс, түрік, неміс, француз, ағылшын, поляк тілдерінде

жарық көрген және бірнеше елдердің мұрағат қорларында сақтаған. М. Шоқай қызметінің алғашқы кезеңі туралы материалдар Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында (47,461,1044,1613-қорлар), Ташкент облыстық мұрағатында (528-қ) ұшырасады. Мұнда М. Тынышбаев, Қ. Қожықов, И. Жайнақовты патша «охранкасының» бақылауға алуы, М. Шоқайдың Ташкент гимназиясында оқуы, Ақпан революциясынан кейін Ташкентке оралып, автономия идеясы төңірегінде халықты ұйымдастыруы, түрлі саяси күштермен қарым-қатынасы, Түркістан автономиясын жариялау және оның күйреуі, Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті туралы мағлұматтар бар.

Қазақстанда М. Шоқайдың елмен байланысты жөніндегі материалдар қазақ зиялыларының БК (б) П Орталық Комитетіне, партиялық бақылау органдарына жазған хаттары, ОГПУ өкілдеріне берген жауаптары, есепті баяндамалар т.с.с. құжаттар сақталған Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында (141, 718, 725, 811 — қорлар) ұшырасады.

Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезінде Мұстафаның түрлі саяси ағымдарымен таныс болуы, түркі жастарының шерулеріне қатысуы, Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы жанындағы Кеңесші бюро жұмысына араласуы, эмиграциядағы қызметі туралы материалдар Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында (РГИА), Ресей Федерациясының сыртқы саясаты мұрағаты (АВПРФ), Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихының мұрағаты (РГАСПИ), Ресей Мемлекеттік әскери мұрағаты (РГВА), Ресей мемлекеттік жаңа заман тарихының мұрағаты (РГАНИ), Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты (ГАРФ) қорларында шоғырланған. Әсіресе, Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатындағы құжаттар ерекше назар аудартады. Олардың көпшілігін кезінде поляк барлау мұрағатында сақталған М. Шоқайдың баяндамалары, хаттары, сараптамалық шолулары, рефераттары, мақалаларының қолжазбалары, сонымен бірге кейбір жарық көрген материалдарының поляк тіліне аудармалары құрайды.

Зерттеуші дереккөздерді барынша қамти отырып, оларды сын елегіне өткізу, жүйелеу, пайымдау арқылы ақиқатқа жақындай түсуді ғана көздейді. Шығармашылық ізденістер барысында өзінің субъективті пікірлеріне бой алдырмауды автордың кәсіби білімі, зерттеушілік тәжірибесі, тіпті, шығармашылық интуициясы да маңызды рөл атқарды. Әділ сот болуға ұмтылысына қарамастан, тарихшының өткенге көзқарасы морльдан аулақ, мүлдем бейтарап бола алмайды. Дегенмен кәсіпқой тарихшы белгілі бір тұжырымдар жасауға сақтықпен қарап, оны көп жағдайда оқырманның өз үлесіне қалдырды. Ол тек оқиғаның орын алу себептерін, даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтаумен айналысады. Әсіресе, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін сараптау асқан жауапкершілікті талап етеді. Тұлғаның өмірінде адам мен дәуірдің арасындағы байланыс көрініс табады. Тарихшы ондай индивидтің

ішкі дүниесіне де үңіледі, ой-пікірі мен іс-әрекетінің қисындылығын (не қисынсыздығын), қоғам үшін маңыздылығын анықтайды.

Орташа ойраны мен қайғы-қасіретін бастарынан өткерген қазақ, өзбек, қырғыз т.б. халықтардың тағдыры

өз тағдырымен біте қайнасқан, ұлт мүддесі өз өмірі мен күресінің мақсат-мұратына айналған, жиырма жыл бойы Еуропа төрінде Алаш идеяларын жалғастырып, тәуелсіздік туын көтерген сондай тұлғаның бірі де, бірегейі де Мұстафа Шоқай.

Әдебиет:

1. Назарбаев, Н.Ә Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіз күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. — 1998. — 16 желтоқсан.
2. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. — Алматы, 1993. — 16 б.
3. Кекілбаев, Ә. Отан тарихы — рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі // Егемен Қазақстан. — 1998. — 7 шілде.
4. Шоқай, М. Таңдамалы. 1 том. — Алматы, 1998. 187–198, 2788–281, 298–300, 411–414, 476–481, 2 том, 5–7 бб.
5. Нүрпейісов, Қ. Алаш Һәм Алашорда. — Алматы, 1995. — 147 б.
6. Қойгелдиев, М. Кіріспе // Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. — Алматы, 1994. — 67–72 бб.
7. Шоқай, М. Шығармаларының толық жинағы. — I том. — Алматы, 2012.

ПОЛИТОЛОГИЯ

2015 жылғы кезектен тыс Президенттік сайлауында қолданылған саяси жарнама

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты;
Паридинова Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Саяси жарнама — бұл саяси субъектілер мен объектілердің қатынастарына тәуелді азаматтардың ұстанымдарына ықпал жасайтын байланыстың ерекше түрі. Қоғам мен саяси жарнама арасындағы өзара байланыстарды екі жақты қарауға болады: жарнамалық қызмет қоғамның саяси дамуына себепші болады, екінші жағынан қоғам жарнама технологияларын дамытады. Сонымен қатар, бұл сайлау науқаны барысындағы саяси коммуникацияның электоратқа қысқа, өзіндік тез жаттауға құрылған адрестік ықпал жасаудың түрі. Саяси жарнама нақты саяси күштер саяси тұғырнамасының мәнін көрсетеді, сайлаушыларды қолдауға шақырады, саяси күштер туралы ойларды көпшілік санасында қалыптастырады, дауыс беруге қажетті психологиялық жағдай жасайды.

Осы жылдың 14 ақпанында Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мәжілісінің делегаттары мерзімінен ерте президент сайлауын өткізу бастамасына бір ауыздан дауыс берді. ҚХП мүшелерінің ел тұрғындарына үндеуінде: «Жаһандық сын кезеңі тұсында елімізді сәтті алып шығу үшін мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жалпыұлттық сенімнің жаңа мандатын беруіміз керек», «әлемдік теңгерімсіздіктің жаңа және ауыр кезеңінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа сенім артып, мемлекетіміздің 30 бәсекелес елдердің қатарына ену жолындағы стратегиялық және жаңғырту бағыттары жалғасуы керек», — делінген. Сонымен бірге, олар 2016 жылы бір мезгілде президент және парламент сайлаулары өтетіндігін тілге тиек ете келе, сайлау науқандарын түрлі уақыттарда өту қажеттілігін де жасырмады [1].

Ассамблея бастамасын алғаш болып «Нұр Отан» партиясымен қатар, парламенттің төменгі палатасында өкілдері бар Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы мен Қазақстан коммунистік Халық партиясы қолдады. ҚКХП хатшысы А. Қоңыров партия өз кандидатын ұсынатындықтарын да мәлімдеді.

Әр Президент сайлауы науқанынан тыс қалмайтын эколог М. Елеусізов, сайлау науқанында көрініп қалатын «Аттан, Қазақстан» қозғалысының жетекшісі Амантай қажы саяси науқан додасына қатысуға ниетті екендік-

терін көрсетті. Дегенмен, қаржы көздерінің жоқтығына байланысты бұл сайлау науқанына М. Елеусізов қатыса алмады. Оппозициялық жалпы социал-демократиялық партиясы да бұл додадан тыс қалды. Партияның мәлімдеуінше: «Президент өкілеттілігін мерзімінен бұрын босатып, сайлау өтетіндігін жарияласа, партия съездге өкілдер жинап, партиялық шешімін қабылдайды» [2].

Заң процедураларына сәйкес, ел Парламентінің қос палатасында, қоғамдық пікірде берілген мәселе талқылауға түсті. Ағымдағы жылдың 25 ақпанында берілген мәселені талқылаған Конституциялық Кеңес шешіміне сәйкес, осы күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 26 сәуірде кезектен тыс Президент сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

2015 жылғы Президент сайлауы науқанына қатысуға 27 кандидат ұсыныс берді, оның ішінде: саяси партиялардан 2 үміткер, өз-өзін ұсынғандар саны 25-ке жетті. Дегенмен, барлық талаптарды орындаған 3 кандидат саяси науқанға қатысты: өзін-өзі ұсынған Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов, «Нұр Отан» партиясы ұсынған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Қазақстан Коммунистік Халық партиясы ұсынған Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов.

Әр науқанда сайлаушыларды учаскелерге шақыруды үндейтін Орталық сайлау комиссиясы осы жолы да бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық материалдар беруден аянбады. Баршамыз білеміз, рекордты нәтижемен сайлауға электораттың 95,22 пайызы (салыстырмалы түрде Президент сайлауларына қатысушы электоратты қарастырсақ: 1991 ж. — 88,23%; 1999 ж. — 87,05%; 2005 ж. — 76,78%; 2011 ж. — 89,9%) қатысты. Сайлауға қатысуға үгіттеу барысында көп жағдайда жастарға мән берілді. Түрлі жастар акциялары мен конкурстар ұйымдастырылды. Әсіресе, ғаламторда сайлауға келушілердің белсенділігін арттыру, азаматтық қоғамның терең, бірегей құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында «Сенің дауысың — сенің болашағың» тақырыбында конкурс ұйымдастырылды. Барлық кандидаттар үшін республикалық, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында үгіт-насихат жүргізу үшін теңдей мүмкіндіктер берілді.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше 2015 жылдың 26 наурызы мен 24 сәуірі аралығында сайлау тақырыбына байланысты республикалық және жергілікті БАҚ-та 23 105 материал жарияланған.

Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткерлердің сайлауалды қызметі 13 379 материалдарда көрініс тапты, оның ішінде 4 964 жарияланым республикалық, 8 433 жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына тиесілі. Ә. Құсайынов сайлауалды жұмысы туралы 4 876, Н. Назарбаев туралы 5 377, Тұрғын Сыздықов туралы 4 905 материал жарық көрген. Барлық кандидаттар мемлекет кепілдік берген теледидардағы он бес, радиодағы он минут сөйлеуге бөлінген уақыты мен баспа беттеріндегі екі жарияланымды пайдаланды.

Орталық сайлау комиссиясы сайлау науқаны кезінде бұқаралық ақпарат құралдарында баяндалған материалдарға тұрақты түрде бақылау жүргізіп отырды. Мониторинг барысында 53 республикалық басылым, 16 республикалық телеарналар, 179 өңірлік басылымдар, 29 өңірлік телеарналар, 7 ақпарат агенттіктері мен 117 танымал қоғамдық-саяси интернет-ресурстардың материалдары талданды. Әлеуметтік желілерде 200-ден астам қауымдастықтар және қоғамдық пікір көшбасшылары саналатын 250 пайдаланушы парақшалары сарапқа салынды.

Сайлау науқаны басталғаннан бастап сайлау тақырыбына байланысты 10 990 материал республикалық және өңірлік БАҚ-тарда жарияланды. Республикалық телеарналарда 1 473 сюжет (21%), газеттерде 731 мақала (10%), ал интернет-ресурстарда 4 850 (69%) жарияланым жарық көрді. Өңірлік БАҚ-та сайлауға байланысты 3 936 материал жарық көрді, оның ішінде телеарна эфирлерінде 1 582 сюжет (40%), басылымдарда 1 637 мақала (42%) және интернет ресурстарда 717 (18%) материал жарияланды [3]. Байқап, отырсақ, республикалық деңгейде интернет-ресурстардағы материалдар саны артып отыр. Елімізде осы уақытқа дейін ғаламтор мен әлеуметтік желілерде көрініс тапқан Интернет белсенділік болмаған еді.

Сайлау науқаны барысында Президенттікке үміткерлер штабтары еліміздің барлық аймақтарындағы арнайы орналастырылған ақпарат тақталарына үгіт-насихат материалдарын орналастырды. Басылымдар мен телеарналардағы сайлауалды жарнаманың дәстүрлі түрлерін барлық кандидаттар толығымен пайдаланды. Н. Ә. Назарбаевтың штабы Интернет пен әлеуметтік желі мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалана білді (ҚКХП тек партияның сайтында баспасөз хабарламасын пайдаланумен шектелгендігі байқалады).

Ә. Құсайынов «Экологиялық біліктілік пен өнеркәсіптік қауіпсіздік — біздің басты мақсатымыз» атты сайлауалды бағдарламасында басты назарды экология және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне бөлді. Бағдарламада: «Адамдар биосфераның даму заңдарын, оның не себепті ыдырауы мүмкін екендігін білуге тиіс. Қоғамда биосфераның даму заңдары бұзылмайтындай жағдай қа-

лыптастыруға тиіспіз. ... Менің мақсатым, осы нормалардың мөлдірлігін және дұрыс сақталуын қамтамасыз ету», — делінген. Кандидаттың сайлауалды бағдарламасын халыққа жеңіл жететін арнайы терминдері аз құжат ретінде бағалауға болады.

Ә. Құсайынов штабы сайлауалды үгіт-насихат барысында сайлаушылармен кездесулерге көп мән берді. Ол Алматы (қала тұрғындары, «Обис» ЖШС ұжымы), Астана («Астана-Зеленстрой» ұжымы, «Тұран-Астана» студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы) қалалары, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облысы жұртышылығымен кездесті. «Экологиялық қағидаларды жүзеге асырамыз» ұранын ұстанды.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, Президенттікке үміткердің Астана мен Алматы қалаларында 4 билборд, облыс орталықтарында сондай-ақ, Жезқазған мен Семей қалаларында 2 билбордтан орналастырылған. 50 мың плакат әзірленіп, кандидаттың 3 мың дана сайлау алды бағдарламасы шығарылды [4].

Іс басындағы Президент «Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес институтционалдық реформа» сайлауалды бағдарламасымен саяси науқанға қатысты. Бағдарлама үш бөлімге бөлінген: Кіріспе — «Қазақстандық ұлы жол»; Орын алып жатқан шарттарды сипаттау — «Дәуірдің сын-қатерлері»; Негізгі бөлім — «Бес институтционалдық реформа».

Нұрсұлтан Назарбаев бұл сайлауда да үгіт-насихат науқанына қатыспады. ОСК мәліметінше: «Президент соңғы жылдары ел өңірлерін аралауының көрінісі мынадай: 2012 жылы ол өңірлерді 12 рет, 2013 жылы — 14, 2015 жылғы 4 айда — 6 рет. Көріп отырғанымыздай, Президенттің ел өңірлеріне баруы Президенттің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруына байланысты әдеттегі тәжірибе болып табылады. Сондықтан, Президенттің 2015 жылы ел аралауы үгіт науқаны емес, оның күнделікті жұмысының бір бөлігі болып табылады» [4]. Сондықтан, Елбасының штабы еліміздегі тұрақтылықты сақтау, Ұлт көшбасына сенім арту сынды насихат жұмыстарына кірісті. Айта кету қажет, штаб жұмысына бес саяси партия қатысты. Республикалық қоғамдық штаб мүшелері еліміздің барлық аймақтарына барып, жұртшылықпен кездесті. Биылғы сайлау науқанында партия «Елбасымен бірге — жаңа жетістіктерге!» ұранын пайдаланды.

Тұрғын Сыздықовтың сайлау алды тұғырнамасы бірнеше бөлімдерден тұрады: Кіріспе — «марксизм құндылықтарына мән беру»; Негізгі қағидаларды дәйектеу — «жаһандық жүйе дағдарысы»; Негізгі міндеттерді дәйектеу — «ҚКХП идеологиясының құндылықтары». Сайлауалды бағдарлама батыстық мәдениет пен құндылықтардың келеңсіз ықпалына ерекше назар аударады және батыстық жалған мәдени құндылықтарды қабылдамауға негізделеді.

Т. Сыздықов штабы сайлау науқаны барысында Астана (ЖЭС, «Астанагазсервис» ЖШС жұмысшылары), Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан,

Батыс Қазақстан жұртшылығымен кездесті. Ақмола облысының Ақкөл ауданы, Щучинск («Қазақстан темір жолы» локомотив депосының ұжымы), Көкшетау қалалары мен Астраханка ауылының тұрғындарымен жүздесті. Үміткер «Өз таңдауыңды жаса!» ұранымен сайлау науқанына қатысты.

Жоғарыда келтірілген ойларға сәйкес, саяси жарнама өзінің сайлау науқаны барысындағы рөлін орындауы үшін төмендегі міндеттерді жүзеге асырады:

— әлеуметтік мүдделер негізінде қоғамға қажетті түсініктер мен азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру арқылы сайлауға дауыс беруге шақыру;

— әр үміткердің саяси құндылықтары мен бастамаларын жұртшылыққа жариялау және тарату;

— сайлау науқаны кезеңінде орын алып жатқан жаңалықтармен ақпараттандыру, түсіндіру;

— интернет-ресурстар, әлеуметтік желілер арқылы түрлі ақпаратпен жанама түрде ықпал жасау.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында отандық саяси мәдениет батыс елдеріндегі демократиялық құндылықтарға негізделген саяси жарнама технологияларын көшірді. Әсіресе, электоралды кезеңде көрініс тауып, еліміздегі сайлау науқанына Ресей, Украинадан тартылған мамандардың өзі шет елдік тәжірибеге сүйенді. Бүгінде отандық саяси жарнама нарқы мемлекет саясатының ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сай дағдыланды деуге толық негіз бар және өз менталитетімізді ұғынатын мамандар қызмет атқаруда.

Әдебиет:

1. Совет АНК предлагает провести досрочные президентские выборы в Казахстане // Казахстанская правда. — 2015. — 14 февраля.
2. ОСДП примет решение по участию в президентских выборах после выхода указа // matritca.kz [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.matritca.kz/news/18774-osdp-primet-reshenie-po-uchastiyu-v-prezidentskih-vyborah-posle-vyhoda-ukaza.html>
3. Президентские выборы — 2015: итоги и дальнейшие перспективы. — Астана — Алматы, 2015. — 41–42 бб.
4. 2015 жылғы 26 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасындағы мерзімінен бұрынғы Президенттік сайлауды байқау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының Алдын ала тұжырымдар мен қорытындылар туралы мәлімдемесіне Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2015 жылғы 14 мамырдағы түсініктемесі // [election.kz](http://election.kz/portal/page?_pageid=115,2289296&_dad=portal&_schema=PORTAL) [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: http://election.kz/portal/page?_pageid=115,2289296&_dad=portal&_schema=PORTAL

ПЕДАГОГИКА

Жарыс ойын түрлерін биология сабақтарында пайдалану

Абдраманова Гульмира Бостановна, биология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Ажмолдаева Клара Байжигитовна, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Баланың психикалық даму үрдісінде ойын әрекетінің тағлымдық және тәрбиелік маңызы осы заманғы тәлім-тәрбие психологиясында өзекті мәселе болып саналады. Ойын әрекетінде баланың денесімен ақыл-ойы дамып, өзін қоршаған ортаның заттарымен құбылыстарын танып біледі.

Ойынды психологиялық дамудың әр жағдайында коррекциялық бағытта қолдану мәселесінің теориялық және әдістемелік негіздері А. Фрейд, К. Роджерс, Д. Леви, Д. Торф және т.б. еңбектерінде ғылыми позицияларға байланысты әрқилы сипатталады.

Ойын әрекетінің бала психологиясының дамуына шешуші қызмет атқаратындығы жайында Ж. Аймауытов, Т. Тәжібаев, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, Ш. Құдайбердіұлы т.б. қоғам қайраткерлерінен бізге мұра болып қалған еңбектерінде айрықша атап өтілген [1–5].

Биология сабағында жарыс ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, жауапкершілігін, сүйіспеншілігін арттырады. Мәтінмен жұмыс «КВН» ойыны, «Сиқырлы сандық», Шеңбер бойынша мәтіннің мазмұнын айт», «Сурет арқылы мәтін құрастыр», «Мені дұрыс түсін», «Сөз тіркесінен ситуация құра», «Даналық ағашы» ойындары арқылы өтеді.

Бұл ойындардың барлығы жарыс түрінде өтеді, ұпай сандары арқылы бағаланады. Ойын қызық және тартымды болуы үшін ойынға керекті материалдарды көрнекі, түрлі түсті түрде дайындаған дұрыс. Бағалау парақтары. Топтардың нөмірлері, жетондар т.б. ойынға керекті заттар түрлі түсті қағаздан дайындалады.

Әрине, оқыту технологияларының қайсысын болмасын қолдану, оқушыны осындай ойынға бейімдеу, қызықтыру оңай іс емес. Ол оқытушыдан білімділікті, еңбекқорлықты, үлкен шығармашылық пен жаңашылдықты, мол дайындықты қажет етеді. Бұл жағдайда мектеп басшылығынан мұғалімдерге көмек қажет, компьютер, техникалық құралдар, үлестірмелі материалдар болуы тиіс.

Оқушылардың ой өрісін дамыту, пәнге деген қызығушылығын ояту биология саласындағы проблеманың бірі. Әрбір сабақ-мұғалім ізденісінің жемісі. Күнделікті

сабақтағы бір сарындылық оқушылардың ынтасын, қызығушылығын жоғалтады. Сондықтан сабақты түрлендіріп, ойын сәттерін қолданып өткізсе, сабақтың мазмұны ашыла түседі. Өйткені ойын оқушының бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруға, әлеуметтік өмірдегі процестерге өзінше баға беру мен пайыздай алушылыққа үйретіп, адамдармен қарым-қатынас жауапқа тәрбиелейді, зейіні арта түседі, есте сақтау қабілеті дамиды. Мәселен, биология сабақтарында жарыс ойын түрлерін пайдалану арқылы мынадай тақырыпта сабақ өткізуге болады.

§ 43. «Жұмыр құрттар типіне жататын жәндіктердің негізгі ерекшеліктері» тақырыбындағы жарыс сабақтың өткізу әдістемесі

Мақсаты:

Білімдік: Жұмыр құрттардың құрылысын біліп, олардың жалпақ құрттардан ерекшелігін және кластарын бір-бірінен ажыратуды үйренеді және маңызын түсінеді. Типке тән белгілерді талдауды үйренеді.

Дамытушылық: Оқушылардың танымдық қабілетін, сөйлеу, сыни ойлау қабілеттерін дамыту және пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Оқушыларға санитарлық-гигиеналық, адамгершілік, экологиялық тәрбие бере отырып, достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу. Топта жұмыс істей білуге дағдыландыру.

Сабақтың типі: Аралас сабақ

Сабақтың түрі: Жарыс сабағы

Сабақтың көрнекілігі: Слайдтар, таблица, электрондық оқулық. Қолданылатын әдістер: Жекелей-іздену, эвристикалық, пікірлесу, проблемалық, интерактивтік.

Сабақтың құрылысы:

Ұйымдастыру

Үй тапсырмасын сұрау

Жаңа сабақ

Бекіту

Бағалау

Үйге тапсырма беру

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру

Оқушылармен сәлемдесу. Түгелдеу. Сыныпты 5 топқа бөлу. Сергіту жаттығуын өткізу.

Сабақта оқушылардың өз ұсыныстарымен келісім немесе ереже қабылдау.

1. Сабақта тыныштық сақтау
2. Қол көтеріп жауап беру
3. Кезектесіп сөйлеу
4. Басқаны тыңдай білу
5. Мұғалімді тыңдау
6. Сұрақ қою
7. Көмектесу
8. Идеяларды, пікірлерді топпен талқылау

Үй тапсырмасын сұрау. Тест тапсыру

Жаңа тақырып алдында оқушыларға сұрақ қойылады.

Адам денесінде құрттар кездесетінін білесіңдер. Олардың қандай түрлерін атай аласыңдар? Құрттардың айырмашылықтарын білесіңдер ме?

Жаңа сабақтың мақсатымен оқушыларды таныстыру. Жұмыр құрттардың құрылысын білу, олардың жалпақ құрттардан ерекшелігін және кластарын бір-бірінен ажыратуды үйренеміз және маңызын түсінеміз. Типке тән белгілерді талдаймыз. Ендеше, біз бүгін сол құрттардың түрлерімен танысамыз.

Жаңа тақырыпты жазыңдар: § 42. Жұмыр құрттар типіне жататын жәндіктердің негізгі ерекшеліктері

Сіздерді бағалап отыратын мұғалім және 2 оқушыдан сарапшы тобын құрамыз. Олар өз бағаларын қойып отырады, ортақ балл шығарады.

Мұғалім іс-әрекеті. Оқушы іс-әрекеті

1. Балалар, дәптерлерімізді ашып, тақырыпты жазамыз.

§ 42. Жұмыр құрттар типіне жататын жәндіктердің негізгі ерекшеліктері. Оқушылар дәптерге тақырыпты жазады.

2. Тақырыпты ашып, барлық топ жұмыр құрттардың жалпы сипаттамасымен оқып, танысыңдар. Ол үшін оқулықтың 191-бетін және 192-беттің алғашқы 2 — абзацына дейін оқисыңдар. Оқып болған соң, мына кестені толтырыңдар.

Оқушылар тақырыпты оқулықтың 191—192 бетінің 2 — абзацына дейін оқиды. Оқушылар кестені толтырады.

3. Әр топтан 1 оқушыдан, шығарып, өз қалауларымен, схема бойынша отырған оқушыларға түсіндіреді.

Оқушылар өз топтарында оқығандарын бір-бірімен пікірлесе отырып түсіндіреді де, барлық оқушыларға түсіндіру үшін бір оқушыны ұсынады.

4. Оқушылар тобына 5 түрлі тапсырма беріледі. Топ қатысушылары ол тапсырмаларды өздері бөлісіп алады. Тапсырма немесе сұрақтар жауабын беру үшін, оқулықтағы тақырыпты әрі қарай оқиды да, бір-бірлеп кезегімен жауап береді. Жауап беру тәртібі төмендегіше: әр топтан 1 — тапсырманы орындаған оқушылар шығып, тапсырма жауабын ортаға салады. Олардың тапсырмасы талқыланып болған соң, келесі тапсырмаға көшеді. Осы тәртіппен барлық 5 тапсырма талданады. Оқушылар тапсырмаларды өзара бөлісіп, дайындалады да өз тапсырмаларының жауабын сыныптағы оқушыларға ұсынады.

5. 3 минут тақырыпты оқуға, 3 минут тапсырма мен сұрақтардың жауабын дайындауға беріледі. Әрбір сұрақпен тапсырманы талдауға 5 минуттан беріледі. Оқушылар жауабын оқулықтан оқып, схеманы толтырады.

6. 1. Мына жұмыр құрттар қайда тіршілік етеді? Жауабыңды схемаға түсір.

2. Үшкір құрт туралы не білдіңіз?

3. Ішексорғының құрылысы қандай екен?

4. Ішексорғының дамуы қалай жүзеге асады екен? (Сурет беріледі)

5. Жұмыр құрттардың пайдасы мен зияны қандай?

Оқушылар тапсырма мен сұрақтар жауабын дайындайды да, ауызша айтып шығады. Оқушылар схеманы толтырады.

Әр топтан 1 оқушы тапсырма мен сұрақтарына жауап береді.

Оқушыларға сұрақтар:

1. Үшкір құрт пен ішексорғының дене пішіні ақ сұлама сияқты жалпақ, әрі денесінде кірпікшелер болса не болар еді?

2. Үшкір құрт пен ішексорғы адам денесінен тамақ қалдықтарымен неге шығып қалмайды? Түсіндіріп көрші.

Бекіту.

1. Схема тақтада көрсетіледі, оқушылар өз жауаптарын айтады

Сипаттамасы	Жалпақ құрттар	Жұмыр құрттар
Дене пішіні		
Дене қуысы		
Дене қабаттары		
Түр саны		
Класс саны		
Өкілдері		

2. Тип неліктен жұмыр құрттар деп аталған?

3. Сірқабық, гиподерма дегенді қалай түсіндіңіз?

4. Сірқабықтың ағза үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз?

Балалар, бүгінгі жаңа тақырыпты түсінгендерің бас бармақтарыңды жоғары көтеріңдер, түсінбегендерің төмен түсіріңдер.

1. Кері байланыс: 1. Бүгінгі сабақ саған ұнады ма? 2. Ұнаса неге?
3. Ұнамаса неге? 4. Сабақ қызықты өту үшін не істеу керек?
2. Бағалау.

Әдебиет:

1. Бөрібекова, Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. — Алматы: 2014. — 360 б.
2. Өстеміров, К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. Алматы, 2007. — 144 б.
3. Қоянбаев, Ж. Б. Педагогика. Алматы, «Рауан». — 1992.
4. Қоянбаев, Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Алматы, 2000. — 384 б.
5. Сейталиев, Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Алматы: «Өлке», 2009. — 232 б.

Сындарлы тарих сабағындағы интерактивті оқыту әдістері

Әбенова Гаукар Абдразаққызы, үшінші деңгейлі тарих пәнінің мұғалімі
№ 222 Т. Рысқұлов атындағы орта мектебі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [2]. Сондықтан бүгінгі таңда әрбір ұстаздың мақсаты — қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың саналы ойлауын қалыптастыру, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған, ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау.

Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді.

Технология — белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгерлердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса — оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерден 50-ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр. Осындай әдістердің бірі — интерактивті оқыту технологиясы.

«Интерактивті» сөзін ағылшын тілінен аударғанда («inter»-бұл өзара, «activ»-әрекет) — біреумен сұхбат-

Үйге тапсырма беру: § 43. Осы құрттардың аттарынан анаграмма, ребус, кроссворд жасау.

Жалпы қорытындылай келе, мектеп оқушыларына биология сабағында ойын — тиімді тәсіл екендігіне көз жеткіздік. Ойын — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруға әсері мол болады деген сенімдемем.

тасу, әңгімелесу немесе өзара бірлесіп әрекет ету деген мағынаны білдіреді. Оқытудың интерактивті әдісі ол оқушылардың белсенділігін арттыруда қолданылатын әдістердің жиынтығы болып келеді. Олар: топтық жұмыс, ой шабуылы, рөлдік ойын, сарапшы топтардың пікір-таласы, жоба жасау, сұхбат, тақталар, кітаптар, видео, слайдтар, әртүрлі көмекші құралдар, пайдаланылған презентациялар, компьютерлер. Сабақ кезіндегі оқушылар мен оқытушының арасында тығыз қарым-қатынас байқалса бұны біз интерактивті деп атаймыз. Мұндай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның ішінде шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл кезде оқушылардың жауаптарынан да мәселенің шешімін табуға талпынғандығы негізгі маңызы болып тұр. Өйткені интерактивті оқытудың негізгі мақсаты:

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір оқушы өз ойын еркін жеткізеді;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыларға шығармашылықпен әрекет етуге әсер етеді;
- оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауаптарын анықтап дәлелді айта білуге үйретеді.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқытушының рөлі күрт өзгереді, ол тек қана процестерді реттеп отырады және оны жалпы ұйымдастырумен айналысады, қажетті тапсырмаларды алдын ала дайындайды және сұрақтарды немесе топтарда талқылауға ар-

налған тақырыптарды қалыптастырады, кеңестер береді, белгіленген жоспардың орындалу тәртібі мен уақытына бақылау жасайды. Сонымен қатар мұғалім баланың жеке өздігінен ізденуіне мүмкіндік беру; топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау; өздерін-өздеріне бағалату; іс-әрекет барысында білім алу; оқушы өз ойын еркін айту үшін мұғалім үнемі оқушыларға алғашқы сезімін білдіріп, үнемі көтермелеп отыру; ешқашан “жауабыңыз дұрыс емес” демеу қажет, ондай жағдайда тек сыныптан «келісесіздер ме?» деп сұрау; зейінсіз енжар оқушыны анықтау, оларда ой не ғажайып пікір болуы мүмкін, мұқият тындауы қажет.

Осыған сәйкес «Сындарлы оқыту бағдарламасы» бойынша өзін сабақ беретін 5–10 сыныптарда осы бағдарламаға сәйкес интерактивті оқыту технологиясының әдіс — тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға ықпал жасаймын. Ең алдымен әрбір сабақтың өтуіне мұғалім бағыт бағдар яғни көшбасшы бола отырып, әдістемелік нұсқаулықтармен жұмыс жасаймын.

Сондықтан да менің мақсатым, интерактивті әдістер арқылы оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап, ақпараттарды тек түсінуге ғана үйретпей, сын көзбен қарауға дағдыландыру болып отыр. Яғни өз сабақтарымды жоспарлағанда оқушының сыни ойлауын дамыту мақсатында сыни ой тудыратын сұрақтар немесе тапсырмалардың болуын қадағаладым.

Жалпы сабақ барысында өзін оқушыларға сұрақ қойғанда, оқушының өзіндік ойлауын дамытуға бағытталған сұрақтарды пайдалануға тырысамын. Мысалы: «Тәуелсіз Қазақстанның Ата заңы» тақырыбын өткенде «Тәуелсіз мемлекет деген не?» деген сұрақты алдым. Бұл сұраққа оқушылар топтарымен бірге жұмыс жасады. Топта жасаған жұмыстың мәнін аша келе, жаңа сабақтың тақырыбын ашуда оқушылардың сыни ойлау және сөйлеу белсенділіктері жақсы болып көрінді.

Осы тақырып аясында «Қара. Оқып шық. Жап. Жаз» әдісі арқылы сыныптағы үш топқа: I — топқа «Ата заңның шығу тарихы»; II — топқа «Ата заңның құрылымы»; III — топқа «Мемлекет, адам құқығы және Ата заң» тақырыпшаларын бөліп беріп, тірек — сызба арқылы көрсетіп, түсіндіруді тапсырдым. Топта оқушылар өзара талқылап, ортақ ойды жинақтап, әр топтың баяндамашылары ауызша айтып шықты. Қарап отырсақ, оқушылар ойланды, пікірлесті, айтты, яғни осы тапсырманы орындау процесінде олар бірнеше іс-әрекетті жасады.

Тізбектелген сұрақтарға жауап беру барысында бала ойын айтады, тілдесу дағдысы дамиды, өз пікірін дәлелдермен айта алатын болады. Осындай жұмысты көп жүргізу нәтижесінде кез-келген сөзден, ойдан өзіндік түйін жасайтын, өзіндік мәні бар, пікірі бар оқушы қалыптасады. Сұрақ қоюдың маңыздылығы да осында, оқушылардың өз көзқарасын қалыптастыру. Қарапайым тілмен айтқанда, мұғалім әртүрлі сұрақтар арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетіп отырады. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлайтын баланы қалыптастыру үшін ең алдымен диалогтық оқытуды дамыту керек деп есептеймін.

Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбіе түсуде. Осылайша балаларды XXI ғасырда және кейінгі ғасырларда өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру — мұғалімдер үшін ынталандырушы күш болып табылады. Балалар күннен — күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту керек (Wolf and Alexander, 2008).

Жазу арқылы баланы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін дарынды оқушыларға жеке тапсырма ретінде тарихи шығармаға тақырып қойып, оны әрі қарай өз ойларымен жалғастырып жазуды пайдаланғанымда, сыныптағы оқушылардың шығармалары әртүрлі болып шықты, мұның өзі әр оқушының өзіндік ойлауы, түсінігі бар екенінің дәлелі болды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», яғни өтілген тақырып бойынша мәтіндегі елтаңба, әнұран, ту сөздеріне жоспар құрып, балаларға әңгіме жазғыздым. Бұл жұмыс оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу арқылы, нақты мағынасын тек бірнеше сөйлеммен жазып жеткізу арқылы да баланың ой-өріс шеңберін өсіруге көп көмегі тиеді деп есептеймін.

Талқылау арқылы сыни тұрғыда ойлауға үйретуде мен тарих сабағында салыстыру, талқылау, талдауды көп қолданамын. «Ұлттық теңге — мақтанышым» тақырыбындағы сабақта оқушыларға «Ақша деген не? Ол не үшін қажет?» деген тақырыпта қысқа диспут жүргіздім. Балалар әуелі ойларын дәптерге жазып, өз ойларын ортаға салды, тамаша пікір — талас жүрді.

А. есімді оқушының пікірі: «Ақша — Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы. Ақша барлық жерлерде керек. Ақшасыз өмір жоқ. Ақшаның қоғамда алатын орны ерекше болып келеді. Әр мемлекеттің ақшасы оның ұлттық тарихын, ерекшеліктерін анықтайтын нышан. Төл теңгемізде ұлт қайраткерлерінің, хандардың, батырлардың суреттері салынған. Сондықтан ақша өте қажет болып саналады» десе, с. есімді оқушы: «ақша киіну, тамақ ішу, оқуға түсу үшін керек», — деген пікір айтқан. Бұдан, сыни тұрғыдан ойлау — білімнің болашақта пайдаға асуын, қажетке жарауын қалыптастырады. Оқушыларға көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Үй тапсырмасын сұрауда келесі сабақта, «Хатқоржын» әдісі арқылы ортаға ішінде сұрақтар жазылған карточкалары бар қоржын әкелдім. Онда балалар карточкадағы сұрақтарға жауап берді.

— Ақшаны пайдалану қай кезде пайда болған?

— Нумизматика ғылымының негізін салушы кім?

— Ақша қандай металдан жасалады? деген сұрақтарға дәстүрлі сабақта бұғып отыратын оқушылар өздерінің сыни ойлау қабілеттерінің ұшқырлығын көрсетті. Бірқатар оқушы сабақта ойын еркін жеткізе алды.

Көру арқылы баланы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін интерактивті тақтадан «Қазақстан Астаналары» туралы бейнебаян көрсетілді. Бейнебаянды көріп болған соң, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру үшін «Ой талқы» ұйымдастырылып:

- Бейне баянда қандай қалалар туралы айтылған?
- Қалалар тарихы мен таныса отырып нені байқадық?
- Бүгінгі тақырып не туралы болмақ?, — деген сұрақтарға оқушылар өз білетіндерін бірі хормен, бірі жеке айтты.

Ең алдымен, сабақ барысында қарастырылып отырған мәселе туралы оқушы не біледі және не айта алады соны анықтауды мақсат еттім. Сосын ақпаратты көрсете отырып, оқушының бейнебаянды көре отырып, оқушының не пайымдағанын қарастырдым. Яғни, баланың ын-тасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз. Сыни тұрғыда ойлау — мұғалімнің бағыттауымен оқушыны өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Ойлау да, оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау сияқты іс-әрекет.

«Астана — Қазақстанның бас қаласы» атты сабағымда «Қара. Оқып шық. Жап. Жаз» әдісі арқылы мәтінмен танысып шығып, оқыту арқылы баланың сыни тұрғыдан ойлауға үйрету мақсатында мәтінмен топтық жұмыс жасауды тапсырдым.

I — топқа: «Бұзоқ — ортағасырлық қала»

II — топқа: «Алматыдан — Ақмолаға»

III — топқа: «Астана — ел мақтанышы» тақырыптарын топтарға таратып, тірек — сызбалар арқылы баяндамашы шығып, жұмыстарын қорғады. Тапсырманы орындау кезінде оқушылар топтасып талқылап, бір-бірімен ақылдасты, біреуі суретті қалай, қандай формада салу керектігін айтып жатса, екіншілері оған нені жазуды ойластырып жатты.

Оқушы өзінің білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды, яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы ойы ашылады. Оқушы жауаптарынан соң оқушыларға «Жер жұмағы — Астана» тақырыбында эссе жазу тапсырылды. Эссені оқушылар түгел қызығушылықпен жазды.

А. есімді оқушы: менің арманым — Астана қаласында жоғарғы оқу орнында оқу және өмірімді сол жерде өткізу. Себебі Астана қаласы теледидардан көргенде, тура ертегідегідей өте әсем, өте көркем және жас қала. Қалада жастар өте көп, көптеген достар табуға болады. Мен үшін Астана болашақтың кілті секілді көрінеді» — деп жазыпты.

Сабақ барысында оқушылар топқа бөлініп үйренді, тақырыпты жұпта, топта талқылауды меңгерді. Ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты. Жұптық, топтық бағалауда ой пікірлерін айтып, «Екі жұлдыз, бір тілек»,

«Басбармақ», «Бағдаршам», «Геометриялық фигура», «Смайлик», «Табыс критерийлері» арқылы бағалау оқушылардың сабаққа деген белсенділіктерін арттырды. Өйткені дәстүрлі сабақ пен сындарлы ойлау теориясына негізделген сабақтардағы бағалаудың аралығы жер мен көктей. Осы сабақтарымды өту барысында мен оқушылардың бойынан дәстүрлі сабақтарда болмаған белсенділікті байқадым.

Осындай нәтижеге бағытталған жұмыстар оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді; ақыл — ойын дамытады; шығармашылық белсенділігі артады; ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығы жетіледі; жан-жақты ізденеді; өз ойын жеткізеді;

Алайда оқушы бойында осы қасиеттерді, ептіліктерді дамытуда біз мынаны естен шығармауымыз керек:

- оқушылардың ойланып, толғануына уақыт беру;
- ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- әр үрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- үйрену барысында оқушылардың іс-әрекеттерін қолдау;
- сыни тұрғысынан ойлауды бағалау;
- оқушылардың бір-біріне жасаған сындарының дәйекті болуын талап ету;
- өз іс-әрекеттерін бағалай білу.

Сонымен, қорыта келе, жаңа оқу технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде қолданудың нәтижесінде топтық, жұптық, жеке жұмыс жасау арқылы оқушылар жинақтаған білімін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзектілі мәселе. Шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған адамзат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология ауадай қажет.

Интерактивті оқыту технологиясы — нәтижеге бағытталған оқыту. Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интерактивті оқытудың тиімді жақтары: оқушылар ақпарат алумен қатар өздерінің белгілі бір мәселені шешу жолын қисынды түсіндіріп береді. Оқушылар ойларының теңдігіне талпынады.

Мұғалімнің жетекшілігі арқылы білімдерін әрі қарай дамытады. Осыған орай тарих сабағында өзім қолданып жүрген интерактивті оқыту технологиясы — білім берудің болашақ көкжиегін кеңейтетініне сенімім зор. Қорыта келе айтарым, мұғалім ізденісі — білім кепілі. Демек, жаңа технологиямен қаруланған мұғалім ғана, өркениетті ел болашағын тәрбиелей алады. Жаңа технологияны білім беру саласында тиімді пайдалану оқушылардың, өзіндік жұмысының сапасын арттыруға көмектеседі.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші негізгі деңгей. Астана, 2014.

3. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 2006, № 6, 20–22 бб
4. «Хабаршы»//2012, № 1, 4–5 бб.
5. Ғаламторлық ақпараттар — www.cpm.kz сайтынан алған материалдар

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудағы бастауыш білім беру сатысындағы ұтымды оқыту

Беркімбаева Гүлзира, үшінші деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі
Арал қаласындағы № 13 орта мектебі (Қызылорда облысы, Қазақстан)

Білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Сындарлы оқытудың мақсаты — оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан немесе достарынан алған білімдерімен байланыста жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамып, сандық технологияларда құзырлық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Сындарлы оқытуда топтық тапсырманы орындау барысында оқушылар Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсеткен болатын. Оқушы топта жұмыс жасау кезінде пікірлеседі, ізденеді, қорғайды, талқылайды, өзін еркін ұстайды. Осындай іс-әрекет оқушыларға ұнайды. Сонымен қатар оқушылар өздерінің жасаған жұмыстарына (постерлеріне) өзара баға беріп, сыни тұрғыдан ойлана бастады. Осындай бірнеше жұмыстардан кейін оқушыларда топта бірігіп жұмыс жасауға деген ынта пайда болып, күннен-күнге жақсы нәтижеге бергені байқалды. Оқушылар алғашқы сабақтағыдай емес, бірте-бірте өз ойларын, көзқарастарын білдіре бастады.

Дәстүрлі сабақта оқушының сөйлеуіне, қозғалуына еш мүмкіндік бермедік. «Жан-жағыңа қарама, бір — бірінмен сөйлеспе, қозғалама», — деп, шектеп отыратынбыз. Бізде сыныпта әңгімелесуге болмайды деген түсінік қалыптасқан. Ал қазіргі кезде партаны топтық жұмысқа қолайлы етіп орналастырдым. Балалар бір — біріне қарама — қарсы отырады. Ол жұптық, топтық жұмыс жүргізуге ыңғайлы.

Тәжірибе кезеңінде оқушыларға жоғары деңгейдегі сұрақтар беру, ойлануына мүмкіндік беру, пікірін қолдау мақсатында іс-әрекеттерді таңдап алдым. Сол әдістер арқылы оқушының дұрыс ойлана білуіне сәл де болса ықпал еттім.

«Ана тілі» пәні бойынша өткен сабағымның тақырыбы: «Алтын балта». Мақсаты: Ертегіден адал, шыншыл болудың жақсы қасиет екенін үйренеді. Жоғары деңгейдегі сұрақтар қояды. Осы сабақтан күтілетін нәтиже: ертегі кейіпкерлеріне мінездеме бере алады. Кейіпкерлердің іс — әрекетіне сын көзбен қарай алады. Топқа бөлу үшін әр сабақта сол сабаққа байланысты тапсырмалар таңдап отырамын. Оқушылар парақшалардағы жазылған сөздерден адалдық, шыншылдық, туралы мақал-мәтелдер құрастырды. Осы құрастырылған мақалдарын оқушылар интерактивті тақтадан дұрыс нұсқасын қарап, тексерді:

1. «Өтірік сөз өрге баспас»;
2. «Жарлы болсаң да, арлы бол»;
3. «Өтірік айтып жағынғанша, шындық айтып жалын».

Сол құраған мақалдары бойынша топқа бөлініп отырды.

Топқа мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? деген сұраққа жауап беру арқылы оқушылардың сыни тұрғыда ойлана білуін дамыту болды. Оқушылар тапсырманы жақсы қабылдап, өз ойларын ортаға салып, әр топ бағаланды. Осы мақалдарды талдата отырып, жаңа сабақтың мақсатын оқушылармен бірлесе отырып қойылды. Ол үшін жетелеуші сұрақтар қойылды:

- Бүгінгі сабағымыз не туралы деп ойлайсыңдар?
- Адамның бойындағы жақсы, жаман мінездер туралы.
- Бүгінгі сабақтан не үйренуіміз мүмкін?
- Өтірік айтпау, шыншыл болуды үйренеміз. Жақсы, жаман қасиеттерді ажыратуды.

Жаңа сабақты меңгерту үшін дәстүрлі сабақта оқушыларға мәтінді өзім оқып беретін едім. Енді мен жаңа сабақты меңгерту мақсатында түрлі тапсырмалар әдіс-тәсілдердің тиімдісін таңдауды үйрендім. Осы сабаққа мен мәтінді оқушылар өздері оқып, жұпта талқылауды бердім. Оқушылар тапсырманы орындау барысында байқағаным, бұрын оқы дегенде де мәтінді оқымай отыратын оқушылар болатын. Енді бір-біріне «Сөйлеуші және тыңдаушы» әдісі бойынша мазмұндандар дегенде, оларда «қазір не

айтам?!» деген, жауапкершілікті сезініп оқығанын байқадым. Топтық жұмыстың ұтымдылығы сол сабақ үстінде тақырып бойынша барлық оқушының білімін тексеріп, біріне-бірі көмектесе жұмыс жүргізуге дағдыланды, бірінің білмегенін екіншісі толықтырып, көпшіл болуға үйрене бастады. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға дамыту және дарынды оқушыларды дамыту мақсатында топқа тапсырма берілді:

1-топ. Кедей мен байға мінездеме беру;

2-топ. Кедей мен байды салыстыру (Венн диаграммасы);

3-топ. Ертегіні сахналап көрсету;

1-топ Бай мен кедейді сипаттау. Оларға мінездеме берді. Бай қандай? Кедей қандай? — деген сұрақтарға жауап берді.

Осы тапсырманы бере отырып, оқушылардың адам бойындағы жақсы, жаман мінездер болатынын білдіру болатын. Тапсырма барысында оқушылар байдың іші тар, көрсеқызар, жалқау, ал кедейдің ақкөңіл, адал, шыншыл, еңбекқор екенін білді. 2-топ. «Венн диаграммасы» арқылы бай мен кедейге мінездеме бере отырып олардың сыни тұрғысынан ойлауын дамытуды көздедім.

Сыни тұрғыдан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін-өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан-дүниесі өзгереді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, кез-келген сабақты меңгереді, оқушы өзін-өзі тәрбиелейді. Осы тапсырманы орындау барысында оқушылар сыни тұрғыдан ойлауды қолдана отырып, екі кейіпкерді салыстырды. Олардың іс-әрекетіне көзқарастарын білдірді. Бай — өтірікші, жалқау, іші тар, көрсеқызар десе, кедей — адал, еңбекқор, шыншыл, ақкөңіл деп өз ойларын білдірді. Екі кейіпкердің айырмашылығын атай отырып, екі кейіпкерге ортақ адам, ер кісі деп ортақ қасиетін тапты.

3-топқа берілген тапсырма сыныптағы дарынды және талантты оқушыларды анықтау мақсатында болды. Қабілетсіз адам жоқ, қабілетті туа бітісімен анықтап, әрі қарай тәрбиелемесе ол дамымайды. Мысалы, талантты және дарынды баланы байқамау мүмкін емес. Олар көпшілікте өздерінің іс-әрекеттерімен, бейімділігімен, қабілеттілік-терімен көзге түсіп отырады. А.Р. деген оқушылардың дарындылығын дамыту мақсатында ертегіні сахналап көрсетуді тапсырдым.

Әдебиет:

1. «Педагог және диалог» ақпараттық-әдістемелік республикалық журнал. — 2012. — № 3.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. — 2012.

Дәстүрлі сабақта да тапсырма беріледі. Бірақ сол тапсырманы тек белсенді оқушыларымыз ғана айтады, қорғайды. Топтық жұмыстың маңызын енді ғана түсінгендеймін. Себебі, әр оқушы өзінің пікірінің құнды, керек екенін сезе бастады. Бұрын кей оқушылар жауап беруге қатыспайтын, себебі оларда «менің жауабым дұрыс емес шығар» деген ой болатын. Енді сол оқушылар бірте-бірте ашылып, сөйлей бастады.

Сонымен жаңа сабағым «Алтын балта» ертегісін өз нәтижесінде қорытындылау үшін, «Ыстық орындық» әдісін таңдап алдым. Себебі бұл әдісте оқушылар ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне өз көзқарастарын білдіруі арқылы біріншіден, сын тұрғысынан ойлауы көрінді. Екіншіден, адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді айта отырып ажырата білді. Мысалы, Аружан есімді қыз «Мен осы ертегіден кедейдің іс-әрекетінен әділ болуды, өтірік мкөрсекызарлық, көре алмаушылық сияқты жаман әдеттерді көріп, ондай әдеттерден аулақ болуды білдім. Кедей өте қарапайым, ақкөңіл шыншыл екен. Осы қасиеттерінің арқасында ол алтын балталы болды. Дәулеті тасып, жағдайы жақсара бастады. Ал байға мен қатты ренжідім. Несіне өтірік айтты. Алтынды көре сала көзі жайнап кетті. Егер ол өтірік айтпағанда диірменші оған да алтын балтаны беретін еді» деді. Ал, Дильназ деген оқушы ыстық орындықта отырып диірменшіге өз көзқарасын былай білдірді: «Мен диірменшінің іс-әрекетіне риза болдым. Өте ақылды екен. Кедей мен байдың қайсысы шын, қайсысы өтірік айтып тұрғанын бірден білді» десе, Баубек деген оқушы «Біреуге жамандық жасамақ түгіл, оны ойлағанның өзі жаман дегім келеді. Бай кедейді байып кетті деп көре алмай нәтижесінде өзі сары ауру болып өлді де қалды. Менің осы сабақтан түйгенім, жаман әдеттерден аулақ болып, жақсы қасиеттерді үйреніп, үнемі жақсы деген атқа лайық боп жүрейік» деген сөзінен осы сабаққа қойған мақсатымның нәтижесіне жеткенімді білдім.

Сындарлы оқыту теориясын алған білімімізді өз тәжірибемде зерттей келе, оқушыларымыздың алға жылжығанын байқадым. Өткізген сабақтарымда алғашқыдай емес, оқушылар бір-бірін зерттеуге, ойларын зерделеуге, сұрақтарды әр қырынан қоя білуге, идеяларын дамытуға дағдылана бастағандай болды. Осы бағдарламадағы жаңа әдіс-тәсілдер маған қарапайым, қолдануға ыңғайлы болғанымен ойымнан шықты. Сондықтан алдағы уақытта сындарлы оқыту идеясын дамыту өз тәжірибемде жалғасын табатынына сенімім мол.

Экологизация как важная составляющая педагогики

Боранбаев Абди Сейлович, кандидат педагогических наук, доцент
Университет «Болашак» (город Кызылорда, Казахстан)

Одна из основных тенденций современной науки является ее экологизация. Сегодня усиливается процесс внедрения идей сохранения природы и устойчивой окружающей среды, проникновение экологических представлений и концепций в сложившуюся систему науки. Для современной педагогики в большой степени характерна междисциплинарная экологизация — выявление знаний о взаимоотношениях человека и природы в системе знаний о воспитании человека

Возникновение экологической педагогики подтверждает усиление статуса интегративных тенденций в динамике развития науки в целом (экологическая педагогика возникла на стыке социальной экологии и педагогики с психологией). В ее рамках отчетливо выражено стремление науки к преодолению разрыва между естественнонаучным и гуманитарным знанием.

В. И. Вернадский еще в 30-х годах XX века предвидел реальность стирания граней между отдельными науками, целесообразность для ученых специализироваться не по наукам, а по проблемам [1].

Экологическая педагогика может служить примером смены традиционного дисциплинарного подхода проблемным (решение проблемы экологического воспитания человека).

Стремление через гуманизацию преодолевать разделение между естествознанием, технoзнанием и человекознанием находит свое выражение и в экологической педагогике.

В свою очередь сегодня в экологический анализ включается множество вопросов, которые традиционно считались компетенцией педагогики [2].

Понятие экологической педагогики в отличие от классической педагогики последовательно выводится из понятий экологизация образования, экологическое образование, экологическое воспитание, экологическая культура.

Экологизация образования рассматривается, как: включение экологических аспектов во все образовательные предметы, экологизация процесса обучения, экологизация среды образовательного учреждения, экологизация взаимоотношений учитель-ученик (Н. М. Мамедов); включение в учебные планы интегрированных экологических курсов (В. В. Николина); транслирование в содержание учебного предмета экологического стиля мышления, а не фактов, относящихся к объектной области экологии (А. Ю. Либеров); насыщение содержания образования экологическими знаниями, выработка экологической культуры, умений и навыков практической деятельности по реализации принципов экологической политики (Л. М. Зайцева); процесс проникновения эко-

логических идей, понятий, подходов в другие дисциплины, а также подготовка экологически грамотных специалистов самого различного профиля (Н. А. Бирюкова) [3].

В глобальном научно-образовательном пространстве «экологизация каждой науки может принести большую образовательную пользу» [4].

Исследователи И. Д. Зверев, И. Т. Суравегина, Л. П. Салеева, Л. В. Моисеева и др. рассматривают экологическое воспитание в качестве составляющей экологического образования. Суть данного процесса, с их точки зрения, сводится к формированию качеств личности, обеспечивающих ответственное отношение к окружающей природной и социальной среде. Следует отметить, что Н. Н. Моисеев, анализируя в работе «Экология и образование» соотношение двух данных процессов, отмечает, что экологическое воспитание невозможно без экологического образования, и поэтому образование должно развиваться в контексте воспитания, тем более что знания сами по себе еще не определяют направленность деятельности человека [5].

Экологическое воспитание — это процесс социализации личности (поколения) путем передачи в ряду поколений экологической культуры как социального опыта. В рамках данного процесса осуществляется формирование социально ценных убеждений, форм поведения и эмоционального опыта в области охраны природы, среды жизни и здоровья [6].

Понятие «экологическая педагогика» в научно-педагогической литературе определяется по-разному. Например, основатель научной школы «Экологическая педагогика», профессор Л. В. Моисеева отмечает, что «экологическая педагогика это отрасль педагогической науки, изучающая закономерности формирования экологичной личности, характеризующейся экологической воспитанностью, экологическим мировоззрением, экологическим сознанием, экологическим мышлением, экологической культурой» [7].

В трактовке Л. В. Моисеевой объектом экологической педагогики является процесс экологического образования, а предметом экологической педагогики — законы и закономерности экологического образования, в том числе факты, механизмы, закономерности формирования экологичной личности, обладающей экологическими знаниями, умениями, отношениями на основе закона о коэволюционном развитии как оптимальном взаимодействии Человека и изменяемой им природной среды.

В работе С. В. Безруковой говорится, что «экологическая педагогика — это новая ветвь педагогического знания, интегрирующая в себе необходимые сведения о человеке, полученные другими науками (философией, физиологией, гигиеной, медициной, анатомией, антропо-

логией, психологией, экономикой и др.) и на этой основе разрабатывающая системы прородособразного и культуросообразного воспитания, образования, обучения. Эти воспитательно-образовательные системы — системы нового типа, обеспечивающие целостное единство человека, природы и социума. Эту педагогику часто называют нравственной педагогией, ибо в ее основе лежит духовно-нравственное воспитание человека» [8]. По мнению О.М. Дорошко, экологическая педагогика — это «научная дисциплина, изучающая взаимодействия и взаимодействия личности и среды её обитания» [9].

Таким образом, формирование экологической культуры является основной задачей и целью экологической педагогики, которую понимают как нравственно-духовную сферу жизнедеятельности человека, включающую экологическое сознание и экологическую деятельность.

Принципиальное значение в экологической педагогике имеет положение о том, что отношение человека к природе приобретает черты ответственного лишь при условии развития его как разностороннего.

Педагогика определяет общепедагогические принципы и методы, а также организационные формы, которые экологической психопедагогией соответствующим образом используются конкретно для решения задач экологического образования. Таким образом, именно в единстве трех своих основ: экологии, экологической психологии и педагогики, которые интегрируются в рамках экологической психопедагогической, может эффективно осуществляться экологическое образование [10].

Экологизация педагогической теории и практики инициирует такие дидактические инструментарии как экологическая тропа, школьный экологический совет, экологический проектный урок, экологические и трудовые воспитательные дела, экологический мониторинг и экологическая паспортизация деятельности образовательного учреждения.

Включение в педагогическую среду природных объектов и их комплексов служит важным фактором формирования развивающейся личности

Парадигмой перехода общества к модели устойчивого развития окружающей среды и человечества сегодня является оптимальное устройство рыночной экономики, а экологизация — это результат экономической деятельности человека. Поэтому «для устойчивого развития нужен, во-первых, другой человек и, во-вторых, нужна другая система управления, а ... механизм создания другого человека — это образование. Достаточно бросить

туда силы, и будет достигнута социальная устойчивость, определяющаяся появлением третьего сословия (буржуазия)» [11] т.е. представителей среднего бизнеса.

Адаптация экологического образования к устойчивому развитию вынуждает определить отвечающие ему подходы и принципы. Прежде всего, следует подчеркнуть необходимость переориентации всей системы образования на новые ценности. Происходит вытеснение технически ориентированного мировоззрения экологически ориентированным мировоззрением. Новое мировоззрение усваивается с трудом. Его утверждению мешают не только сложившиеся стереотипы, но и психология потребления природных ресурсов [12].

В контексте выше сказанного, сегодня экологизируется содержание учебников и учебных пособия по педагогике. Так, автор курса лекций «Педагогика» Б.Т. Лихачев считает, что экологическое воспитание осуществляется в неразрывной связи с умственным как часть мировоззрения, общего познания мира [13].

По утверждению И.П. Подласого «красной нитью через все предметные области школьного образования проходит идея экологизации» и «все содержание образования перестраивается под углом зрения экологического императива» [14].

В понимании В.С. Кукушина и А.В. Болдыревой-Вараксиной «экологическая чистая среда для воспитания ребенка зависит от 3-х компонентов — 1) естественно-природный, 2) социальный, 3) культурный» [15].

Исследования Г.К. Длимбетовой показали, что «психолого-педагогический цикл предметов открывает широкие возможности приобщения студентов к идеям радиэкологической безопасности» [16].

В учебных пособиях по педагогике и теории воспитания казахстанских ученых [17–19] введены разделы «Экологическое воспитание» и рассматриваются такие вопросы как: задачи, содержание, формы организации экологического воспитания в школе; значение экологического воспитания; система экологического воспитания и обучения в школе; связь экологического воспитания с народным воспитанием; научно-теоретические основы преподавания экологических знаний на современном этапе.

Исходя из выше изложенного можно утверждать, что усвоение экологических понятий в школах и вузах является одним из ключевых моментов формирования мировоззрения обучающегося, а проблема экологизации педагогической теории и практики является одной из актуальных на сегодняшний день.

Литература:

1. Вернадский, В.М. Размышление натуралиста. Научная мысль как планетное явление. — М., Наука, 1991. — 192 с.
2. Шишлова, М.А. Экологизация наук. <http://cyberleninka.ru/article/n/ekologizatsiya-nauk#ixzz3mr3qVwRY>
3. Морозова, Н.В. Экологизация образования как средство формирования экологической культуры // «Фундаментальные исследования» № 3 за 2012 год (часть 2)
4. Сарыбеков, М.Н. Теория и практика экологической подготовки будущего учителя начальных классов. Алматы: Гылым, 2001. — 152 с.

5. Артамонова, Е. И., Исакова М. О. Экологическое воспитание будущего учителя в едином образовательном процессе педагогического процесса. [library.by/portalus/modules/..](http://library.by/portalus/modules/)
6. Несговорова, Н. П. Методология системного подхода в определении содержания и структуры экологического образования // Омский научный вестник № 2 (76) 2009
7. Моисеева, Л. В. Теоретико-методологические основы экологической педагогики. <http://cyberleninka.ru/article/n/teoretiko-metodologicheskie-osnovy-ekologicheskoy-pedagogiki>
8. Безрукова, В. С. Основы духовной культуры (энциклопедический словарь педагога). Екатеринбург. 2000. — 937 с. do.gendocs.ru/docs/index-110372
9. Экологическая педагогика — Портал «Школа жизни» potencial-school.ru Дорошко О. М. Экологическая педагогика: учебное пособие / О. М. Дорошко. — Градно: ГрГУ, 2009. — 194 с.
10. Ясвин, В. А., Дерябо С. Д. Современные тенденции в развитии стратегий экологического образования. ipk.brsu.by/sites/all/docs/09-03.
11. Лосев, А. В., Провадкин Г. Г. Социальная экология. М.: ВЛАДОС, 1998. — 312 с.
12. Раскин, В. Г., Колесникова А. А. Об экологическом образовании в переходный (к устойчивому развитию) период. pandia.ru/text/77/254/55426.php
13. Лихачев, Б. Т. Педагогика. Курс лекций: М.: Прометей, Юрайт, 2001. — 607 с.
14. Подласый, И. П. Педагогика: 100 вопросов — 100 ответов М., Владос-Пресс, 2006. — 365 с.
15. Кукушин, В. С., Болдырева-Вараксина А. В. Педагогика начального обучения. — М., Март, 2005. — 592 с.
16. Длимбетова, Г. К. Экологизация обучения в вузе. Алматы: Ғылым, 2001. — 336 с.
17. Қоянбаев, Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Алматы, 2004. — 420 б.
18. Әбенбаев, С. Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: Дарын, 2004. — 352 б.
19. Мұхамбетова, С. Қ., Қожаева С. Қ. Тәрбие теориясы. Астана, 2007. — 188 б.

Бастауыш сыныптың құзырлы мұғалімі — табысты оқытудағы түйінді тұлға

Булебаева Акжаркын Беккожаевна, үшінші деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі
Қазалы ауданындағы № 238 орта мектебі
(Қызылорда облысы, Қазақстан)

Қазіргі таңдағы білім сапасын арттырудың талабы бойынша білім беру кеңістігіндегі инновациялық үдерістердің бағыттарының бірі — оқытудың жаңаша үлгілерін тиімі пайдалану. Мұғалімнің негізгі қызметі — оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру, яғни педагогикалық үдерісті басқару. Әр мұғалімнің алдындағы сәулелі мұраты — өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу, өмірге деген өзіндік көзқарастарын қалыптастыру. Мұғалім өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін, ең алдымен, өз қызметінің мәнін түсіне білуі шарт. Оқу — адамның психикалық дамуының формасы, элементі.

Кез келген оқыту белгілі бір мөлшерде адамды дамытады. Даму ұғымы философиялық сөздікте «... мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы», — деп, түсіндіріледі [1].

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек», — М. Жұмабаев айтқандай, оқыту үдерісіне жаңа көзқараспен қарау, жаңа өзгерістерді меңгеру — уақыт талабы.

ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасы ғылыми

тәжірибелерді зерделеу мен меңгеруге көмектесетін негізгі құрал екендігін ұқтым. Осы бағдарлама арқылы сындарлы оқыту теориясының негіздеріне сүйене отырып, оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа әдіс арқылы немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен бірлесе отырып, жүзеге асатыны сөзсіз. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Ал, дәстүрлі оқытудан алған білімнің механикалық түрде есте сақталған мәліметтердің ғұмыры қысқа, оны мектептен тыс жерде тиімді пайдалана алмайды, себебі алынған мәнмәтіндердің мәнін терең меңгермегендіктен, жай ғана жатталғандықтан, ол басқа уақытта жарамсыз болып қалатыны белгілі.

Сындарлы оқыту негізінде жүргізілетін сабақтар оқушыларға білімдері мен сенімдері жайында ойланып, ол туралы сұрақтар қойып, жаңа білім алып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертіп отыруға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін арттырады. Оқытудың бұл

түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынталы болғаны абзал.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас болады. Біріншіден, оқушының жеке тұлға екендігі және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қарастырылуы.

Табысты оқыта отырып, құзырлы мұғалім — алдындағы оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білуі керек. Табысты оқыту дегеніміз — бұл Ли Шульманнның зерттеуі бойынша айтқан «Мұғалімнің үш көмекшісі» — «бас», «қол», «жүрек» арқылы оқушылардың оқытуын жақсарту болып табылады. Оқытуды жақсарту үшін сапаға тоқталамыз. Сапалы оқыту — мұғалімнің қолданатын сан алуан әдіс-тәсілдері арасындағы байланыс болып табылады, яғни оқушылардың қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі, жиынтығы ретінде қарастырылады.

Оқытудың сапасын қалай анықтаймыз? Оны екі тәсіл арқылы анықтауға болады.

Біріншісі, мұғалім жұмысының тиімділігіне және оқушылармен өзара байланысының қаншалықты дамығанын анықтау барысында жүргізіледі.

Екіншіден, жай ғана кәсіби міндеттерді жауапкершілікпен орындағаннан гөрі, көбірек күш-жігерді талап ететін сапалы әрі табысты оқытуға ерекше көңіл бөлу арқылы жүргізіледі.

Бағдарлама арқылы оның тағы бір тиімділігін білгенім, Кембридж бағдарламасы төмендегідей бағытта жұмыс жасайтын мұғалімдердің дамып, жан-жақты ашылуына жол ашады:

1) жаңаша ізденістермен оқыта отырып, зерделей ізденетін, оқушыларға белсенділікпен қамқорлық көрсетіп, ықпал етіп, бағдар беретін мұғалімдер;

2) әрбір оқушының пәнді түсінуін қалай құру керек екендігін ойлайтындығымен және білетіндігімен санасатын, осы көзқарастар тұрғысынан білімі мен тәжірибесін қалыптастыратын, сондай-ақ оқушының білім беру бағдарламасы деңгейлері бойынша ілгері жылжуын өрістету мақсатында мазмұнға сәйкес кері байланыс орната алатын кәсіби білімі мен түсінігі бар мұғалімдер;

3) оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін білетін, бүкіл оқушылардың бұл өлшемдерге тиісті дәрежеде сәйкес келуіне қолдау көрсететін, ағымдағы білім мен «Біз қайда бара жатырмыз?», «Қандай іс-әрекет жасап жатырмыз?», «Одан кейін не істеу керек?» деген сияқты, оқушылар мойындаған табыстылық өлшемдері арасындағы алшақтықты жою үшін не істеу керек екендігін білетін мұғалімдер;

4) бастапқы идеядан басқа да идеяларды өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды оқушылар зерделеп,

қарастырып, жандандыра алатындай мүмкіндіктерге жол ашатын мұғалімдер.

Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер қазіргі білім беру саласында қызмет ететіндерге үлкен жауапкершілік артып отыр. Бұл жауапкершілік, ең алдымен, бастауыш сынып мұғалімдеріне жүктелетіні белгілі. Соңғы жылдары акселерацияның қарқынды болуына байланысты жаңа буын оқулықтары бірнеше рет қайта өңделіп, қоғамның даму талабына сәйкестендіріліп шығарылды. Сол оқулықтармен жұмыс істеудегі мұғалімдерге қойылатын бірінші талап — қазіргі білім берудегі жаңа технологияларды қолдану. Жаңа буын оқулықтарын оқытудағы қазіргі технологияны қолдану дегеніміз — өсіп келе жатқан ұрпақтың еркін тұлға ретінде дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді шығармашыл болуына жағдай жасау.

Бүгінгі күннің негізгі талабы білімді адамнан әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын шығармашылық табылмен тікелей қатынас жасайтын шығармашыл адамды дайындау. Осыған байланысты, оқыту мазмұнының түрін, әдіс-тәсілін, формасын дұрыс таңдай білу қажеттілігі туады. Сондықтан да біздің зерттеу мәселеміз екі аспектінің мәнін ашуды міндеттейді: біріншісі, оқушылардың бойындағы шығармашылық потенциалды дамыту; екіншісі, қазіргі кезде көптеп айтылып жүрген сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасын бастауыш сыныпта математика сабақтарында қолдану. Оқушылардың бойындағы шығармашылық потенциалды дамыту баланың жас ерекшелігіне байланысты жүзеге асады. Бастауыш сынып оқу үрдісінде бұл жағдай балалардың қызығушылықтарын ескеріп құрылады. Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтары заттық элементтермен байланысты. Олардың үлкендерге еліктеуі, оларды үлгі тұту ерекшеліктері ұстаз үшін мықты дамыту құралы болып табылады. Егер осы құрал дұрыс ұйымдастырылған болса, онда балалардың шығармашылық және интеллектуалды даму деңгейлері жоғарылайды, әрі олардың мінез-құлқындағы позитивті өзгерістер жүзеге асырылады.

Балаларды әлемнің көпбейнелі жақтарын шығармашылық таным негізінде көре білу қабілетін дамыту, соның негізінде интеллектуалды креативті ұрпақты тәрбиелеп оқыту, педагогикалық-психологиялық маңызды мәселелерінің бірі деп білеміз.

Қазіргі кезеңде, оқу жүйесін қайта құруға бағытталған талпыныстарға қарамастан, оқыту үдерісінде оқушыларға дайын ақпаратты жеткізіп беруге негізделген әдістемелер орын алып келеді. Мұндай әдістемелер арқылы оқушылардың жаттау арқылы еске сақтау, қайталап айту қабілеттерін ғана дамытып, біржақты ғана жұмыс жасаймыз. Мұғалім оқушының бұрынғы сабақтарында дайын күйінде берілген материалды қайталап айту жағына көңіл бөліп, соны ғана бағалайды. Оқушының дарындылығы, шығармашылық қабілеті бағалаусыз қалады. Осындай жағдайда қоғам сұранысын ескеретін болсақ, шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған оқыту әдістемелерін қарастырып, ғылыми тұрғыдан зерттеп, жаппай тәжірибеге енгізуді қолға алу керек. Мысалы, дамыта оқыту техно-

логиясы, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту т.с.с. Дегенмен оқыту жұмысының табысты болуы, оқытудың озық әдістерін қолдануға ғана байланысты болып қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің әр түрлілігін ескеруге де байланысты болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Бастауыш сыныптардың математикасы мектептің негізгі сатысындағы математика курсының ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған сәйкес бастауыш мектепте математиканы оқыту мынадай жалпы мақсаттарға жетуді көздейді: мемлекеттік білім стандарты деңгейде білім, білік және дағдыларды игерту; «Математика» пәнінің мазмұны арқылы танымдық және коммуникативтік іс-әрекетке, өздігінен білім алуға және еңбекке бейімдеу, сондай-ақ ата — дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, халықтық және ұлттық болмысты жалпы адамзаттың мәдени мұраларымен үндестіру арқылы баланы тұлға ретінде қалыптастыру; оқушының ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын дамыту; мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.

Осы мақсаттарға сәйкес математиканы оқытудың мынадай жалпы міндеттері айқындалады:

— баланың тұлға ретінде қалыптасуына, оқушының ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу;

— математиканың өмірде болып жатқан нақты құбылыстарды жалпылауға және қоршаған болмысты танып-білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктердің қалыптасуына ықпал ету;

— оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі сатысында оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру.

Отандық психолог Сәбет Бап-Баба әрқандай шешім сындарлы ойға түсіп, жұрттың айтқанын не өз топшалауын жалаң құптай салмай, терең сын талдауға келтіріп «оң, не қарсы» тараптары тара-зылағанды талап етеді.

Бастауыш сыныптарда «Он көлеміндегі сандар», «Жүз көлеміндегі сандар», «Мың көлеміндегі сандар», «Миллиард көлеміндегі натурал сандар және нөл саны»

тақырыптары біртіндеп кеңейтіле және дамытыла отырылып қарастырылады. Есептеулер тәсілдеріне үйрету барысында қосу мен азайту, көбейту мен бөлу өзара кері амалдар ретінде қарастырылады. Сондықтан амалды орындау және оны кері амалды пайдаланып тексеру оқытылып-үйретіледі, яғни мұнда арифметикалық амалдардың арасындағы байланысқа сүйеніп білім — біліктерін ірілендіру ұсынылады. Есепті шығару барысындағы басты фактор және көрнекілікті қолданудың тиімді жолы оның нақты түрінен абстаркты түріне көшуді жүзеге асыру. Сондықтан көрнекілікті мынадай тізбекте пайдалануды ұсынады: нақты заттық иллюстрация; схемалық иллюстрация; оқушының түсінігі; белгілі түсіндірмелердің үлгілері, есептің қысқаша жазылуы, тұжырымдалған жалпы ережеге сілтеме жасау; есептің мәтіні (тірек сөздер). Ал бұл шарттар сыни тұрғыдан ойлауға оқыту бойынша ұйымдастырылған сабақтарда тиімді жүйеге асырылады.

Сөзімнің айғағы ретінде айтарым, оқыту барысында балаларға математикалық білім, біліктерін қалыптастыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылығын, қиялдау қабілетін дамыту, оқытудың өмірмен байланысын нығайту мақсатындағы қосалқы әдістемелік тәсіл ретінде өздігінен есептер құрастырып шығаруды ұсынады. Осындай шығармашылық жұмыс берілген есепке кері есеп құрастыру және шығару, шығарылуы, берілген қатынас, дайын сызба және сурет бойынша есептер құрастыру, сұраққа сәйкестендірілген шартты іріктеп алу және керісінше, шартқа сәйкесетін сұрақты сұрыптау, есептің шартын және сұрағын түрлендіру, жай есепті екі және одан да артық амалдармен шығарылатын есепке түрлендіру, шамаларды өлшеудің нәтижелерін немесе қосымша материалдарды пайдаланып, өздігінен әртүрлі есептер құрастыру және тиімді жолдармен шығару сияқты мәселелерді қамтиды.

Сындарлы оқыту теориясының негіздері еліміздің білім беру саласына тереңінен сіңіссе, білімді де тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықты бойына сіңірген жастар өсіп шығары белгілі. Ал, жастар — еліміздің болашағы. Болашағымыз жарқын, еліміздің де іргетасы мығым болса, өмірімізде әрлі болары анық. Сөзімді қорытынды келе, біз ұстаздар — мектептің жүрегі, баланың бағбаны бола білуіміз керек.

Әдебиет:

1. Нұрғалиев, Р. Н. Философиялық сөздік. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1996, 42-б.
2. Математика. Оқу бағдарламалары (1–4 сыныптар) // Оспанов Т. К., Құрманалина Ш., Қайыңбаев Ж. Т., Ералиева М. Е. — Алматы, 2008.
3. Әбдікәрімұлы, Б., Әлібекова М. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // Педагогикалық ізденіс, 2012, № 4. 200–203 бб.

Формирование экономико-математической культуры как важного элемента модели компетентного ученика

Жаксылыкова Гульнар Танирбергеновна, кандидат педагогических наук

Филиал акционерного общества «Национальный центр повышения квалификации «Орлеу» институт повышения квалификации педагогических работников по Кызылординской области (г. Кызылорда, Республика Казахстан)

Дифференциация обучения является в настоящее время одной из ключевых позиций обновления школы и средством установления оптимальных отношений между потребностями общества в образовательном потенциале его членов, личностной ориентацией каждого человека. Всем известна цель профильного обучения: удовлетворять интересы школьников на уроках путем прикладной направленности профилирующих предметов. В этом случае учащиеся, выбравшие профиль обучения в соответствии со своими интересами и склонностями, могут развивать их на различных направлениях данного профиля. Сложившаяся в нашей стране единая система школьного образования с фактически застывшими статичными организационными формами содержанием и методами обучения сейчас существенно реорганизуется и в центре ее должна быть личность учащегося его интересы, склонности, способности и потребности.

Психологические исследования показали, что многие учащиеся при выборе направления обучения руководствуются не только своими интересами, склонностями и способностями, но и такими факторами, как престижность школы, советы друзей, родителей, знания о профессиях из средств массовой информации. Поэтому возможен выбор профессии, несовпадающий со склонностями и способностями. А поэтому задача учителя помочь учащимся в выборе профиля обучения в соответствии с их психологическими особенностями и учитывать эти особенности в своей дальнейшей работе со школьниками.

Краткий обзор мною организации профильного обучения в трех ведущих странах мира с сопоставлением многолетнего опыта дифференциации обучения в старшем звене казахстанской школы позволяет сделать следующие выводы:

1. Обилие и разнообразие направлений обучения в старших классах позволяет учитывать склонности и способности всех учащихся, а также потребности государства в различных специалистах.

2. Ориентации курсов математики на тот или иной общий профиль в значительной мере направлен на возможно более полное удовлетворение склонностей учащихся при овладении ими будущей специальностью.

3. Наличие большого числа математических курсов по выбору для учащихся в сочетании с минимальном объемом обязательных курсов, в недостаточной мере обеспечивает полноценное базовое математическое образование. Способности и склонности детей могут быть учтены не только в момент выбора профиля (или типа учебного заведения),

но и в ходе существующего обучения за счет гибкости учебных планов и программ.

В настоящее время происходит бурная всеохватывающая математизация многих наук. Она основана на широком использовании математики как языка науки и математических моделей. Математический язык служит для точного, однозначного описания понятий и эмпирически найденных зависимостей во многих науках. Математический язык дает возможность осуществлять проверку найденных зависимостей путем сопоставления вычислительных показателей с экспериментально найденными их значениями. Этот процесс Л. М. Фридман охарактеризовал так: «уровень использования языка математики является показателем уровня развития данной науки». Он считает, что «следствием такого широкого проникновения математических методов познания во все области научного исследования явилось единство принципов человеческого познания» и, поэтому математические методы «получают все больше и больше статус всеобщих методов «познания». [1]. В свою очередь, экономика это прикладная наука, опирающаяся на реальной действительности, тесно связанная с конкретными объектами, широко использующая цифры, рассмотрение фактических данных. В условиях рыночной экономики, активизации человеческого фактора и научно-технического прогресса, экономическому образованию и воспитанию придается первостепенное значение. Рынок — это не только конкуренция знаний, это культура, традиции, навыки. Поэтому задачи образования усложняются и необходимо использовать различные методы адаптации и дифференцированного обучения, инновационные методы, чтобы снять психологическую и социальную напряженность. В этом поможет активная позиция ребят в учебном процессе, где они не просто усвоят, но и познают мир, вступая в диалог с преподавателем, отстаивая свои экономические решения и право на выбор поля своей деятельности, проявляя такие качества как самоменеджмент, коммуникативную и информационную компетентность.

По мнению И. М. Бобко «... наряду с образовательной подготовкой в школе дается определенная профессиональная ориентация. То есть школьники должны познакомиться с определенными профессиями, специальностями, с тем, чтобы выбрать себе ту профессию, ту специальность, то направление в жизни и работе, которому они предназначены природой, их генетической структурой, воспитанием и наклонностями. Наряду с этим школьники должны приобрести определенные понятия об общей культуре и навыки поведения человека ... в обществе,

в учении, ... в процессе коллективного общения, в процессе приобретения своей будущей специальности. ... В качестве фундаментального направления в этом плане можно считать, например, экономическую культуру» [2].

Формирование экономико-математической культуры школьников представляется так:

- квалификация учителя;
- школьные предметы (математика, экономика);
- урок математики (с общеэкономическими понятиями и использование математического аппарата в пределах программирования);
- внеклассные занятия (расширение неиспользованного математического аппарата в экономике);
- ученик, обладающий современным экономико-математическим образованием.

Система подготовки учителей решает ряд взаимообусловленных и взаимосвязанных задач, что является условием достижения главной цели. Главной целью подготовки учителей к экономическому образованию является поддержка уровня профессиональной квалификации учителя и приведение ее в соответствие с современными требованиями [3].

Учитель решает целый ряд управленческих задач: сбор и обработка информации, анализ, диагноз, прогноз, система отношений, установление на этой основе цели, последующая конкретизация общих решений в виде планирования, проектирования, организации деятельности для выполнения решений, контроль за этой деятельностью, сбор и обработка информации о результатах деятельности, и далее новый цикл управляющего процесса.

В связи с этим определилась по системно-образным компонентам в подготовке учителей:

- содержательный (знания, являющиеся фундаментальными в экономической подготовке);
- диагностический (освоив диагностический подход к экономическому образованию, учитель сможет эффективно решать конструктивно-проектированные, организационные и другие задачи).

Повышение квалификации педагогов это необходимость, вызванная быстрым ростом потока информации, старением и обновлением знаний. С одной стороны идет процесс обновления образования, а с другой — кризисные явления снижают возможность педагогов получить новую информацию. Это отрицательно сказывается на уровне профессиональной компетентности педагогов. Им сложно разобраться в инновационных процессах образования, разработать и обосновать собственные подходы к обучению и воспитанию, приобрести новые знания из области психолого-педагогической науки, методики и теории преподавания предмета.

В качестве критериев методической подготовленности учитель выделяет экономическое воспитание в процессе обучения, экономическое воспитание в процессе общественно-полезного, производственного труда, экономическое воспитание во внеклассной работе, профориентацию, взаимодействие с семьями учащегося в эко-

номическом воспитании, взаимодействие с органами ученического самоуправления в экономическом воспитании школьников.

Вытекает предложение, что если формирование на базе школ классов экономического направления, решение вопросов поступления в вуз (договор с вузом), оценка за экзамен по экономике и оценка из аттестата будут является вступительным на факультет экономики и менеджмента, то можно считать что процесс будет иметь твердую почву. Тогда необходимо не только создать систему экономического образования, т.е. ввести экономические дисциплины, но и использовать элементы экономики в других науках и предметах на основе межпредметных связей «педагогике» в курсы основных предметов и ввести экономические аспекты истории развития экономического мышления.

В сложившейся ситуации коллективы школ призваны уделять необходимое внимание вопросам начальной экономической подготовки своих воспитанников. Общество заинтересовано в том, чтобы завершенность образования выпускников школы означала определенный уровень их экономической воспитанности, то есть владение современным экономическим мышлением, системой научных экономических знаний, умений, навыков экономической деятельности, а также сформированность экономически значимых качеств личности, проявляющих в повседневном экономическом поведении, повышении экономического образования.

Обосновывается эффективность таких форм и методов обучения как экономико-математические кружки, которые являются важным резервом в формировании экономико-математической культуры.

Предлагаю проект кружковой работы по следующим уровням:

1 уровень — «Экономика домашнего хозяйства» 6–7 классы (лабораторные работы — деловые игры с анализом либо задания, либо конкретной экономической ситуации);

2 уровень — 8–9 классы «Экономическая потребность рынка» (адаптация учащихся в условиях рынка потребления товаров), новая терминология, связь продавец-покупатель, основы формирования цены на потребления на рынке, изучение процесса обмена и продажи потребительских товаров (производственная практика), элементы маркетинговых исследований, основы правовой защиты интересов покупателей и т.д.

3 уровень — экономика рынка ресурсов и предпринимательства (образование и функционирование предпринимательства различных организационно-правовых форм, организация бизнеса в области материального производства на основе составных частей рынка ресурсов: средств производства, рабочей силы и ценных бумаг), вопросы маркетинга, менеджмента, составление бизнес-плана, оценка эффективного использования элементов рынка ресурсов, вопросы предпринимательства в финансовой среде, ссуды, кредиты, ипотека и др.

В заключении это создание собственного предприятия, творческой работы «Человек и его жилище», «Деньги», побывать в «городе деловых людей», «пограничная заставка с государством «Математика», пройти по шоссе эко-

номических терминов, поработать на прииске «Золотые россыпи». Защита проектов, присутствие руководителей фирм и менеджеров, специалистов, экспертов-преподавателей инженерно-экономической академии».

Литература:

1. Фридман, Л. М. Психолого-педагогические основы обучения математике в школе. — М.: Просвещение, 1983. — с. 183.
2. Бобко, И. М. Вопросы профессиональной ориентации. — Москва, 1987. — с. 5–6.
3. Дарвинский, А. В., Панагин Ф. Г. Психолого-педагогические основы обучения. — М.: Просвещение, 2001.
4. Аксакалова, Г. П. Методическое пособие по факультативному курсу «Основы экономическо-социальной промышленности». Пособие для учителя 2-е издание, перераб. — Москва, Просвещение, 1984. — с. 92.
5. Баева, Ю. И., Каданер А. П. Сборник задач «Путешествия в страну «Экономика». — Санкт-Петербург, 1996. — с. 18.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы диалогтық оқытудың жаңалығы

Қалиев Ұлан Кеңшілікұлы, үшінші деңгейлі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қазалы ауданындағы № 70 орта мектеп (Қызылорда облысы, Қазақстан)

Бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өмірге икемді тұлға қалыптастыру. Сондықтан, мектеп мұғалімінің басты мақсаты — оқушыға тиянақты білім беру және алған білімін қолдана алатын деңгейге жеткізу. Осы мақсатқа жету үшін әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарап, оқушыларды шығармашылыққа үйрету, оқушылардың сенімін бекемдеп, білімге деген ынтасын арттыру басым міндет.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уарт: «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады», — деген екен.

Ал, қазіргі заманда егеменді еліміздің, тәуелсіз жеріміздің болашағы жас ұрпақтарының қолында десек, сол ұрпақты, жастарымызды тәрбиелеуде мұғалімдер сан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда. Осы мақсатта маған Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздері ұнады. Бұл курста өзгеден бұрын өзімізді өзгертуіміз қажет екенін білдім. Бізге ұсынылып отырған осы бағдарламаның негізі — мұғалімнің пәнді оқытудағы әдістерін өзгертудегі жаңа бастамасы. Бұл бағдарламаның басым бөлігісін дарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Осы теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген.

Мұғалімнің оқыту мен оқудағы іс-әрекетінің қазіргі замандағы әдістері Бағдарлама аясында жеті модульге біріктірілген. Осы курста, «Диалог негізінде оқыту мен оқу» (Merсер, 1995; Alexander, 2008), метасана немесе «Қалай оқыту керектігін үйрету» (Flavell, 1976; Vygotsky, 1978) деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер

әлеуметтік — сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданатындығын түсіндім. Және оны тәжірибеге енгізу барысына осы тәсілдердің оқушылардың білім алуға жетістіктерге жететінін, белсенділіктері артатынын сабақ барысында көз жеткізгендей болдым.

Жеті модульдің ішінде «диалогтық оқытудың» ерекше рөл атқаратындығын байқауға болады. Егер диалогты сабақта тиімді жүргізер болсақ, оқушылардың білім алуы жеңіл болар еді. Н. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және оның үш түрі бар делінген [1].

Осы әңгімелесудің сабақ барысында әңгімелесудің зерттеушілік кезеңі басым болған жағдайда диалогтық оқыту орнайды. Оқушылар топ ішінде талқылауға арналған ортақ сұрақтар бойынша жұмыс жасайды, және бірге ойланып, сол тапсырманы шешуге үйренеді. Бұл оқушылардың өз ойын еркін айтуға ықпал жасап, сабаққа қызығушылығы оянады. Көп жағдайда сыныптағы оқу мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде қалып қояды. Оқушылар өз ойын еркін айта алмайды.

Мұғалім оқушылар жауабына мына нәрсе дұрыс, мына нәрсе дұрыс емес деп шектеу қояды. «Мына нәрсе қызықты екен» — деп айта алмайды. Мұғалімнің сұрақтарды қойып, оқушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгімесі оқушылардың ойлау деңгейлерін, өз ойларын жеткізуін дамытпай қояды. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтық оқытудың маңызды рөл атқаратындығын көрсетті.

Арнайы зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Зерттеу

улерде қарым-қатынас жасаудың маңыздылығын айтады. Оқушылардың білім алуын жетілдіру үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі әдістерін пайдалануға болады. Диалог негізінде білім алу бұл оқушы — мұғалім, оқушы — оқушы арасындағы өзара сұхбаттасуы, диалогтың оқушылардың сабақты меңгеру барысында өзіндік ой пікірлерін жүйелеу мен дамытуды меңзейтінін тәжірибе барысында көрінді. «Менің ойымша» деген ұғымның қалыптасуына ықпал етеді. Осы тәсілдерді қолдану оқушылардың өздігінен білімді жинақтай отырып, бұрынғы және жаңа білімдерін ұштастырып, білім алатындықтарын білім алуға жауапкершіліктерінің артатынын көрдім. Тәжірибе кезінде осы алған білімімді барынша қолдануға тырыстым.

Дерек көздерді пайдалана отырып, оқушыларға жоспарланған тақырыпты меңгеруіне ықпал етуге тырыстым. «Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы» тақырыбындағы сабақтың мақсатын сабақтың құрылымын жаңарта отырып құрдым. Сыныпты үш шағын топқа бөлдім. Оқушыларды топтарға бөліп, сабақ өткізу тиімді. Оқушылар арасындағы қарым-қатынастары жақсарады, дұрыс сөйлей білуге үйренеді, оқушылардың білімін жетілдіреді. Топтар арасында оқушы өзінің жақсы қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік алады. Диалог процесі бүкіл топтағы адамдармен де, екі адамның арасында да жүреді. Топтағы оқушылардың әңгімесі арқылы олар бір-бірін үйретеді.

Үй тапсырмасын «БЖӘ» әдісі арқылы, сұрақтарға жауап алдым. Осы әдіс арқылы мұғалім мен оқушының арасында диалог орнағанын байқадым. Мысалы, үй тапсырмасымен жұмыста:

— Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы не білесіңдер?

— Қандай шығармаларын оқыдыңдар?

— Қай шығармасы ұнады? Неліктен? — деген сұрақтар тастадым ортаға.

Оқушылар: Булаев ауданында дүниге келген. Төрт жасынан мектепке барды. Қызылжардағы медресеге оқуға түсті. Бұдан әрі «Ғалия» медресесінде жалғастырды. Әрі қарай «Батыр баян», «Туған жер», «Қорқыт», «Түркістан» т.б. шығармалары бар екенін айтты. Бізге «Батыр Баян» поэмасы ұнады. Өйткені батырлардың ерлік көрсеткен қасиеттері, ерен ерліктері ұнады, — деп жарыса жауап беріп жатты.

Дегенмен маған ұнамағаны, олардың сұрақтарға тек бір сөзбен ғана жауап бергендігі, сондықтан олар өздерінің ойын толық жеткізе алмады. Осының нәтижесінде сабақта диалог өз дәрежесінде көрініс таба қойған жоқ.

Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын қосатынын байқадым. Келесі сабағымда оқушылардың арасында диалог қалыптасуы үшін үй тапсырмасын сұрау кезінде «БЖӘ» әдісін пайдаландым. Оқушылар сабаққа қызығушылық таныта бастады. Сабаққаынтасы төмен оқушылардың өзі шамалары келгенше сұрақтарға жауап беріп жатты. Диалогтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметі оқушының танымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді. Баланың тіл байлығын да-

мытады. Диалогті сурет бойынша, техникалық құралдар және ойын элементтері арқылы құрастыруға болады.

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе іске асырылады: жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық оқыту екі адамның арасында жүреді. Онда негізгі мақсат — екі оқушының сөйлесуі мен бір-бірін тыңдауы арқылы іске асырылады. Мұнда оқушылар екі-екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді.

Топтық оқыту арқылы арнайы құрылған шағын топтардың іс-әрекеті нәтижесінде жүреді. Топтар сабақтың өтуіне қолайлы шағын 5—6 адамнан тұрады және мұғалімнің алдына қойған мақсатына сай құрылады. Топқа тапсырма бергенде мақсатын айтамын, оқушылар топта тапсырманы ой елегінен өткізіп, талқылайды, талдайды. Топта пікірлесіп, бір оқушы шығып тобының жұмысын қорғайды.

Осы әдіс-тәсілдерді қолданғанда баланың өз ойын айта білуі, бірлесіп пікірлесуі оның білім алуға ықпал жасайтынын түсіндім. Мұғалім сұрақ қою арқылы баланың пәнге қызығушылығын, сенімін, сыни тұрғыдан ойлауға, бір-бірінен үйренуіне, тыңдауына ықпал жасайды. Диалогтық оқытуда сұрақ қоя білудің өзі маңызды рөл атқарады, себебі сұрақ түсінікті әрі әсерлі болса, сабақ берудің тиімді құралына айналады.

Егер сұрақ оқушының ойлауына әсер ететін болса, оқушы өз ойын жинақтап айтады. Келесі сабағымда «Баяндама» оқыта үйрету ойынын ойнаттым. Бұл ойынның ережесі бір оқушы мәтінді мұқият оқып береді, қалған оқушылар тыңдайды сол тыңдағандарын сурет, сызба, белгі түрінде береді, постер жасайды. Оқушылар сол жасаған постерлерін ауыстырады. Соған қарап, баяндама жасайды.

Есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін «Бейнелі жады» — оқыта үйрету ойынын ойнатамын. Бұл ойында кез келген құрал-жабдықты, плакатты қолдана отырып, мылқау қойылым көрсетеді. Соңында әр топтың тапқырлығын, ойларының бірегейлігін, білімін бағалау қажет. Әр топ мүшелері бір-бірінің жұмыстарын жетондар арқылы бағалайды. Сабақ соңында «Бүгінгі сабақтан қандай әсер алдыңдар?» — дегенде қуанғаным, аталған жұмыста оқушылар «мүмкін», «егер» деген сөздерді қолданып, айтқандарын дәлелдеуге тырысты. Өздерінің ойын еркін, ашық айтуға бейімделді.

Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі бар: төмен дәрежелі сұрақтар және жоғары дәрежелі сұрақтар. Сабақ барысында мен сұрақтардың екі түрінде пайдаландым және балаларды сұрақтарым арқылы үнемі ойлауға итермеледім. Сұрақтарды оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет.

Л. Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады дейді. Оқушылар көбірек білетін басқа біреумен диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оларды оқыту оңай болады. Басқа біреу оның сыныптастары немесе мұғалімдері болуы мүмкін. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, ЖАДА (жақын арадағы даму аймағы) аясында қарастырылатын болса, оқыту табысты болмақ. Оқушылар

осы жұмысты орындауда диалог арқылы бір-бірінен үйренді, білім алды білмегенін толықтырды, оқыту да оңай болды. Бұл тапсырманы орындауда оқушыларым түгел белсенділік танытты.

Зерттеулерде (Н. Мерсер) оқушыларды сыныпта талқылауға тарту оларға өз түсінігін көрсетуге, әр түрлі адамдардың әр түрлі пікірі бар екенін түсінуге ықпал етеді, өз пікірлерін негіздеуге және балалардың түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл пікір сабақты қорытындылау кезінде жүзеге асты. Оқушыларға оқулықтағы қорытынды сұрақтарды оқуды ұсындым. Сынып сұрақтарды талқылауға салды. Мерсер, айтқандай, егер балаларға бір-бірімен сөйлесуге мүмкіндік берілсе, олар бір-біріне ойларын айтады, пікір алмасу барысында өз пікірлерін негіздеуге мүмкіндік алады десек бұл жұмыс алдыңғы айтқан идеялармен қоса осы идеяның да дәлелі болғандай болды және зерттеушілік әңгімеге де оқушылар тартылды. Сондықтан әр сабақты өткізу барысында оқушыға олардың арасында зерттеушілік әңгіме өрбіп, диалог болатындай тапсырмалар беруіміз қажет деп ойлаймын.

Сабақ барысында оқушы мен оқушы арасында диалог болғаны оқушының білімінің тереңдеуіне көп септігін тигізеді. Көбінесе зерттеушілік әңгімеде көрінеді. Зерттеушілік әңгіме барысында оқушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады: идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді: ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. Басқаша айтқанда, оқушылар бірге ойланады.

Әдебиет сабағын өткенде бала қиялына барынша еркіндік беруге, шығармаға сын айтуға ынталандыру керек.

Әдебиет:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Астана, 2014.
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Алматы, «Атамұра», 2011.
3. Сынып жетекшісінің анықтамалығы. Астана, 2009.

Сол кезде баланың фантазиясы ашылады. Шығарманы өзінше түсінеді. Яғни, шығармада айтылған ойды емес, айттайын деген ішкі құпиясын білдіруге талпынады. Мағжан Жұмабаевтің: «Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ, мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қыла алатын, бізді арыға аяқ басқызып, тәңірімен тілдестіретін сол фантазия», — дегені тегін емес. Әдебиет сабағында дәстүрлі оқыту әдісі мен оқытудың жана тәсілдерін пайдалану балаларды шығармашылыққа тәрбиелеуде, дамытуда тиімділігі зор.

Әріптестер тәжірибиесінен байқағаным, оқу үрдісінде оқушылардың бейімділігі мен есте сақтау қабілеттері-әдеби шығарманы талдау барысында айқын көрінеді және дамиды. Жаңалық ашуға ұмтылысы балада жаңалыққа деген қажеттілік пайда болған кезде көрінеді. Сондықтан, бала талантын ашудың басты кепілі-оқушыны әдеби шығармашылыққа тәрбиелеу. Оқыту барысында мұғалім өз пікірін білдірмей тұрып, алдымен оқушылардың пікірін тыңдай білу керек. Олар қате айтып тұрса да, оның пікірін «дұрыс емес» деп, бетіне басуға болмайды. Қалай да жолын тауып өз қателігін өзіне дәлелдеу керек. Сонда ол оқушы өз пікірінің дұрыс, бұрыстығын айыра алатын дәрежеге жетеді, әр оқушы мен мұғалімнің қатынасы дұрыс сақталады екен.

Қорыта айтқанда, диалогтық оқыту оқушылардың өз білімін жетік білуге, талдауға, сөйлеуге, жақсы оқуға, бірлесіп жұмыс жасауға көп көмегін тигізетінін, сабақта маңызды рөл атқаратынын көрдім. Оқушылар өздері қалыптастырған білім арқылы үлкен нәтижелерге жетеді деп ойлаймын.

Болашақ мамандарды даярлаудағы сындарлы сабақты жоспарлаудың түйінді мәселелері

Мәрсәлі Раушан Өмірбекқызы, ұлттық тренер, магистрант

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мектептегі басты тұлға — мұғалім екендігі белгілі. Технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім сапасын қамтамасыз етудегі мұғалімнің рөлін еш нәрсемен ауыстыруға болмайтынын халықаралық тәжірибелер көрсетуде. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білікті мұғалімдер, кәсіби тұрғыдан жан-жақты дамыған кемел ұстаздар ғана тәрбиелей алады. Қазіргі таңда қоғамымыздың ең көкейтесті мұраттарының бірі

білімді педагог кадрларды әзірлеу және қалыптастыру, оның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері білім беруді дамытудың басым бағыттарының біріне айналып отыр. Елімізде және біздің облыста осы бағытта ауқымды шаралар атқарылып келеді.

Қазақстан үшін бүгінгі әлемде өзін ауқымды халықаралық контексте көрместен, білім сапасын бағалаудың жаңа жүйесін әзірлеу аса қиын. Ол үшін әлемдік тәжіри-

белерді зерделеу қажеттілігі туындайды. Кембридж университетінің білім беру факультеті мен педагогикалық шеберлік орталығы дайындаған біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы ЮНЕСКО мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұсыныстарының негізгі қағидаттарымен үйлеседі [1].

Бұл бағдарламаның негізгі зерттеушілік идеялары сындарлы оқытуға негізделген. Сындарлы оқытудың мақсаты — оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білу қабілетін дамытуды көздейді [2]. Сындарлы оқыту тәсілінде мұғалім білім алушылардың өзіндік пайымдауларын, «ақылды» сұрақтарын, саналы түрде өзі түзеткен қатесін бағалайды. Оқудың нәтижесі ғана емес, жаңа білімді құрастыруға жұмсалған оқушының күш-жігері мен оның ілгерілеуі, оқу-танымдық іс-әрекетінің барлық өнімдері бағаланады. Бақылау мен бағалау шынайы оқыту процесінің жүруімен тығыз байланыста жүзеге асады [3].

Білім беру саласын реформалау жағдайында мұғалімдердің кәсіби дамуын жоғарғы дәрежеге көтеру аса қажет. Жаңа тұрпаттағы мұғалім төмендегі тұлғалық сапаларға ие болуы керек: сыни тұрғыдан ойлау; жүйелі дүниетанымдық көзқарас; шешім қабылдай білу; дербестік пен шығармашылық; мақсатшыл және табандылық; кәсіби құзырлылық; коммуникативті қабілеттілік; өзін-өзі дамыту; рефлексивті мәдениет.

Сондықтан мұғалімді шығармашыл тұлға етіп қалыптастыру үшін болашақ педагогтарды даярлаудың, мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарының сапасын жетілдіріп, теория мен практиканы ұштастырып, мұғалімнің рефлексивті-талдаушылық қабілетін арттыру және өзінің әдістемелік жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізуіне ықпал жасаумен қатар болашақ педагогтарды даярлауда сындарлылық тетіктерін қолдану қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналды.

Менің тренерлік жұмысымды жаңаша формада ұйымдастыруды көздеу мақсатым да осында. Әрине көшбасшылық қасиеттің аса қажет болатын тұсы осы жерде. Сындарлы оқыту теориясының негіздері, бағдарлама идеясының мазмұны маған, соның ішінде тренерлік қызметіме маңызды өзгерістер жасауыма әсерін тигізді. Алдымда отырған мұғалімдердің тұлғалық қасиеттері мен кәсіби мүмкіндіктерін дамыту үшін дәрістер, практикалық сабақтардың өткізілу формасын жаңартып отыру маңызды болды. Алдағы мақсат сындарлы оқыту теориясының түйінді тұстарын болашақ педагог кадрларды даярлауға бейімдеу.

Мұғалімнің өз бастамасына негізделген кәсіби даму үдерісінің нәтижесі, ең бірінші кезекте, жоба аяқталған соң емес, оның барысында сезілуі керек. Сапалы даму жұмысына: жаңа технологияларды сынақтан өткізу, бағалау, талқылау және шолу жатады. Олардың барлығының әсері түрліше болады, нәтижелері әрдайым практикалық бағытта болады: оқыту мен білім берудің жақсартылған

әдістері болып табылады. Олар сонымен бірге кәсіби өсуде маңызды бола алады [1].

Тренер психологиялық-педагогикалық білімдерді және оларды оқу үдерісінде іскерлікпен қабылдап алу әдістерін меңгеру қажет, ақпараттарды қатысушылардың жинақтауы және ұсынуына, олардың мінез-құлық қатынастарына ықпал ету керек. Тренер оқудың мақсаттары мен міндеттерін, әдістері мен тәсілдерін, ақпараттардың қайнарларын, алдын алу, білім беру бағдарламаларын білуі тиіс. Осы қағидаларды мен де өзімнің тренерлік тәжірибемде негізге алдым.

«Бала жүрегі — кішкентай күйсандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек» -деп, М. Шаханов ағамыз айтқандай, әр мұғалім бала жүрегіне жол таба білетін білімді де білікті маман болуы керек. Бүгінгі күннің мұғалімге қоятын талабы осындай. Осыған байланысты сындарлы оқыту теориясына негізделген Бағдарламаның мақсаты — мұғалімдерді, болашақ педагогтерді қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайындау болып табылады. Сонымен қатар, мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету [4].

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін өз тәжірибемде курсқа келген мұғалімдердің біліктілік деңгейі мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтарымды мазмұнды жоспарлап, табысты оқытуға ерекше көңіл бөлу қажет деп білемін.

Үнемі қайта оқуға, білім жетілдіруге деген қажеттілік өмір бойы оқу ұстанымына, сонымен бірге одан ары қарай өзгерудің негізі болып табылатын базалық компонент деп аталатын ұстанымға алып келеді. «Жұмыспен тығыз байланысқан және барынша әралуан білім өмір бойы жалғасын табады» [5]. Сондықтан әлемдегі ақпараттық-техникалық революция нәтижесінде білім сапасын арттыруда пайда болған жаңа факторлар мен олардың дәстүрлі факторлармен үйлесімін қарастыру қызықты деп ойлаймын.

«Жаңа технологиялар расында білім сапасын арттыруға мүмкіндік бере ме?» деген сұрақ бөлек қарастыруды талап етеді. Бұл сұраққа түпкілікті жауап жоқ. Кейде «ия» деуге болады, дегенмен кейде «жоқ» деп жауап беруге де болады. Кейде барлық заманауи құралдар мен технологиялық шешімдерге қарамастан білім сапасы жақсартуды қажет ететінін байқауға болады. Бұл көбіне білім алушылардың мотивациясына және оқу қабілетіне байланысты болады.

Ежелгі үнді эпосы «Махабхаратада», Бхагавад-Гитада садақшы Дронеге шәкірттері келіп, ол ағашқа нысана іліп жатып, оның балалардан не көріп тұрғандары туралы сұрайтыны жайлы эпизод бар. Әр оқушы алаңқайды,

ағашты, аспанды, орманды және басқа көптеген нәрселерді сипаттайды, ал Арджун болса, сұраққа тек нысананы көріп тұрғынан айтады. Сөйтіп Арджун өте алғыр болып шығады. Осы жерде ешбір заманауи инновациялық технология «нысананы көре білуге» оқытуға қабілетті емес екенін түсіну керек және мақсат қоя білу мәселесі оқыту мен оқудағы өзекті мәселе болып қалып отыр.

Инновациялар қазіргі білім беруде тағы да қандай өзгерістерге мүмкіндіктер береді? Бүгінгі таңда ақпаратпен жұмыс істеу дағдысының қажеттілігі дау тудырмайды. Оны қалай қалыптастыруға болады? Оның үстіне, адамдардың шындыққа тікелей қол жеткізе алмайтынын үнемі есте ұстаған жөн. Болып жатқан құбылыстарды адамдар, әдетте белгілі бір қырынан, қандай да бір мәдени, әлеуметтік немесе теориялық (ғылым туралы сөз болғанда) тұрғыдан қарастырады. Оқиғалардың өзіндік және өзгенің сипаттамасының, сұрақтың немесе мәселенің туындау және даму қисынының болуы, іргелі пікірлер мен мәдени ұйғарымдар көбіне адамның басқа адамдардан, кітаптардан немесе бұқаралық ақпарат құралдарынан алған ақпаратты тиісінше түсінуге мүмкіндік бере бермейді. Сонымен бірге, оқиғаны немесе қабылданып жатқан ақпараттың мәтінін объективті, «таза күйінде» көруге немесе түсінуге мүмкіндік бермейтін, түсініктемелердің шынайылығының алуан түрлілігіне алып келетін белгілі бір стереотиптердің бар екендігі анық.

Білімге қол жеткізудің күн сайын артуының нәтижесінде мұғалімнің рөлі өзгеруде. Алайда, бұл мұғалім рөлінің біркелкілігін білдірмейді, керісінше, мұғалімнің рөлі барынша артады және оқушылардың білімге қалай сыни қарайтындығына бағытталатын болады. Сондықтан өзгермелі өмірде мұғалімдер барлық сатыларда білім беру бағдарламасына енгізілетін өзгерістермен және пәндік салалардағы әзірлемелермен бірге дамып отыруға тиіс. Күрделі үдеріс болып табылатын оқыту шеберлігін толық игеріп шығу бүкіл ғұмыр еншісіндегі мәселе, міне, сол себепті де практикаға үнемі ерекше назар аударылатын болса, мұғалімдер қызмет барысында өзін жетілдіруді жалғастыра бермек.

Осы мақсатта білім алушының даму түсінігімен ұштастыра оқыту, болашақ маманның ішкі мүмкіндіктерін ашу, оқытудағы ерекшеліктерді түсіну, көптеген тәсілдердің, тілдік және мәдени әсер мен мінез-құлық және дағдының,

қызығушылық және оқыту амалдарының болатынын жете түсінуі қажет болады.

Оқыту және сабақ беру саласындағы негізгі білімнің болуымен қатар, болашақ педагогтерде қандай өзгерістер болатыны және қандай стратегияларды алдын ала қабылдау қажеттігі туралы барынша дәлелді тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін қосымша ақпараттар жинауға тура келеді.

Шешім қабылдау үдерісінде мұғалім үшін ең маңыздысы оқушының қызығушылығы болып табылады. Осылайша, өзгермелі өмірге дайындаудан күтілетін нәтиже үдесінен шығу үшін болашақ мамандарға білім беру бағдарламасы шеңберінде шектеліп қалмауға мүмкіндік беретін жаңа дайындық түрі қажет болады [4, 13-б.]. Сондықтан соңғы 30 жылдың көлемінде ғалымдар — психологтар, философтар, педагогтар рефлексия мәселесі және оның тұлғаның шығармашыл ойлау, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану құрылымындағы — өзінің жеке психикалық, дене, адамгершілік және шығармашылық ерекшеліктерін зерделеудегі орнын зерттеумен айналысуда. Бір жағынан, рефлексия туралы түсінік теориялық ойлау мәнін, оның даму деңгейлерінің диагностикасын және бақылау мен бағалау әрекеттерінің қалыптасуын анықтауға жәрдемдеседі. Екінші жағынан, рефлексияны шығармашыл ойлаудың құрамдас бөлігі ретінде зерделеу зияткерлік және тұлғалық рефлексияны айқындауға және олардың адам психикасындағы өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Өз тәжірибемді қалай дамытамын? Әрине, жаңа ізденістер, теориялық дайындық, сабақтарымының құрылымын білім алушылардың талаптарына сәйкес жоспарлау. Өз сабақтарыма жеті модуль идеяларын тиімді ықпалдатыру және сабақтарымының мазмұнын жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдермен толықтыру арқылы жетілдіру — алға қойған мақсатым.

Жалпы алғанда, мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруы — уақыт талабы болып табылады. Ол үшін әрбір маман алдына нақты мақсаттар қойып, жаңа технологияны меңгеріп, оқу-тәрбие үрдісіне енгізсе, ізденіс жасап, шығармашылықпен жұмыс істесе, онда өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны қалыптастыратыны анық [5].

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Астана, 2012.
2. Тренерге арналған нұсқаулық. III (негізгі) деңгей. III басылым. Астана, 2012.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III (негізгі) деңгей. III басылым. Астана, 2012.
4. «Білім беру платформасы» материалдар жинағы. www.cpm.nis.edu.kz.
5. Әлібеков, Т. Қазақ мектебінде сапалы білім беруді қамтамасыз ету мәселелері// «Мұғалім», 2006, № 5, 8-б.

Балалардың рухани үйлесімді дамуындағы мектеп пен ата-ана байланысын жақсарту жолдары

Медеубаева Эльмира Жұбайқызы, № 109 орта мектептің үшінші деңгейлі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
(Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қазақстан)

Елімізде алғаш рет «Өскелең ұрпақтың азаматшылық және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы ата-ана рөлінің өзектілігі» тақырыбында республикалық ата-аналар съезі өтті. Қазақ тарихы үшін маңызды Қазақ хандығының 550 жылдығы, Жеңістің 70 жылдығы, Ата Заңымыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын тойлайтын биылғы жылы елімізде алғаш рет ата-аналар съезінің өткізілуі — тарихи оқиға. Сол себепті бұл шара жас ұрпаққа тәрбие беруде маңызды өзгерістерге бастама болары анық.

Қазақ халқы — қашанда отбасы өнегесін, жас ұрпақ тәрбиесін бірінші орынға қойған, көреген халық. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауларында білім мен тәрбие ісіне ерекше көңіл бөлетіні белгілі. Биылғы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» Жолдауында да білім нысандарын көбірек салуға тапсырма берді. Еліміздің қай өңірін алып қарасақ та, жастардың болашағы үшін, ел игілігі үшін пайдалануға берілетін әлеуметтік нысандар — балабақша, мектеп құрылыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Қазақ жерінде туып, білім мен тәрбие алған қазақстандық шәкірттер әлемдік деңгейдегі білім, өнер, спорт саласындағы талай жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Еліміздің мектептерінде жыл сайын білім сапасы жақсарып келеді.

Оқушылардың эмоционалдық, интеллектуалдық, күш-жігері мен адамгершілік қасиеттері қалыптасуының және оқушының өзін қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортасымен өзара қарым-қатынасы, өзара іс-қимыл жасауы арқылы тұлға болуының кешенді құралы. “Ел болам десен, бесіңді түзе” — деп, М. Әуезов айтқандай, бүгінде балаға ата-ананың уақыт бөлуі кемшін тұста мектеп қана тәрбие жұмысымен айналысқанда ұтыларымыз көп. Компьютерлік даму заманында елімізде нашакорлық пен түрлі бағыттағы діни ұйымдар асындағы балаларға кері әсерін беретін факторлардың дамуын тежейтін бірден-бір орталық, бұл — мектеп. Бала өзіне таныстан беймәлім құпия тарихты білуге, жеңілден күрделіге қарай түсінуге ұмтылады.

Бала тәрбиесіндегі ең маңызды буын — «үштік одақ». Иә, мектептерде білім сапасы жақсарып келеді, баланың мектепте қорғалуы, қолдау табуы көзге көрінеді, нәтижесі екшеленеді. Ал, отбасындағы бала тәрбиесі қаншалықты табысты жүріп жатыр? Осы тұста мектеп пен отбасының байланысы аса қажет екені даусыз.

Оның үстіне, адамның тұлға ретінде қалыптасуында отбасының орны ерекше. Әрбір ата-ана өзінің баласын Отанға пайдалы, мейірімді, саналы, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге — халық алдында да, мемлекет алдында да — жауапты.

Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Жеке адамның санасының қалыптасу барысында өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі ерекше орын алады. Бала даму барысында өзін-өзі жетілдіру мақсатын көздей, талаптанып, әр түрлі әрекет жасайды.

Оқушылардың өзі-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу тәрбие жұмысының барысында сана сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету — мұғалімнің басты міндеті. Осы мақсатта мен «Бала тәрбиесі — баршаға ортақ» атты сыныптағы оқушылардың ата-аналарымен кездесіп, тренинг өткіздім. Мектепте алты сағат партада отыратын оқушының тәртібі, үлгерімі, міндеті сынып жетекшіден талап етілетіні белгілі. Баланың жақсы азамат болып қалыптасуы, ата-ана мен мұғалімнің абыройы болмақ.

«Тарихи тұрғыдан «тәрбие» ұғымы ата-аналардың балаларына қамқорлық көрсетуі ретінде белгіленгеніне әрі мұнда анаға ерекше рөл берілетіне қарамастан, қазіргі заманғы «табиғат тәрбиеге қарсы» дауында кейбір зерттеушілер бұл терминді қоршаған ортаның факторы ретінде қарастырды. ... сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары, нарықтық жағдай және әлеуметтік — экономикалық мәртебе сияқты себептердің дамуға ықпалын негізге ала отырып, «тәрбие» ұғымы қайта қарастырылды» [1].

Ата-ана мектеппен тығыз байланыс жасап, баланың сабағына, тәрбие сағаттарына, тренингтерге қатысып тұрса, жаңа форматтағы ата-ана рөлін атқарады. «Бала — біздің болшағымыз» болғандықтан, мектепте, отбасында оған үлкен көңіл аударып, ақыл-кеңесімзді аямауымыз керек. «Сыныпта «оқуды үйрететін» білім ордасын құру нәтижесінде оқушылар өздерінің отбасы тарапынан қолдау табады, сондай-ақ, мектептің ішінде және тыс жерлерде олардың оқу әлеуеті артады.

Осы мақсатта мен өзім жетекшілік ететін сынып ата-аналармен «Бала тәрбиесі — баршаға ортақ» атты тренинг өткіздім. Бұл сыныпты таңдау себебім — бесінші сыныптан бастап, сынып жетекшісі болып жұмыс атқарып келемін. Тренингке сыныптағы ата-аналар және мектеп директоры, тәрбие ісінің орынбасары, пән мұғалімдері қатысты.

Семинар жұмысын оның мақсатымен таныстырып, жаңа бағдарлама туралы слайд арқылы түсіндіруден бастадым.

Қатысушыларға жеті модульдің сабақ үдерісінде кіріктірілуі туралы мағлұмат бердім. Ары қарай қатысушы ата-аналарды ортаға шақырып, қолдарын жайғызып, бір-бірілеріне жылы тілектер айтқызым да, балаларымен жасалып жатқан тың жұмыстармен қаруландыру мақсатында ауылымызда ынтымақ, бірлік болса деген ниетпен, ата-аналарды «Ынтымақ» және «Береке» топтарына кеспелер арқылы бөліп, орындарына жайғасуын сұрадым. Алғашқы тапсырма «Гүл» бейнесінде өз тобын таныстыру болды. Нәтижесінде бірінші топ бәйшешек гүлін салып, мақал — мәтел пайдалана отырып, жауап берсе, екінші топтың спикері барлық ойын өз сөзімен жеткізе білді. Мұнда менің көңілімнен шыққаны, ата-анасына қарап, баласын таниды екенсің, яғни сыныпта өзін еркін ұстап, ойын ашық айтатын оқушылардың ата-анасы белсенді түрде топтық қорғауға атсалысып, «сегіз қол» әдісімен бірлесіп жұмыс жасағаны болды.

«Үшеуіміздің суретіміз» атты тапсырма аясында қатысушылар жеке жұмыс жасады. Ата-аналар әке, шеше, бала — үшеуінің ынмақтастығын бейнелеп, оны өз сөздерімен баяндап, талдау сұрақтарына жауап берді. Сынып ата-аналары бір-бірін енді кеңірек тани бастағандай болды маған. Қатысушылар «Өтінемін» ойынына да асқан қызығушылықпен қатысқаны, ата-аналарға осындай жанды басқосулар аса қажет екендігіне менің ғана емес, мектеп әкімшілігінің де көзін жеткізді.

Келесі жұмыста суреттерді интерактивті тақтадан көру арқылы ата-аналар шет елдің балаларының өмірі мен біздің өмірімізді салыстырып, сүріп жатқан қоғамымыздың әлеуметтік жағдайымыз туралы сөз қозғады, адамға ой салатын тұшымды пікірлер айтты. Ата-аналардан кері байланыс жүргізіліп, сабақтан алған әсерлерін қағаз түсіріп, өз ойларын білдірді.

Әдебиет:

6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. — Астана, 2014. — 18 б.
7. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. — Астана, 2014.
8. Әбдікәрімұлы, Б., Әлібекова М. Білім берудегі педагогикалық технологиялар // Педагогикалық ізденіс. — 2002. — № 4. — 200–203 бб.

Сындарлы оқыту теориясындағы диалогтік оқытудың орны

Мыханова Орынкүл Жұматайқызы, ұлттық тренер, магистр

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Келешек ұрпақты білім нәрімен сусындатып, білім мазмұнын жақсарту, оны заман талабына сай игеру, оларды ел азаматы болуға, ақыл — ойын жан — жақты дамытуға тәрбиелеп, шығармашыл тұлға, әрі XXI ғасырдың белсенді жалғастырушысы ретінде қалыптастыруды көздейтін білім беруші — ұстаз.

Әрине, сабағымда жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, ата-аналарды сыйластыққа, ұйымшылдыққа шақырып, тақырыпты толық қамтыдым деп ойлаймын. Ата-аналар топтық, жеке жұмыста барлығы белсенділік танытты. Тапсырмалардың шарттарын бұлжытпай орындап шықты. Сыныпта жағымды ахуал орнады. Әсіресе, «Бақыт деген не?» — деген сұрақтан кейін, шам жағып, кері байланыс жасағанда, ата-аналар ойлана отырып, өз ойларын ақ парақ бетіне жеткізе түсіргені, шамасы оттың маңызы туралы айтқан сөзімнің әсері болуы керек. Салтымыз бойынша отқа май салып иіскету, оттан аттату деген жоралғыларды еске түсірдім.

Сабағым көтеріңкі көңіл күйде өтті деуге болады. Себебі, топпен және «Өтінемін» ойыны ойналғанда ата-аналардың жарқын дауыстары, күлкілері естілді. Сабақта байқағаным: ата-аналар топтық жұмыста бір-бірімен ақылдасып, көмектескенде, ұйымшылдықтың нышаны анық байқалды. Жалпы айтқанда, сабағымда жоспарлаған жұмыстар өз деңгейінде өтіп, мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Сәтсіз тұстарым болған жоқ. Уақыттың тапшылығына қарамастан, ата-аналар өздерін өздері реттей алды. Дегенмен, әкелердің белсенділігі төмендеу болғаны, алдағы уақытта мектепте «Әкелер кеңесі» сияқты ұйым жасақтау қажет екен деген тоқтамға итермеледі. Ендігі алдағы кіші мақсат — осы ұйымның жоспарын жасап, түрлі жұмыс формалары арқылы әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлінің маңыздылығына оларды сендіру деп ойлаймын.

Үздіксіз білім беру жүйесінде жүргізілген тәрбие жұмысының өміршеңдігі, сынып жетекшісінің кәсіби білігі оқушының өмірлік құзыреттілігін қалыптастыру және оны дамыту игілігінен көрінеді.

Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Стронг (2011) «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға — мұғалім» — деп атап

көрсеткендей, егеменді еліміздің алғышарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуді міндет етсе, өркениетке жету үшін жан — жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіруде ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр.

Американдық философ, психолог, радикалды сындарлылықтың (конструктивизмнің) негізін қалаушылардың бірі Эрнст фон Глазерсфельд өз еңбегінде: «Мүмкін білім беру ешқашанда қажетті деңгейде жақсы деп танылмайтын шығар, бірақ соңғы 20 немесе 30 жыл ішінде білім беруде төмендеу байқалады», — деп, атап өткендей [1], қазіргі жоғары технологиялар мен жылдам өзгермелі қоғам ортасында білім беру саласының тұрақты және қарқынды алға жылжуы өте маңызды болып отыр.

Сондықтан, орта білім жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері сындарлы (конструктивті) теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған (Hattie, 2009) [2]. «Неліктен қалыптасқан оқыту жүйесін сындарлы оқыту теориясы бағытында ауыстыру қажет?» — деген сұрақтардың туындауы, әрине, орынды.

Өз бастауын XIX ғасыр соңында италян философы Джамбатиста Вико мен швейцариялық психолог және философ Жан Пиаже еңбектерінен алған сындарлы оқыту теориясы дәстүрлі оқытуда механикалық есте сақтауды, үнемі қайталаулар мен бекіту материалдары арқылы қазіргі қоғамда алған білімді толыққанды жүзеге асыра алмай жүргендігімізді байқатады. Көп жағдайда осы жолда негізгі кедергілердің бірі, ол — қалыптасып қалған біздің ұстанымымыз. Өйткені, мұғалімнің ұстанымы — оның көзқарасы, қабылдаған шешімінің және іс — әрекетінің негізі [2].

Қазіргі кезде мектептегі білім беруде маңызды мәселелердің бірі — оқушылардың қарым-қатынастық күзінділігін арттыру болып табылады. Өзін-өзі көрсете білудің құралы — өз ойын жарыққа шығару екені бәрімізге мәлім. Өкінішке орай, мектеп бітіруші түлектеріміз қажетті білімді ала отырып, тілдесу тәжірибесінде алған білімдерін дұрыс қолдана алмайды. Сондықтан мұғалім үшін оқушылардың қарым-қатынастық күзінділігін арттыру — ең маңызды міндеттердің бірі екені даусыз.

Білім нәрін сусындауға келген оқушылардың өздігінен жаңа материалды игерулері, нәтижеге өз жолдары арқылы қол жеткізулері барысында сыныпта қатып қалған тәртіптің сақтала бермеуі, жылдам жауап таба алмаулары мұғалімдерді өз сабағының күтілген нәтижеге жетпегені сияқты, балалардың қажетті білімді меңгере алмай отырғандай болып көрінеді. Оқушыларға өздігінен шешім табуға еркіндік беру қажеттігі, механикалық есте сақталған білімнің қолданыста өз нәтижесін көрсетпеуі, әр модуль бойынша жиі өткізілетін тестілеу мен бақылаулардың оқушының сыни, шығармашылық ойлауларын шектейтіндігі көп айтылуда. Оның үстіне жылдар бойы қалыптасып қалған ұстанымдарды қысқа мерзім ішінде өзгерту өте қиын. Осы тұста Шулманның «мұғалімнің үш көмекшісін» (Shulman, 2007) басшылыққа алу қажет.

Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады [2]. Осы тұста мұғалімнің кәсіби түсінігі, тәжірибесі және этикалық және моральдік құндылығының қазіргі заман талабына сай болуы өте маңызды. Осы талаптардың болуы сындарлы оқыту теориясын күнделікті білім беру жүйесіне берік кіріктіруге жағдай жасайды деп ойлаймын.

Кембридждік оқыту тәсіліне негізделіп құрастырылған «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» сындарлы оқытудың мақсаттары — оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, — деп көрсетілген [2]. Сындарлы оқыту теориясы аясында оқушылармен диалогтік қатынас, диалогтік оқыту тәсілінің маңызы зор. Көптеген ұстаздар, диалогты бұрыннан келе жатқан тәсіл деп қарастырады, әрине, бұл — тәсіл жаңа емес, тек Кембридждік оқыту тәсілдерінде диалог тек екі адамның өзара сөйлесуі ғана емес, сонымен бірге диалогтік тәсілде сұрақ қою техникасы, мәселені шешу жолдары барысындағы әңгімелесу де қарастырылады.

Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығымен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді [2]. Оқушылардың диалогтік қарым-қатынасы «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасында өрбиді. Түрткі сұрақтар, сыни ойлауға бағытталған сұрақтар, мәселені шешуге бағытталған сұрақтар сабақ барысында көп кездесетін сипаттау мен баяндаудың үлесін азайтады.

Диалогтік оқытудың ажырамас бөлігі сұрақ қою болып табылады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп оны жақсарта және кеңейте алады. Сыныпта сұрақ қоюдың үлгісі «бастама-жауап-кейінгі әрекет» нысаны бойынша қойылған сұрақ ретінде анықталады [2].

Сабақ барысында оқушыларға түрлі тақырыптағы, әр түрлі дәрежедегі сұрақтар қойылады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданылады [2]. Төмен дәрежелі сұрақтарды оқушылардан нақты, белгілі бір тұрақты жауаптар алу үшін қолданамыз. Жоғары дәрежелі сұрақтар оқушылардың ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануына, қайта құруына, кеңейтуіне, бағалауына, талқылауына бағытталған [2]. Оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында түрткі сұрақ қою тәсілі арқылы жаңа тақырыпты анықтауға болды.

Түрткі болу техникасы арқылы сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеуге [2] мүмкіндік береді. Яғни, балалардың сабақ тақырыбына қызығушылық оятып қоймай, олардың өздігінен ақпарат

алуларына, бар білімдерін бекітуге жағдай жасайды. Сұрақ арқылы оқушылардың ассоциативті еске сақтаулары қалыптасты.

Сындарлы оқыту теориясының аясында диалогтік оқыту тәсілдері, топта проблемалық жағдаяттарды шешу жолдары, сыни ойлау оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға үлес қоса алады.

Сындарлы оқыту теориясының басты мақсаттарының бірі — баланың оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Яғни, мұндағы бала — өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім — бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады. Мұғалім тек

дәстүрлі оқытумен шектеліп қалмай, әрқашан ізденісте болып өзіне және оқушыға тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс. Әр мұғалім өз сабағының — көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де, өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты.

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ сертесуге болады,»-деп өз еңбегінде, ХХ ғасырда жазып кеткен ақын, педагог Мағжан Жұмабаев сөздерін басшылыққа ала отырып [3], болашақта әлемдік білім беру саласында қазақстандық білім беру жоғары жетістіктерге жетеді деп сенемін.

Әдебиет:

1. Эрнст фон Глазерсфельд «Конструктивистский подход к обучению». [http:// elibr.bsu.by/](http://elibr.bsu.by/)
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. — 2012.
3. Жұмабаев, М. Педагогика. [http://http://szh.kz/](http://szh.kz/)

Физика пәнін оқытудағы сындарлы оқыту теориясының басымдықтары

Сарсембай Ақмарал Тынысбекқызы, үшінші деңгейлі физика пәнінің мұғалімі
Қармақшы ауданындағы № 250 мектеп-лицей
(Қызылорда облысы, Қазақстан)

Қазіргі таңда біздің еліміз жаһандану үдерісіне кірісуде, кеңес өкіметінен қалған көне көзқарастар мен үрдістерден құтылып, жаңа бетбұрысқа бағдар алуда. Сонымен қатар, орта білім беру жүйесінде де елеулі өзгерістер аяқ алып келе жатқаны мәлім. Әлемнің озық елдеріндегі жоғары деңгейге қол жеткізілген сан алуан оқыту әдістемелерінің ішінде сындарлы оқыту негізгі орын алып, біздің еліміздің де іргесіне келіп жетті. Сындарлы оқытуға негізделген тәсіл арқылы біліктілік курстарынан өткен сертификатталған әріптестеріміз, еліміздің түкпір — түкпірінде осы теорияның негізгі идеялары мен мақсаттарын жүзеге асыруда.

Менің өзім де, бұл теорияның алғышарттарымен танысып, өзімнің педагогикалық іс-әрекеттеріме жаңаша қарап, ұстанымым өзгеріп, соған қарай көзқарасымда қалыптасты деп айта аламын. Барлық бұрыннан жасап келген жұмыстарыма өзгерістер енгізіп, жаңаша шешімдер қабылдап, биылғы жаңа оқу жылын жаңашыл іс-әрекеттермен бастап, жұмыс жүргізудемін.

Сындарлы оқытудың негізгі идеясы оқушы өзінің бұрыннан білген біліміне сүйене отырып жаңа идеялар мен түсініктер қалайды. Оқушы ақпаратты өзі еркімен тандай алады, өзінің ұсынысын айтады және белгілі шешімді мұғалімнен жасқанбай қабылдай алады. Осының барлығын өзінің бастапқы біліміне және ой-өрісі мен дүниетанымдық қабілеттеріне сүйене отырып, жасайды. Әрине,

тамыры тереңге кеткен бұрынғы ұстанымдары, яғни мұғалімдердің оқушыларды көп нәрселерде шектеп тастағаны алғашқы сабақтарда көрініп тұрады. Дегенмен, бұл іс-әрекеттер оқушыларды жан-жақты дамытуға, өз ойларын еркін айтуға, шығармашылыққа жетелейді деп айта аламын.

Сындарлы оқыту теориясының негізгі мақсаты — қазақстандық мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп, оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мен жаңалықтарын ескере отырып, әлеуметтік сындарлы тұрғыдан оқытуды түсіндіру. Оның маңызы мен мақсатын жай ғана түсініп қоймай, осы бағыттағы жүргізіліп отырған жұмыстардың негізгі мазмұны жеті модульдің мұғалім үшін де және ол оқытып отырған оқушысы үшін де оқыту мен оқудағы жетістікке жетудің тиімді стратегиясы болып табылатындығында. Осыған байланысты еліміздің болашағы зор көркеюі үшін мұғалім сыни тұрғыдан ойлайтын, өзінің жұмыс тәжірибесінде жаңа тәсілдерді қолдана отырып және бағалау әрекеттеріне сыни көзқараста болғаны абзал. Сондықтан дәстүрлі жүйедегі бірсарындылықтан арылып, жаңаға, жаңалыққа қарай өзгергені дұрыс болар.

Сындарлы оқыту технологиясында оқыту мен оқудың негізгі аспектісі, мұғалім өзінің қамқорлығындағы оқушыларды қанаттандырып жаңалықтар ашуға жетелеп, белгілі нәтижелерге қол жеткізетіндеріне, өз білімдерін

қадағалауға және бағалауға ыңғайлы стратегияларды ұйымдастыра және тиімді пайдалана білетін шебер мұғалім болуы керек. Мұғалімнің оқу үрдісінде оқушыға беретін ақпараты тың, қызықты ғана емес, сонымен бірге оның сол кезеңдегі даму деңгейіне, оқудағы қажеттілігіне сай қолжетімді болғаны да үлкен рөл атқарады.

Оқытушы мен оқушы арасында сындарлы оқудың жаңа тәсілдерінің бірі, сыныптағы диалогтың орын алуы да маңызды. Оқушы өзін, өзінің қабілетін танып, оқудың не екенін түсіне алады. Яғни, саналы білім алуы мен ойлауын дамытуға ықпал ету. Сындарлы оқу теориясында оқушының бұл әрекеті «метатану» термині арқылы сипатталады. Метатануға танымдық үдерістерді білу, түсіну және реттеу немесе олар туралы ойлау, қатесін танып-білу және ойлауды реттеу деген анықтама беруге болады [1].

Сонымен қатар сындарлы оқудың тиімділігі оқушының өзін тани отырып, өзгені сынап отырып (бағалау арқылы), оқу үдерісін, оқудың қажеттілігін түсініп қана қоймай, оның жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету, бағыт — бағдар беру. Біздің қазіргі партада отырған оқушыларымыз жан-жақты, яғни ғылыми-техниканың қарқынды дамыған заманында тәрбиеленуде. Сондықтан білімді ұрпаққа мектепте берілетін пәндер қызықты әрі жаңа технологияларды қолданып өткізуді талап етеді. Сындарлы оқу теориясы осы қажеттіліктерді толық өтей алады деуге болады. Бұл теорияның негіздерін тиімді іске асырып, сол деңгейде өскелең ұрпаққа білім беру үшін мұғалім оқыту мен оқудың табыстылығын біле отырып, шебер ұйымдастыра алатындай жан — жақты білікті болуы бүгінгі күннің талабы. Сол себепті мұғалімнің құзыреттілігін жетілдіру мен кәсіби дамуына, оқытудың биік деңгейіне қол жеткізу мақсатында сындарлы теорияның ұсынары көп.

Мысалы, «адамдардың қалай оқитынын» түсінудегі ғалымдардың жүргізген жұмыстарының негізгі бағыттары мен оқу туралы көптеген зерттеулерінің нәтижесінде оқудың ынталандырушы факторларын көрсеткен Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы мен Қ. Роджерстің «Мен» тұжырымдамасының компоненттерінде оқушының адами әлеуеті және оқуға деген ынта-жігеріне нелер түрткі болатындығы туралы тамаша айтылған. Осы тұста бір айта кететіні, осы зерттеулердің барлығы төменгі деңгейден жоғарыға бағытталған, яғни оқушы ең бірінші өзін-өзі реттеп, тани алмай келесі сатыға өте алмайды, себебі төменгі деңгейдегі ынта жоғарғы деңгейден анағұрлым күшті болады. Осыған дейінгі педагогикалық іс-әрекеттерімізді, Маслоудың қажеттіліктер иерархиясын басшылыққа ала отырып, сараласам, дәстүрлі жүйеде көптеген кемшін тұстардың бары байқалады. Балаға білім механикалық түрде беріледі, біз оның биологиялық және физиологиялық қажеттіліктеріне көңіл бөлмей келдік.

Сыныпта қанша оқушы болса, солардың барлығына бірдей көзқараста білім беріп, олардан қайтадан оны талап етеміз. Ал олардың қажеттіліктері өтелген бе, жоқ па, жас ерекшеліктері, қабілеттері т.б. факторларлар көп жерде ескерілмей жатады. Яғни, дәстүрлі жүйеде балаға берген

білімімізді олар келешекте пайдалана ала ма? Сындарлы жүйеде оқушының пәнді ұғынуына, қабілетіне, ынтасына мән берілген және алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде қолдана білуіне жағдай жасауға негізделген.

Осы теорияның негіздерін өзіміздің сабақтарымызға кіріктіре отырып, жыл басынан жүргізіп келе жатқан жұмыстарымызмен байқағанымыз, оқушылардың топқа бөлініп, бірлесе отырып жасайтын жұмыстарына аса қызығушылықпен қарап, топтар өзара бәсекелесіп, бір-бірін бағалауда да белсенді болып, тіпті келесі сабақта қандай жұмыстың түрі болады деп сұрап жататыны, оқушылардың пәнге, оқуға ынталарының артып келе жатқанын байқатады.

Сабақ барысында бұрын-соңды сабаққа араласпайтын оқушылардың басым көпшілігі диалогқа араласып, өз ой пікірлерін айтуға қымсынбайтыны. Оқушылардың оқу үдерістерін осы аз уақыт аралығында зерделей келе оқушыларды диалогқа, дәйектеуге тарту кезінде оқытушы мен оқушы арасында қарым-қатынас орнап оқудың формальды түрінен әбден жауыр болған оқушының өзінің оқуына деген көзқарасы мүлдем басқа сипат алғаны белгілі. Сонымен бірге сабақ барысында оқушыға бағыт бағдар бере отырып, ақпараттарды тарату және алдарына қойылған мәселені шешу мақсатында ой бөлісу барысында Александердің тәжірибеде зерттеген диалогтарының үлгісі де орын алатыны айқын. Мәселен, физика пәнінде көптеген негізгі ережелер мен теңдеулерді сабақ үстінде үнемі қайталап отыру арқылы оқушылардың оларды механикалық есте сақтау арқылы жаттап алуы. Сондай-ақ декламацияны, нұсқаулық әңгімені және т.б. атап кетуге болады.

Оқушыларға не істеу керек екенін түсіндіріп, физикалық құбылыстардың сипаты мен қасиеттерін фактілер арқылы терең түсінуіне жол ашып, білімдері мен ұғымдарын толықтыруға болады. Сабақ барысында жеке, жұптық және топтық жұмыстардың да оқушылар үшін қызықты әрі өзге әдіс болып саналатыны белгілі. Әрине оқушылардың басым көпшілігі бірден топтық жұмысқа асығатыны көңілге кірбің ұялатады. Дегенмен «көш жүре бара түзеледі» демекші, алдағы уақытта бұл мәселе де бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде өз шешімін табаар.

Дәстүрлі жүйеден өзгешелігі, бұл жерде оқушыға берілетін тапсырмалар балалардың деңгейлеріне, оқудағы қажеттіліктеріне байланысты орындалады. Бұрынғы жүйеде тапсырма сыныпқа түгел бір деңгейде, яғни жақсы оқитын оқушылардың деңгейлерін ескере отырып, жасалынған болса, жаңа теорияда Жан Пиаженің когнитивті даму теориясы мен Гарднердің зияткерлік қырларын, ойға түйе отырып, жасауға тура келеді. Сол кезде ғана оқу үдерісінің негізгі идеяларын жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар. Өйткені, әр оқушының ойлау, елестету мен есте сақтау қабілеттерін, ынтасын, белсенділігін ескеру, үйрету, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал ету, бағыт бағдар беру — мұғалімнің міндеті және мақсаты.

Сындарлы оқыту теориясының өзіндік ықпалы зор екені қай қырынан қараса да түсінікті. Оқушыларға өз бетімен жұмыс жасауға, өздерін бағалауға, диагности-

калауға, шығармашылық табыстарға жетуге мүмкіндік береді. Әр оқушының жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке өзінің дарындылығын, талантын, қабілетін ашуға мұғалімге деген сенімі, ертеңгі күнге деген көзқарасын қалыптастыратын білім саласындағы жаңа серпіліс деуге болады. Бұл теорияда мінсіз оқушы, құзырлы мұғалім, мәдениет, құндылықтар, көзқарас деген ұғымдар бір-бірімен ұштасып жатады.

Мінсіз оқушы дегеніміз ол қандай оқушы?

Оқушы мінсіз болуы үшін, оның мұғалімі құзырлы болуы керек, мұғалім құзырлы болуы үшін оның ең алдымен, өзінің жеке ұстанымы, көзқарасы болған жағдайда ғана ол бір шешімге келіп, іс-әрекетке көше алады. Ал осы екі тұлға бір-бірімен үйлесімділік табу үшін мәдениет пен құндылықтар маңызды. Оқу үдерісінің табысты болуы үшін оқушыны ынталандыру, әлеуметтік және эмоционалдық себептер арасындағы күрделі әрекеттестік пен метакогнитивті байланысты орната отырып, көпіршелер тәжірибесін қолдану нәтижесінде оқушылардың өзіндік құзыреттіліктің жоғарғы деңгейіне қол жеткізуіне жағдай тудыру — мұғалімінің міндетті әрекеті болып табылады.

Оқушымен жүргізілетін сан алуан жұмыстардың ішінде, жоғарыда атап кеткен К. Роджерстің «Мен» тұжырымдамасының эмоциялық параметрлерін ескере отырып, жеке тұлғаның қаншалықты өзіне сенімді және қаншалықты өзін бағалайтындығы және А. Бандураның жеке тұлғаның өзіндік тиімділігін қалыптастырудағы негізгі факторларын тереңуына отырып, оқушының оқудағы кедергілерін қалай жеңу мәселелерін де шешуге болады. Бірнеше әдіс-тәсілдерін өзіміз педагогикалық тәжірибемде қолданып та жүрміз. Мәселен, оқулықта берілген мәтін ауыр, оқушы түсінбейтін ғылыми тілмен берілген, оны игеру оқушыға

әрине, ауыр және оқушыны оқудан жалықтырып жіберудің бірден бір себебі. Ол үшін берілген мәтінді бірнеше бөліктерге бөліп, есте сақтау тірек сөздерін пайдалануға, тұжырымдамалық карта дайындау негізінде оқушылардың оқуға деген ынтасын оятуға, дамытуға болады. Баланың іс-әрекетін сабақ үдерісінде бақылап, зерттей отырып, қажет жерінде бағыт-бағдар беріп отыру, оқушының жасаған жұмыстарын талдап, саралап келесі сабақты жоспарлау, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың өзара үйлесімділік табуы маңызды. Оқу үдерісінде оқушыға қойылған міндетті орындай алуы үшін мұғалім қажетті білім мен дағдыны берумен шектелмей, сонымен бірге оқушыларда «өзіндік мақсатты» қалыптастыруға арналған жұмыстың түрлері мен әрекеттер, басқаша айтқанда, оқушылардың өзін-өзі ынталандыра алатын «ішкі уәж» деп аталатын қасиетінің болуына ықпал ету, жағдай жасауы тиіс. Оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің орны ерекше. Яғни, Н. Мерсердің айтуынша, мұғалім мен оқушы білім алуда тең құқылы серіктестер бола алады деген сөзі ақиқат.

Бір өкініштісі, бұл теорияның дұрыс жүруіне, мектептерімізде толыққанды аяқ алуына материалдық, физикалық ортаның болмауы басты кедергінің бірі. Мектеп әкімшілігінің бұл жағдайға түсіністік танытпауы көп жағдайда мұғалім жұмысының жүруіне теріс ықпал етеді.

Елбасының «Біз бүгін бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрудамыз, біздің міндетіміз — айқын алған бағытымыз дұрыс». Ендеше ұстаз міндеті — оқушылардың алған білімдерін пайдаға асырып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, өз «мені» бар, өз Отанын қорғауға дайын, азамат болып жетілуіне көмектесу [2].

Әдебиет:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2014.
2. «Математика және Физика» ғылыми-әдістемелік журнал, 2013, № 2, 5-6.

Ағылшын тілін оқыту мен оқуда талантты және дарынды балаларды анықтау тәсілдері

Сматуллаева Бекзат Зыяуовна, үшінші деңгейлі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Арал ауданындағы № 57 Е. Көшербаев атындағы орта мектебі
(Қызылорда облысы, Қазақстан)

Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Қазіргі уақытта білім беру саласында жоғары жетістіктерді анықтайтын және ынталандыратын бірқатар өңірлік, ұлттық, халықаралық сайыстар мен бағдарламалар жүргізіледі. Мұндай сайыстық құрылымдар талант пен қабілетті өрістетудің, барлық балалар әлеуетін дамытудың жалғыз тәсілі болып табылмайтыны

туралы пікірлер баршылық. Осы бағдарлама аясында талантты және дарынды балаларды оқытуды дамыту үшін анағұрлым инклюзивті тәсіл пайдаланылады.

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет — балалардың қабілеттері мен таланттарын жан — жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін (түрі, деңгейі және т.б.) анықтау мен айқындау болып табылады.

Дарынды балаларды анықтау — баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үдеріс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет. Балалар бойындағы дарындылықты анықтау — ұлттық маңызды мүдделердің бірі. Қазіргі уақытта баланы дарынды және дарыны жоқ бала деп бөле отырып, біз келешектегі баланың дарындылығына қол сұғып отырғандаймыз. Баланың бойындағы қайталанбас ерекшелігі өсе келе баланың шын мәнінде талантты болатынына кепілдік бола алмайды.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, дарынды балаларды анықтаудың мынадай ұстанымдары тұжырымдалады:

1. түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез — құлқы мен іс — әрекетін жан — жақты бағалаудың кешендік сипаты;

2. баланы танып — білу мен зерттеудің ұзақтығы (баланың түрлі жағдайдағы іс — әрекетін кең уақыт көлемінде бақылау);

3. баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс — әрекетін талдау жүргізу (арнайы ұйымдастырылған пәндік — ойындық сабақтарға қатыстыру, сәйкесінше түрлі іс — шараларға қатыстыру);

4. дамытушылық ықпал ете отырып, баланың психологиялық «кедергілерін» жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану;

5. баланың бойындағы қандай да бір дарынды бағалауда жоғары санатты тәжірибелі мамандарды тарту (математиктер, филологтар, шахматистер, инженерлер және т.б.);

6. баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты деңгейінде ғана емес, сондай — ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау;

7. жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелесу, мұғалімдер мен ата — аналардың сараптамалық бағалары, баланың эксперимент жағдайындағы нақты іс — әрекетін бағалаумен байланысты психодиагностиканың эксперименттік маңызды әдістеріне сүйену.

Баланың дарындылығын тек бірегей көрсеткіштерге қойылған бағамен негіздеуге болмайды, мысалы, ақыл — ой дамуының жеке деңгейін сандық көрсеткіштер — психоөлшемдік сауалнамалар көмегімен анықтайтын ақыл — ой коэффициенті (IQ).

Дарынды балаларды анықтауда кешенді қадам жасау ұтымдырақ болатыны сөзсіз болып табылады. Бұл тұста кең ауқымды түрлі әдістер қолданылады:

- балаларлы бақылаудың түрлі баламалары (шынайы және зертханалық жағдайда, мектептен тыс іс — әрекет барысында);

- баланың отбасылық жағдайы, оның ерте балалық шағынан бергі жетілуі туралы ақпараттарды жинаудағы түрлі әдістер (ата — аналармен әңгіме, сауалнама алу, балалар шығармалары, күнделік жазбалары және т.б.);

— арнайы психодиагностикалық тренингтер;

— арнайы бағдарламалар бойынша «байқау» сабақтарын өткізу, балаларды арнайы ойын және пәндік сабақтарға қатыстыру;

— түрлі танымдық әрі пәндік олимпиадалар, конференциялар, спорт жарыстарын, шығармашылық байқаулар, фестивальдар және т.б ұйымдастыру.

Дарынды балаларды анықтау — арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады. Тұлға дарындылығы өзінің құрылымдық негіздері бойынша адами қайталанбастықтың көп өлшемді, көп қырлы болып байқалады. Басқаша айтқанда дарындылық өзара байланысқан үш: ынталандырушылық, когнитивтік (танымдық), іс жүргізушілік толықтауыштан тұратын біртұтас сипатқа ие.

Дарындылықтың ынталандырушылық толықтауышы мынадай сипатта болады:

— танып — білуге, ақыл — ой жұмысына деген шынайы қызығу, ұмтылу және еңбектену, нәтижесіне қуану мен қанағаттанудың айқын көрінуі;

— өз бетімен жүргізетін шығармашылық — зерттеу жұмыстарына деген ұмтылыс пен қызығушылық;

— өзін жетілдіруге, ойларын жүзеге асыруға, өзін және өз жұмысының нәтижесін бағалай алуға қабілеттілігі мен ұмтылысы;

— болжам жасауға, еріктік ауыртпалыққа, ойларды межелуге, зейінді жинақтауға жоғары деңгейлі дайындық;

Когнитивті (танымдық) толықтауыш мынадай сипатта болады:

— жоғары танымдық мүмкіндіктің болуы, айқын қабілеттер мен шығармашылық қабілеттердің болуы. Өз бетімен жұмыс істей алушылық, ойлау мен кез келген мәселені шешудегі қайталанбастық;

— жеке жауапкершілікті түсіну, ішкі басқару тұтқасының болуы, жетілуге қарсы кедергілерді жеңе білу, алынатын нәтижеге көрегендік жасай алу, жеке мүдделердің ауқымдылығы, өз қызығушылық аясын құрайтын қызметтерге ынтызарлық көзқарас, олардың әлеуметтік маңызын түсіне білу, әсершілдік, сезімталдық, тынышсыздық;

Субъектінің іс — жүзілік толықтауышының сипаттары:

— білімпаздық, жалпы оқу дағдылары мен қабілеттерінің жоғары деңгейлілігі, танымдық қажеттілігі мақсаты және саналы сипатқа ие, зерттеліп жатқан мәселенің маңыздылығын зерделей алушылық;

— жаңалық ашуға деген мақсаттылық, иілгіш, жылдам, ілеспелі және шығармашылық ой — өріс шыңдау мен дәлелдеуге деген ұмтылыс, өзінің дарындылығы аясындағы қызметке толығымен берілу.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, ХХІ ғасыр — білімділер ғасыры. Бізге ой-өрісі дамыған, талантты және дарынды ұрпақ тәрбиелеу керек. Мектептегі іс — тәжірибе кезіндегі жұмыстарымда жүргізілген Фриманның 8 өл-

шемі бойынша (1998) баланың дарындылығын анықтауға болатынына көз жеткіздім. Баланың дарындылығын анықтаудағы алға қойған мақсатым жан — жақты білімді іскер өздік ойлау жүйесі дамыған адамгершілігі жоғары, дені сау барынша қабілетті жанды қалыптастыру. Бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамытуымыз керек. Дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру керек. Бала дарындылығын ашылуын өз мүмкіншілік қабілетіне сәйкестендіре отырып дамыту және үнемі жетілдіру мақсатында жүзеге асыру қажет. Шәкірттердің оқушылардың ақыл — ой қабілеттерін жетілдіру, шығармашылық жеке дарындылығын дамыту.

Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін — өзі жарнамалауына үлес қосқанымыз абзал. Осыдан күтілетін нәтиже өз ойын дәлелдей алатын, жан-жақты білімді, білімін жүзеге асыра алатын, белсенді, мәселені анықтау үшін стратегияларды қолдана алатын, жаңашыл идеялар туғызады, ашық, қалыптасқан өзіндік азаматтық көзқарасы бар іскер, ақылды, адамгершілігі мол тұлға болады.

Фриман (1998) тексеру парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды, талантты балаларды анықтау барысында қате бағыт беретіні жайында зерттеулерден мысал келтіреді. Бірақ тексеру парағында зерттеулерге негізделген және ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді қолдануға болады, олар тқменде көрсетілген (Montgomery, 1996; Freeman, 1991): есте сақтау және білім; өз білімін жетілдіру; қабілетінің жылдамдығы; мәселені шешу; икемділік, күрделілікке деген сүйіспеншілік; шоғырлану; ерте символдық белсенділік.

Осы белгілерді анықтау оқу үдерісінің барысында оқушыларды мұқият бақылауға алуды талап етеді және олар жоғарыда айтылған зерттеулердің мысалдарымен тығыз байланысты. Әйтсе де, оқушылар дарындылығының дамуын: аса дарынды және дарынды болып екіге бөлінеді.

Аса дарынды балалар деңгейіне жатқызылған оқушылар ерте жастан танып — білуге құштарлы, таңғажайыптарға деген қызығушылық танытады және оларға адамның табиғи қасиеті ретінде зерттеушілік мінез — құлық тән. Қандай да бір білім беру мен қызмет саласында анық байқалатын қабілеті бар оқушы өзін — өзіне жүзеге асыруға деген қажеттілікті сезіне біледі. Оларға бәсекелесетік пен қкшбасшылық сияқты қасиеттер тән, сондықтан да олар түрлі, олимпиадалар, конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие бола алады. Аса дарынды балалар біздің бақылауларымыздың, дарынды балалармен әңгімелесу мен ой эксперименттерінің негізінде аса дарындылық деңгей көрсеткіштері 90—100%-ға сәйкес келуі керек.

Ал, дарынды балалар мектеп өміріндегі түрлі жарыстарда айтарлықтай, олардың қабілеттерімен байланысты жұмыс аясында белсенділік танытады. Дарынды балалар мұғалімнің жетекшілігімен аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі жарыстар мен байқауларға қатысуға

ұмтылады. Дарынды балалардың барлық қкрсеткіштері 75%-ға дан төмен көрсетпеуі керек.

Мен осы Бағдарламадағы жеті модульді тәжірибе жүзінде қолдану барысында бірқатар жетістіктерге жеттім. Ең бастысы, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы, ынтасы артып, олардың бір — бірімен пікір таластырып, ашық сөйлеуі, постерлерді қорғау барысында көшбасшы оқушылардың анықталуымен қатар, дарынды, талантты балалармен күрделенген тапсырмалар бойынша жұмыс жасатылса, үлгірімі төмен оқушылардың да сабаққа араласып, жақсы жақтардан көріне бастаулары анықталды. Оқушылардың бойында өз-өздеріне деген сенімдері қалыптасып, өз ойларын, аз да болса, жүйелеп, еркін айта бастады. Ағылшын тілі пәнінде оқушылардың өз жұмыстарына сыни баға бере алуы маңызды. Оқушылар өз-өздерін, жұп болып, топта бағалаулары сыни түрде жүргізілді.

Балалар бойындағы дарындылықты анықтау — ұлттық маңызды мүдделердің бірі. Қазіргі уақытта баланы дарынды және дарыны жоқ бала деп бөле отырып, біз келешектегі баланың дарындылығына қол сұғып отырғандаймыз. Баланың бойындағы қайталанбас ерекшелігі өсе келе баланың шын мәнінде талантты болатынына кепілдік бола алмайды.

Осы бағытта мұғалім ретінде менің жұмысымда не өзгерді?

— өзімде өзгеріс болды, яғни дәстүрлі оқыту мен сындарлы оқытудың айырмашылық-тарын білдім, яғни оқу және оқытудың жаңа нысанына көшуге деген оң көзқарасым қалыптасты;

— шетел тілін оқытуды жетілдіру жолдарына деген көзқарасым өзгерді;

— оқушыларыма деген көзқарасым өзгерді — «мұғалім-оқушы» қатынасынан, «оқушы-оқушы» қатынасына көшу қажеттігін түйсіндім;

— сабақты жоспарлау мен оқушы іс-әрекетін ұйымдастыруға деген көзқарасым да өзгерді. Оқытудың тиімді және тиімсіз жақтарын анықтау үшін осы біліктілікті арттыру курсына өтілген модульдерді жолға қоюдағы іс-әрекеттер көп көмектесті.

Мен келешекте оқушыларымнан нені күтемін:

— менің пәніме деген оқушыларымның қарым-қатынасы өзгереді;

— алған білімдері туралы өз көзқарастарын еркін айта алатын болады;

— олар сабақта менің серіктесіме айналады.

— олар жаңа білімді шығармашылықпен және сыни тұрғыдан ойлана отырып, қорытынды жасайды.

Қорыта айтқанда, курс бағдарламасын өз тәжірибем енгізу үшін көп ізденіс пен қажырлылық керек деп ойлаймын. Бұл бағдарламаның білім берудегі пайдасы көп болатынын түсінемін. Сол үшін барлық әріптестерім осы модульдерді жете меңгеріп, оны білім беру үдерісінде үнемі қолданады деп ойлаймын. Бүгінге дейінгі жұмысым алдағы жұмыстардың алғашқы қадамдары. Сондықтан алда талай іс күтіп тұр деп білемін.

Әдебиет:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III (негізгі) деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Астана, 2013.
2. Жексенбаева, Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау. — Алматы, «Радиал», 2005.

Математика пәнін оқытуда сындарлы оқытуды қолдану арқылы дарындыбалаларды анықтау

Удербоева Мереке Аманкосовна, үшінші деңгейлі математика пәнінің мұғалімі

Қазалы ауданындағы № 25 орта мектеп
(Қызылорда облысы, Қазақстан)

Математика пәні оқушылардың өз ойын қысқа, дұрыс және дәл айтып бере алуы үшін зор мүмкіндіктер туғызады. Білім сапасын арттыру әр мұғалімнен шығармашы-лықпен жұмыс жасауды талап етеді. Оқушыларға терең де, тиянақты білім беру — мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсатты жүзеге асыру мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Олай болса, біздер, қазіргі заман мұғалімдері, өз пәнімізді терең меңгерген, жан-жақты саяси экономикалық, педагогикалық-психологиялық және ақпараттық сауатты болумен қатар, сол білімді бала бойына терең сіңіре білуіміз керек. Оқушының білім мен білігін, талабы мен талғамын ұштауда, өзіндік ізденісін қалыптастыруда біздердің алар орнымыз ерекше. Қазіргі қоғамдағы оқытудың ерекшелігі — тек біліммен қаруландырып қана қоймай оқушының өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне мүмкіндік тудыру.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін қазіргі таңда Назарбаев зияткерлік мектебі ДББҰ мен Кембридж университетінің әлемдік жоғары деңгейде қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемесі «Сындарлы оқыту теориясы» қолданылады.

Оқушының математикадан білімін көтерудің басты шарты — оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатындығы белгілі. Мұғалім үнемі оқушының белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана сабақ мақсатына жетеді.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы да терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланyp, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге

үмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекетіне ынталы болғаны абзал [1].

Сабақты қызықты, тартымды өткізу мұғалімнің білімділігіне, қабілеттілігіне, дарындылығына, тапқырлығына және сабақтың әртүрлі әдіс-тәсілдерін орынды қолдана білуінде. Мұғалім оқушының қызығушылығын тудыруда басты роль атқарады. Ең бастысы ол танымдық қызығушылықты қалыптастыратын жұмысты ұйымдастырушы болмақ.

Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Орта мектептің оқушысы бір нақты пән бойынша айрықша дарындылық көрсетіп, басқа пәндер бойынша көзге түспеуі мүмкін. Арнайы пәндер бойынша бірқатар ерекше қабілеттер дамыған болуы мүмкін.

Фриман (1998) тексеру парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды, талантты балаларды анықтау барысында қате бағыт беретіні жайында зерттеулерден мысал келтіреді. Бірақ тексеру парағында зерттеулерге негізделген және ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тиімді қолдануға болады [1]. Өзінің оқуында осы қасиеттерді пайдаланатын балалар құрдастарының тапсырмаларынан өзгеше тапсырмаларды қажет етеді. Ал, Л. Выготский тым күрделі жұмыстар балаларға орындалмайтын, ынтасын жоятын жұмыс көрінетіндігін дәлелдейтін «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы негізінде балалардың өзекті қабілеттерінің деңгейлерін бағалаудың тиімді екендігін баса айтады [1].

Оқушылар математикалық есептерді шығаруда өзін сенімді сезінген және үздік бірлескен жұмыс пен сындарлы әңгіме жүргізген белгілі бір топтарда жақсы жұмыс істегендері анықталған. Осы зерттеу әдісі менің үлкен қызығушылығымды тудырды. Дарынды балаларды ұжымнан бөліп, жеке жұмысқа тартудан гөрі оларды топтық әре-

кетке тартып, сыныптастарымен қарым-қатынасқа түсуге үйретудің тиімділігін зерттеуді көздеп, өз зерттеу жұмысының мақсатын келесідей тұжырымдады: дарынды балалардың ішкі потенциалын ашуға бағытталған әрекеттерді ұйымдастыру, өз сенімділіктерін дамытуға жол ашу, олардың топтағы оқушылармен жақсы қарым-қатынасын орнату арқылы, қабілеттерін дамыту.

Әір мұғалімдердің дарынды балаларға сапалы тапсырма беру мақсатында өз жоспарларын өзгертуге болатындығын бастауыш буында жүргізілген шағын зерттеулерден дәлелдер келтіреді. Осы әдісті іс — тәжірибеде қолданып жүрген мұғалімдер қосымша көмек беру арқылы балалар тобының аясын кеңейте отырып, бұдан да күрделі тапсырмалар орындауға болады деген қорытынды жасайды. Бұл стратегияның сыныптағы талантты да дарынды оқушыларды анықтауда туындайтын кейбір мәселелерді шешуде көмегі зор екенін айтады [2].

Оқушылардың бір-бірінің жұмысына сыни көзбен қарап, баға беруі, өз ойларын ашық жеткізіп отыруы олардың жаңа технологияға деген көзқарасының оң екендігіне дәлел. Сабақ соңында оқушылар өз ойларын жазбаша түрде жеткізіп отыруы менің олармен тығыз байланыста болуыма септігін тигізіп отырды. Мини-эсселерді оқу арқылы мен оқушылар келесі сабақта қандай әдісті қолданғанымызды қалайтындығын біліп отырамын.

Сабаққа педагогикалық басшылық жасау дегеніміз-оқушылардың ұйымшылдық, шығармашылық дербес қызметтерін алмастырмастан, балалардың ұжыммен қарым-қатынасын жетілдіре түсуі болып табылады. Ойын барысындағы қарым-қатынаста педагог басты назарды достық, жолдастық қарым-қатынаспен өзара түністікке аударады. Ұжымдық ойындағы оқушының алар орны күнделікті өмірден айтарлықтай өзгеше. Ол ойындағы атқаратын ролінен туындайтын мазмұнымен сипатталады.

Ойын оқушылардың достық, жолдастық, қарым-қатынасын орнықтырады, бір-біріне түсінігін, сенімін арттырады. Ойын-мектеп оқушыларын тәрбиелеудің тиімді жолы, олардың қуанышты дүниемен білім танымын қалыптастыруды қамтамасыз етеді, нақты өмір жағдайында өзіне тапсырылған міндеті-оқуда, еңбекте, қоршаған ортамен қарым-қатынаста болмасын, алға қойған мәселелерді дұрыс шешуге жәрдемдеседі.

Оқушылардың дарындылық дейгейін анықтау, олардың білім алудағы қажеттіліктерін өз деңгейінде қанағаттандыру үшін мектеп пен оқушы және оның ата-анасы арасындағы көпірше — мұғалім тұлғасының ролінің маңызы зор. Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асырмас бұрын, өз сыныбындағы оқушылардың оқу үдерісіне деген көзқарасына талдау жасап шықтық. Ол үшін оқушылардан «Ең жақсы сабақтар мыналар:» деген сауалнама алынды. Талдау қорытындысы бойынша барлық дерлік оқушылар «ойын немесе жарысты қамтыса», «сабақ үстінде менің пікірімді сұрайды», «сабақ үстінде маған ойлануға уақыт беріледі» деген жауаптарды таңдаған. Сауалнаманың

ең төменгі бөлігіне «оқушылардың өздері қосқан пайымдаулар» бөлімі қосылды. Бұл жерде оқушылар «сабақ үстінде барлық оқушылар бірдей қатысса, және барлығы бағаланса», «сабақ еркін өтуі керек», «бағалау кезінде тек мұғалім қоймай, оқушылармен ақылдасқанын қалаймын», «сабақ үстінде көп пікір алмасып, бір-біріміздің ішкі дүниемізбен жақынырақ таныссақ» деген ойлар орын алды. Сауалнамадағы оқушы пікірлерін ескере отырып, математика пәніне арнап орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар дайындау кезінде оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыратын түрлі әдістер қамтылды. Сонымен қатар дарынды және талантты балалармен жұмыс жасау мақсатында кеңейтілген, күрделенген, құзырлылық, деңгейлік, логикалық тапсырмалар, ашық-жабық сұрақтар да берілді.

Қазіргі таңда сабақты қызықты өткізу үшін көп мүмкіндіктер бар. Әсіресе, интерактивті тақтаны сабақтарда жиі пайдалану тиімді. Ол оқушының пәнге қызығушылығын арттырып қана қоймай, қазіргі заман талабына сай білім алып, сабаққа берілген уақытты тиімді пайдалануға көп ықпалын тигізеді. Жалпы оқушылардың пәнге қызығушылығын түрлі әдістермен арттырып, сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген оқу танымдық қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім алуына көп әсерін тигізеді.

Қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі рас. Осыған орай орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал білім беру әдістемесі сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсілі.

Сындарлы оқыту теориясында:

— Оқушылардың өз бетінше білім алуды ұйымдастыруды;

— Оқушылардың мүмкіндігін, білім, дағды, іскерлік деңгейін, сабаққа дайындық деңгейін бағалауға;

— Сыни тұрғыдан сапалы шешім қабылдауға;

— Топ оқушыларының пікірімен санасуға;

— Жіберілген қателіктерді өз мүмкіндігін пайдаланып түзетуге;

— Оқушы ашық сұраққа өмірден мысал келтіре отырып, қажеттісін атап, жауабын жүйелейді.

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің негізгі өлшемдерінің бірі — оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушының өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетіп, ғылыми ізденіске жетелеу.

Оқыту барысында оқушылар сыни күрделі мәселелерді шешуді, көзқарастарды салыстыруды, дұрыс шешім қабылдауды, пікірталастарға қатысуды, басқа оқушылармен тиімді қарым — қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, түрлі ойындар, тренингтер, шығарма-шылық жұмыстар пайдаланылады. Әр оқушының арасында танымдық қарым-қатынас орнап, жеке жұмысы, бір-бірімен сөйлесу және өзара пікір алмасу барысында жүзеге асады.

Бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған ғасырында жас ұрпақты ізденімпаздыққа, білімділікке және шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру үшін заман талабына сай сапалы білім беру мұғалімнің ең басты міндеті. Қандай пәнді оқыса да оқушы білімі сапалы, нәтижелі болуы керек. Ендеше оқушы білімін бүгінгі күн талабына сай дамыту, тереңдету ғылыми түрде күзиреттілік деп түсіндіріледі. Міне осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім

оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі әдіс — тәсілдерді қолдануы тиіс.

Сонымен қорыта айтқанда, сыни тұрғыдан ойлау териясының математика сабақтарында атқаратын ролі ерекше. Ол оқушылардың қызығушылығымен қатар, оқушыларды белсенділікке, тез ойлауға, ауызша есептерге, логикалық ойлау қабілетін арттыруда ерекше маңызы зор. Сондықтан математика сабақтарында сындарлылықты неғұрлым жиірек пайдалансақ, соғұрлым сабағымыз қызықты, тартымды өтеді.

Әдебиет:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші негізгі деңгей. Астана, 2013.
2. Білім беру платформасы. <http://csm.nis.edu.kz> порталы
3. Alexander, R.J., (2008), *Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk.* [Диалогтік оқыту жолында: сыныпта талқылаудағы жаңа тәсілдер]. 4 th edition, York, Dialogos.
4. Mercer, N., (1995). *The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners.* [Жетекшілікпен білім алу: мұғалімдер мен оқушылар арасындағы әңгіме]. Clevedon: Multilingual Matters.
5. Alexander, R., (2001). *Culture and pedagogy.* [Мәдениет пен педагогика]. Wiley — Blackwell Assessment Reform Group, (2002a). *Assessment for Learning: 10 Principles.* [Оқыту үшін бағалау: 10 ұстаным]. University of Cambridge Faculty of Education.

ФИЛОСОФИЯ

Адам болмысының руханилық бастаулары: адами рух пен діннің арақатынасы

Қалдыбай Қайнар Қалдыбайұлы, PhD доктор, аға оқытушы;
Абдрасилов Тұрғанбай Құрманбайұлы, PhD доктор, аға оқытушы
Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ. (Туркестан қаласы, Қазақстан)

Эволюциядағы адамзат баласы жаратылғаны туралы бүгінгі күнге дейін кей жағдайда бір-біріне қайшы келетін ғылыми және діни тұжырымдардың дискурсы әлі толастаған жоқ. Ғылыми тұжырымдардың өзі сан алуан болжамдар бойынша құрылса, діни ұстанымдар да әрбір дін бойынша әр түрлі сараланады. Бірақ, ең бастысы оларға деген адам болмысы жөніндегі ортақ мәселе — адамның жан мен тәннен немесе жан-тән-рух түзілімінен тұратын өзіндік бір күделі жүйе екендігіне келіп тоғысады.

Осыған байланысты, біз қарастырып отырған тақырып бойынша, оның руханилық бастаулары маңызды нысана болып табылады. Себебі, діни болсын, ғылыми болсын танымның объектісі, әрі субъектісі болып табылатын адам өзінің руханилық болмысын тереңірек ашуды қашанда керек етеді. Олай болса, дін философиясындағы адам мәселесі, біріншіден, оның тұтас болмысын зерделеуге байланысты болса, екіншіден, кері байланыс бойынша дін руханиятын тудырған және онымен антропогенез тарихында бірге жасасып келе жатқан адам табиғатына қатысты болып шығады. Сондықтан, алғашқы діни сенімдер, мифология мен кейінгі пайда болған діндердің барлығы адам болмысын назардан тыс қалдырмаған және оның руханилық бастауларына баса көңіл аударған.

Дін бүгінгі күнге дейін сабақтасқан адамзат руханиятының бастапқы негіздері ретінде алғашқы діни сенімдер деп аталатын түпбастаулық руханилықтан тамыр тартады. Демек, мынадай қарапайым қорытынды шығады: дін, біріншіден, өзінің сенімдік-сезімдік арнасында адамзат руханиятының дамуын көрсететін сананың келбетін айқындайды десек, екіншіден, сол діни сенімдердің дамуы мен жетілуінде де адам болмысы туралы идеялар мен пікірлер тиянақталып келеді [1].

Дегенмен, біз, қарастырып отырған мәселеміз бойынша, адамның рухтық жағына басымдылық бергенмен, оны тәндік болмысынан түбегейлі ажыратып ала алмаймыз. Сондықтан, адамның руханилық бастауларының дінге қатынасын зерделеу мен керісінше, діндегі адамның руханилық жақтарына басымдылық беру оның тәндік не-

гіздерін назардан тыс қалдыруды көп жағдайда тікелей мақсат ете алмайды. Бұл бірлікті ғылым, адам болмысының биологиялық-психологиялық-рухани-элеуметтік қырларының тұтастығы ретінде түсіндіруді қолайлы сана, дін көп жағдайда құдайлық рух арқылы сараптайды, бұл бағдарды тіптен көне дәуір ойшылдары емес, қазіргі діни философтар да қуаттайды.

Бірақ адамзат руханияты мен білімінің, тіпті ол ғылыми емес болсын, тұтас тарихының өн бойынша адамды зерделеу барысында Рух үнемі назардан тыс қалдырылмаған, кей сәттерде, тіпті бұл нысана бастапқы жоспарға шығарылған еді. Бұндай таным көне мифологиялық дәуірден бастап, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Шындығында, философия тарихында да адамның рухы туралы пікірталастар мен идеялар үздіксіз жалғасып келеді десе де болады. Көне Антикалық классикадан бастап, Немістің классикалық философиясына дейінгі әйгілі ойшылдарды адамның Рухы аса қызықтырды. Мәселе, бұл жерде, «ол» қандай мағынада қолданылғандығында емес, не үшін басты объектілердің біріне айналғандығында [2].

«Бұған алғашқы дін сенімдерінен бастап, бүгінгі бір құдайлық діндерге деген сенім әсер етті ме», «әлде осы Рух философиясы дінді туғызып, оны өркендете түсудің тәсіліне айналды ма», «әлде адамзаттың парасатты ой санасы бұдан басқа жолда таба алмай келе ме», «әлде, бұл адам санасы мен ойлауының ажырамас қасиеті болып табыла ма?» деген сауалдар осы тұста маңызды болып шығады.

Бұл мәселелердің бәрін де әртарапты қарастыруға болады. Мысалы, адамға қатысты алынған Рух философиясы кейіннен, Жаратушыны да рухтандырып жіберді, мысалы, Зорастримдегі зұлымдық пен ізгілік құдайларының Рухтар деп аталуы, христиан дініндегі Рух-құдай т.б. Осы рухтандыру табиғаттағы «жансыз» деп саналатын заттарды да «метемпсихоз», «гилозонизм» сияқты ағымдар арқылы оларға да рух берумен жалғасын тауып жатты.

Сондықтан да рух тек адами ғана емес, жалпы әлемдік деңгейде көріне алатын өзіндік ерекше құбылыс ретінде де ұғынылды [3].

Осыған байланысты, біз, бұл тұста жалпыдан жекеге қарай жүріп отырып, Рухтың деңгейлерін ғана ажыратып бере аламыз: Құдайлық Рух, әлемдік Рух, *Адами Рух*, Рухтар әлемі, Рухани әлемдегі Рух, Рухтану т.б.

Ал *адами Рухтың* өзін — біріншіден, тым жалпы мағынасында, оның болмысы, тіпті, тәндік-биологиялық қырын да тұтастандыра алатын жалпылама өмірлік күш; екіншіден, ішкі психологиялық, әсіресе, жігер, ерік, жан, сана сияқты үдерістерді тұтастандыра алатын қасиетті құбылыс; үшіншіден, тек қана сананың немесе жанның ғана синонимі түрінде белгіленген психикалық күй, төртіншіден, адамның рухани дүниесі, объективтенген рухани болмыстың кейбір көріністері және рефлексияланатын рух, бесіншіден, тұлғаның асқақтығын білдіретін, әсіресе, эстетикалық сапаны көрсететін құндылық, алтыншыдан, адамның о дүниелік рухтары деп ажырата аламыз.

Міне, философтар Рухты адамға қатысты және адам Рухының дінге қатынасы қырынан талдап түсіндіргенмен, қандай мағынада қолданылып отырғандығын түсіндіруге күштар болмады. Сондықтан да, адами рухтың дінге қатынасы барынша күрделі мәселе және осы көрсеткіштер шеңберінде жекелер мен жалпылардың қатынасында өрбіп отырады [4].

Дегенмен, біз, алдымен, адами рухтың дінге қатынасының барынша нақты көрсеткіштерін ашып бергіміз келеді:

1. Прамонотеистік көзқарастарда, қоғамдық сана мен діннің ажырамастығы туралы пікірлерде тұжырымдалғандай, Рухтың дінге деген сұранысы, тіпті, Рухтың дінде үнемі қажетсінуі, түптеп келгенде, архетиптерден тамыр тартады. Себебі, біздіңше, осы сан мыңдаған жылдар бойғы адамзаттың өткен мен қазіргіні қоса есептегендегі тұтас санасы (Рухы) өзінің діннен оқшау бола алмайтындығын ғана емес, соған архетиптер мен ұжымдық бейсаналық арқылы мәжбүрленуімен келіп шартталады. Кеңес Одағы тұсында осы архетиптер көмескіленді, бірақ түбегейлі жоғалып та кеткен жоқ.

Дінге деген сенім Рухы бұл тұста да күрделеніп кетеді: діндегі, дін философиясы мен діни философиядағы адам рухы, оның дінге деген сенімі және жалпы санасы туралы мәселелер; Адами рухтың діннің өзіне деген қатынасы т.б. Бірақ, дінде қозғалатын адами рух көп жағдайда, сол рухтың міндетті түрде дінге деген жағымды көзқарасы болуы тиістілігі туралы қайталайды. Себебі, бұл діни рухтың өзіне-өзі рефлексиялануы болып шығады.

2. Діни Рухтың адамға деген қатынасы, адам санасын өзіне «шақыруы». Дін өздігінен-ақ, өзінің болмысы жағынан-ақ адами рухты өзіне сенуге шақырады, Құдай дінге сенуге ерік бергенмен, көп жағдайда сену қажеттігін насихаттаушы жақ ретінде көрініс табады. Жаратушы түптеп келгендегі адам санасының дін үшін екендігін,

сондай-ақ, адам Жаратушысын мойындауы тиіс екендігін идеологияландырады. Діни мәтіндердің мазмұнында осы мәселелер қайталанып отырады. Құдай абсолютті Рух ретінде адами рухты өзіне қамтиды. Яғни, адами рух абсолютті рухтың бөлігі ғана болып шығады да, адам мен құдай рухы тоғысады. Мысалы, барлық діндердегі аскеттік бағыттарда бұл құбылыс анық байқалады. Сондықтан да Құдай рухы адамды, адами рухты өзіне шақырушы рух болып табылады. Қарапайым адами рух Жаратушылық рухпен рухтанады. Қарапайым адами рух өзінің болмысынан алшақтап, барынша асқақтай түсуі тиіс.

3. Адами рухтың өзі-ақ дінді адам руханиятының жоғарғы формасы ретінде деп бағалайтын көзқарастар бар. Ол үдеріс — рухтың объективтенген, абсолюттендірілген формасы ретінде де, адамзат танымының биік көрінісі ретінде де қабылдана береді. Дінді қолдамайтын философтардың өздері де, діннің бұқара халыққа, кейді мемлекеттік билікке, кейде, діни абыздарға қажеттілігі туралы пайымдаулар жасайды. Тым көне мифологиялық дәуірлерден бері әр түрлі формада сабақтасып келе жатқан діни сенімдер немесе діндер бүгінгі күні де өзінің өміршеңдігін көрсетіп келеді. Бірақ ғылыми рационалдылық дәуірінде діннің дүниетанымдық қызметі бәсеңдеді деуге де болады. Соған қарамастан діни ғана емес, дін философиясы діннің беделін төмендетпейді. Бірақ қарапайым бұқаралық сана мен дін философиясының арасында айтарлықтай айырмашылықтар да бар. Ал зайырлы қоғам діннің ролін төмендетпесе де, оған қарсы шықпаса да, қоғамдық саяси өмірге араласпауын қалайды. Міне, біз бұдан адами рухтың өзінің дінге деген, оны асқақтатуға деген әр түрлі деңгейлерін көре аламыз.

4. Адами рух барлық дүниенің Рухын қабылдаушы, терең түйсінүші болуы тиіс те болып шығады. Бірақ бұл дүние адамданған емес, құдайланған дүние кейпінде болады. Бұл — пантеизмде, алғашқы діни сенімдерде, шамандықта, буддизмде т.б. анығырақ байқалады. Адам рухы осы дүниені солай деп тануға және мойындауға бағдарланған болып шығады. Тіпті олай болмаса да, адам Құдай жаратқан дүниені мойындауы тиіс. Сондықтан да, адами рух та құдай туындысы болғандықтан, «олардың бәрі біртұтас жаратылыс» деген логикаға келіп тіреледі. Шеллингтің объективтілік пен субъективтіліктің парпарлығы туралы тұжырымға келіп жуықтайтын адами рухтың әлемдік рухпен тұтастығы туралы бұл бағдар, өзін-өзі танитын рухы, яғни, адам өзінің болмысы арқылы сыртқы дүниені тануға бағдарланған болып шығады. Бұл таным арнасын, мысалы, Г.Ф. Гегель философиясын талдаушылардың мынадай түсінігі арқылы дәйектеп қоюмызға болады: «әрбір тұлға әлемдік рухтың көрінісі бола тұра, абсолютті рухты тудыратын субъект болып табылады» [5].

Әдебиет:

1. Peterson, M., vd. Reason and Religious Belief: An Introduction to Philosophy of Religion. — New York: Oxford University Press, 2003. — 336 p.

2. Александров, А. А. Проблема человека в философии Гегеля: дис. ... докт. филос. наук. — Екатеринбург, 2004. — 407 с.
3. Ильин, И. А. Аксиомы религиозного опыта // <http://modernlib.ru>.
4. Пауль Тиллих. Избранное Теология культуры / пер. с англ. — М.: Юрист, 1995. — с. 479.
5. Гегель, Г. Ф. Философиялық ғылымдар энциклопедиясы // Әлемдік философиялық мұра: 20 томдық. Кант пен Гегельдің философиясы. — Алматы: Жазушы, 2006. — 8 т. — 520 б.

ПРОЧЕЕ

«Болашақ» университетіндегі халықаралық байланыстардың даму барысы

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Әлемдік жаһандану үдерісі жоғары оқу орындары арасындағы халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты дамыту қажеттілігін көрсетті. Университет бәсекеге қабілеттілігін шыңдауы үшін жаһандық нарық қажеттіліктеріне сүйенуі қажет. Бұл тұста «Болашақ» университетінің шет елдік әріптестермен тығыз жұмыс жасауы осы мақсаттарға жетелейді.

Университет ынтымақтастық бағытында құрылған күнінен бастап жұмыстар жүргізіп келеді. Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетімен басталған әріптестік, кейін Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университетімен бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Университет Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің Қызылорда филиалы жылдарында астаналық жоғары оқу орнының әріптестермен ынтымақтастық орнатты.

Тезис авторы «Молодой ученый» журналының арнайы шығарылымы барысында «Болашақ» университетінің халықаралық ынтымақтастық бағытындағы жетістіктерін баяндаған болатын [1]. Бүгінде университет ғылым мен білім шеңберіндегі халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты дамыту мақсатында 13 алыс, жақын шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтарымен келісім-шарт жасасқан:

1. Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университеті (Ресей);
2. Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университетінің Ереван филиалы (Армения);
3. Астрахань мемлекеттік университеті (Ресей);
4. Ресей Ғылым Академиясының клеткалар биофизикасының институты;
5. Ресей ғылым академиясының теориялық және эксперименталды биофизика институты;
6. Пущин мемлекеттік жаратылыстану-ғылыми институты (Ресей);
7. «Молодой ученый» баспасы (Ресей);
8. Украинаның Ұлттық Авиациялық университеттің Аэроғарыш институты;
9. Украина Ұлттық авиациялық университеті Аэронавигация институтының авионика кафедрасы;

10. Джалал-Абад Экономика және кәсіпкерлік университеті (Қырғызстан);

11. Мелака техникалық университеті (Малайзия);

12. Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ» ғылыми баспа орталығы (Чехия);

13. Шынжан педагогикалық университеті (Қытай).

Университет өзінің профессор-оқытушылар құрамының ғылыми еңбектерін кеңінен насихаттау мақсатында шетелдік ғылыми-баспа орталықтарымен де тығыз байланыс орнатқан. Мәселен, 2013 жылы «Болашақ» университеті Чехияның Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ», s.r.o. орталығымен келісім-шарт жасасты. Келісім-шарт негізінде университет орталықпен бірлесе отырып, 2014 жылы 4 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Университетпен келісім-шарт негізінде Ресейдің «Молодой ученый» баспасымен тығыз байланыс орнатылған. Бұл баспаның «Молодой ученый» атты журналының алғашқы арнайы шығарылымы 2013 жылдың қараша айында жарық көрді. 2014 жылы университет журналдың арнайы шығарылымы жобасы шеңберінде 4 санын шығарды. Оның ішінде «Қазіргі замандағы ғылым және инновациялар — I, 2» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференциялар материалдары журналдың 1.2, 4.1 сандарында жарияланды. Студенттердің ғылыми жұмыстарын халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында журналдың ақпан айындағы 2.1 нөмірінде олардың ғылыми мақалалары басылып шықты.

2015 жылдың алғашқы тоқсанында арнайы шығарылымның 4 саны жарық көрді.

Университет профессор-оқытушылар құрамы шет елдік ғылыми журналдар, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында зерттеулері жарық көріп отырады.

Шет елдік басылымдарда 2012 жылы 6, 2013 жылы 68, 2014 жылы 73 ғылыми мақалалар жарық көрсе, 2015 жылдың алғашқы тоқсанында 2014 жылғы көрсеткіштен жоғары болатындығы байқалуда. Мақалалардың басым бөлігі РИНЦ базасына тіркелген басылымдар болып табылады. Университет профессор-оқытушылары рейтингісі жоғары Thomson Reuters, Scopus базаларына тір-

келген ғылыми журналдарға да мақалалары жарияланған. Бүгінде мұндай мақалалар саны 10-нан асып отыр (бар-лығының Хирш индексі бар), оның ішінде 2 журналдың импакт-факторы бар.

Әдебиет:

1. Насимов, М. О. «Болашақ» университетінің халықаралық ынтымақтастық бағытындағы жетістіктері // Молодой ученый. — 2015. — № 7–2 (87). — с. 76.

ИНФОРМАЦИЯ ОБ УНИВЕРСИТЕТЕ «БОЛАШАК»

Реализуя инициативы Главы государства Н.А. Назарбаева, университет «Болашак», имеющий 20-летний опыт подготовки кадров в области образования, бизнеса, инженерии, сельского хозяйства и других специальностей, стремится к удовлетворению потребностей работодателей в специалистах, обладающих логическим мышлением, способных адаптироваться к изменяющимся условиям мирового рынка в условиях глобализации. Прием в Университет осуществляется по государственным образовательным грантам и на договорной основе. Подготовка специалистов осуществляется по 42 специальностям бакалавриата и 6 специальностям магистратуры. Университет включает 3 факультета, 10 кафедр, 2 колледжа.

Как учебное заведение Университет видит свою миссию не только в передаче имеющихся знаний, но и наработке новых знаний на основе достижений науки. При таком подходе в научный поиск вовлечены не только преподаватели, но и большинство студентов, а также магистранты университета. Сегодня Университет «Болашак» является исследовательским университетом инновационного типа.

Университетом проводится работа по созданию и внедрению совместных образовательных программ с зарубежными вузами. Так, с целью творческого сотрудничества университет подписал договора о сотрудничестве с Аэрокосмическим институтом, институтом Аэронавигации Национального авиационного университета Украины, Федеральным государственным бюджетным образовательным учреждением высшего профессионального образования «Московским государственным университетом экономики, статистики и информатики (МЭСИ)», университетом Экономики и предпринимательства (Кыргызстан), научно-издательским центром «Социосфера» (Чехия), издательством «Молодой ученый» (Россия) и т.д. В договорах рассматриваются конкретные мероприятия по развитию сотрудничества в области учебно-методической и научно-исследовательской деятельности; повышению квалификации и организации стажировок профессорско-преподавательского состава; а также по реализации совместных образовательных программ бакалавриата и магистратуры.

Увеличивается количество зарубежных публикаций ППС, в том числе в научных изданиях с высоким импакт-фактором базы Томсон Рейтер. За 2013 год за рубежом опубликовано свыше 68, за 2014 около 80 научных статей ППС университета. Основные результаты исследования опубликовались в России, Чехии, Польше, Болгарии, Германии, США, Пакистане, Южной Кореи, Испании, а также в рецензируемых журналах, которые имеют SJR (Scopus, Elsevier и т.д.).

INFORMATION ABOUT «BOLASHAK» UNIVERSITY

Realizing initiatives of the Head of state N. A. Nazarbayev, the «Bolashak» University having 20 years' experience of training in the field of education, business, engineering, agriculture and other specialties for Kyzylorda area, achieves for satisfaction of needs of employees in the experts of possessing logical thinking, capable to adapt for changing conditions of the world market in the conditions of globalization. The university train 42 specialties of a bachelor degree, 6 specialties of a master. It includes 3 faculties, 10 departments and 2 colleges.

The university predict its mission not just having the knowledge as an institution, but also having the new achievements in sciences. In research not only the teachers are involved, but also students and masters of university. As a result, today «Bolashak» University is one of the innovation types of research work.

The presence of the international joint educational programs by university is conducted work on creation and introducing the joint educational programs with foreign high schools. For example, university has signed the agreement on cooperation with Aerospace institute and institute to Aeronavigations National aircraft university of the Ukraine, has signed the agreement on strategic partnership with Federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)» and Erevan branch of the federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)», one more agreement is signed in this year about cooperation between university «Bolashak» and university of the Economy and enterprise (Kyrgyzstan), with press «Young scientist» (Russia). Permanent cooperation is provided in agreement between university in the field of scholastic-methodical, research and cultural activity; in increasing of the qualifications and organizations of the periods of trial professorial-teaching composition; in realization of the joint educational programs bachelors and the masters.

The quantity of foreign press of teaching staff is improving. 68 articles of teaching staff are published in foreign countries like Russia, Czechia, Poland, Bulgaria, Germany, Pakistan, the South Korea, Spain in 2013 year and in 2014 year about 80 articles.

There are many articles which are published in reviewed journals like SJR (Scopus, Elsevier etc). The results of scientific research work of professor-training staff is actively being developed and implemented in the educational process.

Молодой ученый

Научный журнал
Выходит два раза в месяц

№ 19.2 (99.2) / 2015

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Ахметова Г. Д.

Члены редакционной коллегии:

Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Авдеюк О. А.
Айдаров О. Т.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Жураев Х. О.
Игнатова М. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кузьмина В. М.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матроскина Т. В.
Матусевич М. С.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенцов А. Э.
Сенюшкин Н. С.
Титова Е. И.
Ткаченко И. Г.
Фозилов С. Ф.
Яхина А. С.
Ячинова С. Н.

Ответственные редакторы:

Кайнова Г. А., Осянина Е. И.

Международный редакционный совет:

Айрян З. Г. (Армения)
Арошидзе П. Л. (Грузия)
Атаев З. В. (Россия)
Бидова Б. Б. (Россия)
Борисов В. В. (Украина)
Велковска Г. Ц. (Болгария)
Гайич Т. (Сербия)
Данатаров А. (Туркменистан)
Данилов А. М. (Россия)
Демидов А. А. (Россия)
Досманбетова З. Р. (Казахстан)
Ешиев А. М. (Кыргызстан)
Жолдошев С. Т. (Кыргызстан)
Игиснинов Н. С. (Казахстан)
Кадыров К. Б. (Узбекистан)
Кайгородов И. Б. (Бразилия)
Каленский А. В. (Россия)
Козырева О. А. (Россия)
Колпак Е. П. (Россия)
Куташов В. А. (Россия)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (Украина)
Нагервадзе М. А. (Грузия)
Прокопьев Н. Я. (Россия)
Прокофьева М. А. (Казахстан)
Рахматуллин Р. Ю. (Россия)
Ребезов М. Б. (Россия)
Сорока Ю. Г. (Украина)
Узаков Г. Н. (Узбекистан)
Хоналиев Н. Х. (Таджикистан)
Хоссейни А. (Иран)
Шарипов А. К. (Казахстан)

Художник: Шишков Е. А.

Верстка: Голубцов М. В.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.

Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.

E-mail: info@moluch.ru

http://www.moluch.ru/

Учредитель и издатель:

ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, 25